

Білім беруді дамыту орталығы

**10-11-сыныптарға арналған
«Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі»
таңдау курсының бағдарламасы**

Орал, 2021

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының
Білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып,
облыс педагогтеріне таратуға ұсынылды.

Хаттама №1 26.02.2021 жыл

Құрастырушылар:

С.У.Нурсапина

№41 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
біліктілік санаты педагог-зерттеуші мұғалімі

С.А.Беккужиева

№41 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
I санатты мұғалімі

Пікір жазғандар:

А.Б.Қайыров

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің доценті, ф.ғ.к.

Г.С.Иманиязова

№41 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
біліктілік санаты педагог-зерттеуші мұғалімі

Бұл 10-11-сыныптарға арналған таңдау курсы бағдарламасында оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін практикада дамыту мақсатында тиімді әдіс-тәсілдер, шығармашылық тапсырмаларды пайдалану жолдары берілген. Әдістемелік құралдың оқушылар үшін коммуникативтік міндеттерге сәйкес саналы түрде тандап алынған дағдыларды дамытып жетілдіруде көмегі зор.

Ұсынылып отырған таңдау курсын қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері көмекші құрал ретінде пайдалануларына болады.

Мазмұны

Түсінік хат	4
10-сыныпқа арналған курс бағдарламасының мазмұны.....	7
Оқу-тақырыптық жоспар (10-сынып).....	8
10-сыныпқа арналған қысқа мерзімді жоспар.....	12
11-сыныпқа арналған курс бағдарламасының мазмұны.....	59
Оқу-тақырыптық жоспар (11-сынып).....	60
11-сыныпқа арналған қысқа мерзімді жоспар.....	64
Пайдаланылған әдебиеттер	110

Түсінік хат

Бағдарлама 10-11-сынып оқушыларына қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына негізделіп жасалды. Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете үйренгісі келген оқушылар пайдалана алады.

Ауызша мәтіндердің мазмұнын айта алу және жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы. Қазіргі уақытта оқушының бойындағы сауаттылығы пен өмірге қажетті құзырлылықтар жиынтығын дамытуға басты назар аударылады.

10-11-сынып - аптасына 1 сағат, барлығы - 34 сағат. Аталмыш бағдарлама оқушылардың ауызша-жазбаша тілін дамытуға көмек көрсетеді.

Қазақ тілі - мәдениеттің, өнер-білімінің ұлы қаруы, қазақ тілі мен әдебиетінің келешегі білім беру ұйымдарының қазіргі таңдағы оқытылу жайынан бастау алады. Осы тұрғыдан алғанда курс оқушының талабын ұштап, шығармашылық, тұлғалық шарықтауына мүмкіндік береді, интеллектуалдық деңгейін биіктетеді. Практикалық сабақта әр оқушының белгілі тақырыптардан өзінше жұмыс жасауына мән беріледі. Бұл оқушының қабілетін дамытады, белгілі тақырыптардан терең теориялық білім алып, оны іс жүзінде қолдануға дағдыландырады. Сонымен қатар оқушының білімді шала игерген тұстарын практика жүзінде нақтылауда атқаратын қызметі зор.

Курс бағдарламасының өзектілігі: Бұл бағдарлама оқушылардың ауызша-жазбаша тілін дамытуға көмек көрсетеді. Сонымен қатар болашақтағы мамандығына сәйкес алдарына қойған мақсаттарына, үлкен жетістіктер мен табыстарға жетуі үшін ауызша-жазбаша тілдерін дамытулары керек. Бұл бағдарлама - оқушылардың ойларын көркем жеткізе білулеріне, сауатты жазуларына, қазақ тілін тереңдете үйренулеріне көмекші құрал.

Курстың мақсаты - қазақ тілін жүйелі меңгерген, мазмұнды, мәнерлі сөйлеу дағдылары жетілген, коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлауы, ақпараттық, тілдік қарым-қатынасы дамыған тұлға қалыптастыруға мүмкіндік туғызу.

Курстың міндеттері;

- Теориялық білімдерін ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерінде орынды пайдалану;
- Мазмұнды, дұрыс, мәнерлі, таза, әсерлі, дәл, ауызша, жазбаша тілін жетілдіру;
- Түрлі стиль мен жанрда (пікір, аннотация, реферат, баяндама) тілдік норманы сақтап мәтін құрастыру;
- Монолог пен диалогта, тілдік қарым-қатынаста ойларын емін-еркін, көркем жеткізу;
- Кітап, газет-журналдан (қағаз, электронды түрде), ғаламтордағы қалыптан тыс көп материалдан өзіне керегін алу;
- Сөйлеу тілін бақылап, бағалап, тілдің дұрыстығын, қатесін тауып түзетіп, кемшілігін жойып, тілдерін жетілдіру;
- Оқушыларды ғылыми тұрғыдан жұмыстануға дағдыландыру;
- Мәдениетті, ой-өрісі жоғары, сенімді, адал адамдардың сөйлеу тілі де жоғары болуға тиістігін аңғарту.

Күтілетін

нәтиже.:

- Теориялық білімдерін ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерінде орынды пайдалана алады;
- Мазмұнды, дұрыс, мәнерлі, таза, әсерлі, дәл, ауызша, жазбаша тілдері жетіледі;

- Түрлі стиль мен жанрда (пікір, аннотация, реферат, баяндама) тілдік норманы сақтап мәтін құрастыра алады;
- Монолог пен диалогта, тілдік қарым-қатынаста ойларын емін-еркін, көркем жеткізеді;
- Кітап, газет-журналдан (қағаз, электронды түрде), ғаламтордағы қалыптан тыс көп материалдан өзіне керегін алады;
- Сөйлеу тілін бақылап, бағалап, тілдің дұрыстығын, қатесін тауып түзетіп, кемшілігін жойып, тілдерін жетілдіреді;
- Оқушылар ғылыми тұрғыдан жұмыстануға дағдыланады;
- Мәдениетті, ой-өрісі жоғары, сенімді, адал адамдардың сөйлеу тілі де жоғары болуға тиістігін түсінеді.

Курсқа қатысатын оқушыларға қойылатын талаптар:

- қазақ тілінде емін-еркін қарым-қатынас жасауға дағдыландыру;
- көркем шығармалардан үзінділер оқып, мазмұны бойынша талдау жасау;
- сауатты оқу, жазу, есте сақтау, қисынды ойлау қабілеттерін дамыту;
- сөздерден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем құрастыра алу керек;
- мәтіндегі сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажырата алу керек;
- мәтін қандай тәсілмен жазылғанын ажырата алу керек.

Оқушылардың үйренетін білім-білік, дағдылары:

Қарым-қатынас жасауды меңгеріп, түрлі стилдер мен жанрда мәтін құрастырады (пікір алысады, аннотация, реферат, баяндама) жазады.

Тақырып мақсатына, қарым-қатынас жағдайына байланысты тілдік құралдарды таңдап ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Түрлі монологтарды меңгереді (хабарлау, сипаттау, талдау) және диалог (өзара пікірлесуге, тұлғааралық қарым-қатынас жасауға).

Ауызша және жазбаша формада өз ойларын еркін, дұрыс жеткізеді. Мәтінді дұрыс құрастыру нормасын сақтайды (логикалық, бірізділік, байланысын, тақырыпқа сәйкестігін және т.б.).

Қоршаған ортада болып жатқан әрекеттерге, оқығанына, тыңдағанына, көргеніне және т.б. фактілерге дұрыс көзқараста болады.

Ауызша сөйлеу барысында қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің негізгі нормаларын орынды сақтайды (лексиканы, грамматиканы, жазуды, этикетті, дұрыс сөйлеуді).

Сөйлеу тілінде өзін-өзі бақылайды, өзінің басқамен қарым-қатынасын дұрыс бағалайды, грамматикалық, тілдік қателерді таба біледі, оны түзете, жетілдіре біледі және өзінің құрастырған мәтінін қайта түзете біледі.

Қазақ тілінен берілетін теориялық білімді практикалық жұмыстармен тығыз ұштастырып, тіліміздің өзіндік заңдылықтарын өздерінің ауызша, жазбаша жұмыстарында дұрыс сауатты қолданады.

Өтілген грамматикалық ережелердің негізінде мәтінмен жұмыс істейді. Фонетикалық ерекшеліктер, орфографиялық заңдылықтарды дұрыс танып, ұқсас формаларды бірден ажырату үшін салыстырып, талдау жұмыстарын жүргізеді. Жай талдау үлгісімен қатар талдаудың жаңа әдісі сатылай, кешенді талдау үлгілерін жүргізеді. Деңгейлік тапсырмалар орындайды.

Коммуникативтік міндеттерге сәйкес саналы түрде таңдап алынған дағдыларды дамытады және жетілдіреді (танымдық, байқау, зерделеу, іздену және т.б.) Оқушылар кітап, газет-

журналдардағы және электронды форматтағы мәтіндерді еркін түсініп оқып, стилін бағдарлай алады.

Оқушыларға баяндама жасауға дайындалу барысында және реферат тақырыбын таңдау бойынша материалдарды жинау және сұрыптау кезеңінде интернет-ресурстарын оқыу, белсенді пайдалану ұсынылады. Осыған байланысты оқушыларға заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиядағы кең тараған мәтінде негізі таныстырылады. Интернеттегі кең тараған мәтіндер интернет оқылым объектісі болып саналады. Сондықтан оқушылар интернеттегі басылымдарды оқып, мағынасын түсініп, іріктеп ала білулері қажет. Интернеттегі түрлі кең тараған мәтіндерді түсініп оқып, өзіне қажетті ақпаратты ала білуге, желілік алаңда басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білуге үйренеді. Бұл алдағы уақытта қашықтықтан жоғары білім алуға, электронды оқулықтарды, анықтамаларды пайдалана білуге және көркем сөйлеп, жаза білуге жетелейді.

Сонымен бұл курс оқушылар деңгейін жалпы мәдениеттілікке, жетістікке жеткізеді. Ақпараттық коммуникациялық технологияны еркін меңгерген және жоғарғы мектеп білім мекемелерінде білімдерін жалғастыра білуге көмектеседі. Осыған байланысты курстағы сабақтарда коммуникативті оқыту білігін қалыптастыруға үлкен мән беріліп отыр. Жоғарғы сынып оқушылары электронды пошта, электронды конференция, желілік сынып (чат), файл айырбастау және т.б. түрлі қарым-қатынас жасау формаларын меңгереді. Сонымен қатар өзін-өзі тексеретін тесттер, қарым-қатынас жасауға бағытталаған түрлі тапсырмалар, интербелсенді мәтіндері және анықтамалық материалдары бар электронды оқулықтардағы мәтіндерді бірге ұсынып отырмын.

Сабақта сыныптастарының баяндамасын тыңдап, тыңдағаны бойынша кесте, жоспар, сызба құрастырып, конспект жазып, талдау жасап, дәлелдей алады. Тыңдаған баяндамасына басқа ақпараттан естіген дәлелді мысалдарын келтіріп, құптайды немесе құптамайды. Құптамаған жағдайда мысал келтіріп, ойын дәлелдейді. Мұндай жағдай оқушының көркем сөйлеуін және сауаттылығын жетілдіреді.

Нәтижесінде оқушы өз білімін, білігін, дағдысын, ойлау қабілетін, көркем сөйлеп, сауатты жаза білу қабілетін жетілдіреді. Сыни ойлап, дұрыс мақсат қоя білуге, ойын мысал келтіріп, жүйелі, дәлелді жеткізе білуге үйренеді. Мәтінді түзетуге, бағалай білуге, баяндама жасап, жиналыстарда көпшілік алдында сөйлей білуге, пікір алысуға, монолог, диалогта этикалық норманы сақтап сөйлесуге үйренеді. Бағдарлама 34 сағатқа құрылған. Оның 4 сағаты бақылау жұмысына, 1 сағаты кіріспеге, 1 сағаты қорытынды бақылау жұмысына арналған.

10-сынып оқушының білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар:

Оқушылар нені білу керек:

- қазақ тіл білімінің салалары бойынша барлық ережелерді ;
- білгенін практика жүзінде іске асыра алуды;
- талдау машығының жоғары болуы;
- орфографиялық заңдылықтарды терең меңгеру;
- салыстыра алу қабілетінің басым болуы.

Оқушылар нені үйрену керек:

- тіліміздің өзіндік заңдылықтарын өз жұмыстарында сауатты қолдану;
- грамматикалық ережелер негізінде мәтінмен жұмыс істеу;
- сауатты талдау қолданып, бірігіп жұмыс істеу.

10-сыныпқа арналған таңдау таңдау курсы бағдарламасының мазмұны

«Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі» атты таңдау курсының мазмұны оқушыға қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту, оқушыны өз ойын түсінікті жеткізуге үйрету, тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау мақсатын көздеді. Мазмұны негізгі ІХ бөлімге жіктелді.

1. Стилль түрлері (4 сағат). Кіріспе. Стилль түрлері, заманауи қазақ тілі мен әдебиеті. Ауызекі сөйлеу стилі. Ауызекі сөйлеу стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау. Ауызекі сөйлеу мәдениеті.

2. Көркем әдебиет стилі(4 сағат). Көркем әдебиет стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау. Әдеби тіл және оның нормалары. Бейнелеу өнерінің көркем әдебиет мәтіндеріндегі қолданылуы. Практикалық жұмыс (Ауызекі сөйлеу және көркем әдебиеті стилі тақырыптарына).

3. Ресми іс қағаздары стилі (5 сағат). Ресми іс қағаздары стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау. Публицистикалық стилль. Публицистикалық стилдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау. Жиналыста сөйлеу. Практикалық жұмыс (ресми іс қағаздары және публицистикалық стилі тақырыптарына).

4. Ғылыми стилль(4 сағат). Ғылыми стилдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау. Ғылыми стилінің негізгі жанрлары: баяндама, мақала, хабарлама, аннотация, рецензия, реферат, тезис, конспект, әңгімелесу, дискуссия. Практикалық жұмыс (ғылыми стилі тақырыбына).

5. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі (5сағат). Мәтін және сөз мағынасын білу. Мәтіндегі кейіпкерлер сөзі мен әр сөздің мағынасына мән беру, үлгі бойынша жазбаша пікір білдіру. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі ерекшелігі: (дауыс ырғағы, интонация), тыңдау, көру. Ауызша сөйлеу тілі (монолог және диалог) Сөйлеу мәдениетін техникалық коммуникациялық құралдарда қолдану (телефон, компьютер, телефакс, электронды пошта және т.б.). Дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу шарттары. Сөз қолданудың негізгі принциптері Сөз, сөз тіркесі, сөйлем. Талдау.

6. Мәтінмен жұмыс (5сағат). Мәтінмен жұмыс (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым). Оқылым. Кітаппен және басқа ақпарат құралдарымен жұмыс істеу тәсілдері. Тыңдалым. Пікірталас. Риторика. Ойлау және айтылым. Жазылым ерекшелігі. Тыңдаған мәтіндегі ойды жаза білу. Желілік, дискуссия, интернеттегі тақырыптық конференцияларда жазбаша қарым-қатынастың негізгі ережелерін сақтау. Практикалық жұмыс. Шығармашылық жазу жұмыстары (хат, күнделік және т.б.) жазба жұмыстары.

7. Көркем шығарма(3сағат). Мақал-мәтелдер, нақыл-өсиет сөздердің шындығы. Екі топқа бөліну, пікірталас ұйымдастыру. Көркемдегіш құралдар. Теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме, кейіптеу, сипаттау. Жазушылар шығармаларынан іздестіру. Өмірбаян. М.Мақатаев «Менің өмірбаяным» өлеңі. Өз өмірбаяндарын жазу.

8. Мәтіндегі негізгі ой(3сағат). Мәтіндегі негізгі ой, жоспар құру. Синоним,омоним. Сөз қолдану мәдениеті мен жазу мәдениетінің байланысы. Грамматикалық, мағыналық, интонациялық принциптер. Орфография, орфоэпия. Сөзді дұрыс айту, дұрыс жаза білу жолдары.

9. Қорытынды сабақ(1 сағат). Практикалық жұмыс. Тест. Қайталау.

Оқу-тақырыптық жоспары. 10-сынып

№	Мо- дуль	Тақырыбы	Саға- т саны	Сабақ- тың өткізілу түрі	Шығарма- шылық жұмыс	Мерзі- мі
1	Стиль түр- лері	Кіріспе. Стиль түрлері. Заманауи қазақ тілі мен әдебиеті	1	Әңгімелесу сабағы	Түсіндіру, сұрақ-жауап	
		Ауызекі сөйлеу стилі	1	Әңгімелесу сабағы	Жеке жұмыс, түсіндіру	
		Ауызекі сөйлеу стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау	1	Әңгімелесу		
		Ауызекі сөйлеу мәдениеті	1	Әңгімелесу	Түсіндіру, сұрақ – жауап, топпен жұмыс	
2	Көр- кем әде- биет стилі	Көркем әдебиет стилі	1	Көркем әдебиет туралы мәліметтер	Реферат дұрыс қолдану	
		Көркем әдебиет стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау.	1	Мәтінмен жұмыс	Жұппен жұмыс, аударма	
		Әдеби тіл және оның нормалары Бейнелеу өнерінің көркем әдебиет мәтіндеріндегі қолданылуы.	1	Мәтінмен жұмыс	Жұппен жұмыс, аударма	
3	Ресми іс қағаз- дары стилі	Практикалық жұмыс (Ауызекі сөйлеу және көркем әдебиеті стилі тақырыптарына)	1	Сұхбат, салыстыру	Түсіндіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс	
		Ресми іс қағаздары стилі	1	Мәтінмен жұмыс	Жарыс, топпен жұмыс	
		Ресми іс қағаздары стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау.	1	Практикалық сабақ/презентация	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
		Публицистикалық стиль	1	Практикалық	Талдау, сұрақ-жауап	

				сабақ/сайыс		
4	Ғылыми стиль	Публицистикалық стилдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау. Жиналыста сөйлеу.	1	Практикалық сабақ	Пікір алмасу	
		Практикалық жұмыс (ресми іс қағаздары және публицистикалық стилі тақырыптарына)	1	Практикалық сабақ/Мәтінмен жұмыс	Түсіндіру	
		Ғылыми стиль	1	Қазақ тілі туралы мәліметтер	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
		Ғылыми стилдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау.	1	Практикалық сабақ	Талдау, сұрақ-жауап	
		Ғылыми стилінің негізгі жанрлары: баяндама, мақала, хабарлама, аннотация, рецензия, реферат, тезис, конспект, әңгімелесу, дискуссия.	1	Сұхбат		
		Практикалық жұмыс (ғылыми стилі тақырыбына)	1			
5	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі	Мәтін және сөз мағынасын білу. Мәтіндегі кейіпкерлер сөзі мен әр сөздің мағынасына мән беру, үлгі бойынша жазбаша пікір білдіру.	1	Сұхбат, презентация	Түсіндіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс	
		Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі ерекшелігі (дауыс ырғағы, интонация), тыңдау, көру.	1	Салыстыру	Реферат дұрыс қолдану	
		Ауызша сөйлеу тілі (монолог және диалог) Сөйлеу мәдениетін техникалық коммуникациялық құралдарда қолдану (телефон, компьютер, телефакс, электронды пошта және т.б.).	1	Мәтінмен жұмыс	Жұппен жұмыс, аударма	
		Дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу шарттары.	1	Көп мағыналы сөздер	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	

		Сөз қолданудың негізгі принциптері. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем. Талдау	1	Викторина	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
6	Мәтінмен жұмыс	Мәтінмен жұмыс (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым)	1	Сұхбат	Топпен жұмыс	
		Оқылым. Кітаппен және басқа ақпарат құралдарымен жұмыс істеу тәсілдері	1	Презентация	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
		Тыңдалым. Пікірталас	1	Сұхбат, презентация	Шығармашылық жұмыс/эссе жазу	
		Риторика. Ойлау және айтылым. Жазылым ерекшелігі. Тыңдаған мәтіндегі ойды жаза білу. Желілік, дискуссия, интернеттегі тақырыптық конференцияларда жазбаша қарым-қатынастың негізгі ережелерін сақтау.	1	Мәтінмен жұмыс/мақал-мәтелдер	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
		Практикалық жұмысы. Шығармашылық (хат, күнделік және т.б.) жазба жұмыстары.	1	Өлеңдерді талдауы	Сұрақ-жауап	
7	Көркем шығарма	Мақал-мәтелдер, нақыл-өсиет сөздердің шындығы. Пікірталас.	1		Әңгімелесу	
		Көркемдегіш құралдар. Теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме, кейіптеу, сипаттау. Жазушылар шығармаларынан іздестіру	1	Прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу	Сұрақ-жауап	
		Өмірбаян М.Мақатаев «Менің өмірбаяным» өлеңі. Өз өмірбаяндарын жазу	1	Негізгі идеясы, теңеу, эпитет, метафора	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
8	Мәтіндегі негізгі ой	Мәтіндегі негізгі ой, жоспар құру. Синоним, омоним	1			
		Сөз қолдану мәдениеті мен жазу	1			

		мәдениетінің байланысы Грамматикалық, мағыналық, интонациялық принциптер				
		Орфография, орфоэпия. Сөзді дұрыс айту, дұрыс жаза білу жолдары	1			
9	Қоры тын ды сабақ	Практикалық жұмыс. Тест				
		Қайталау	1			

Қысқа мерзімді жоспар
10-сынып

Тақырыбы 1	Кіріспе. Стиль түрлері. Заманауи қазақ тілі мен әдебиеті	
Мақсаты:	Сауатты сөйлеуге, жазуға дағдыландыру, шығармашылық ізденіске бағыттау	
Күтілетін нәтиже	Сауатты сөйлеуге, жазуға дағдыланып, шығармашылық ізденісте болады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Тірек сызбалар, кестелер, кәртішкелер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Жаргонмен мәтін, диалог тыңдайды. Неге бұлай сөйлейді? Нені білу керек? Стиль түрлерін және оны талдай білу керек. Стильдің қандай түрлерін білесіңдер? Стильді неге білу керек деп ойлайсыңдар? Стиль дегеніміз не? Оған қанда анықтама бересіңдер?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Оқыңдар, қай стиль түріне жататынын табыңдар. Қалай анықтадыңдар?	Оқиды. Айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестері қай стильде қолданылады (немесе 1 сөз, сөз тіркесі барлық стильде қолданылуы мүмкін), топтастырыңдар. Әр стильдегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, мәтін (диалог) құрастырыңдар.	Мәтін құрастырады.
Қолдану	3-тапсырма. Сөздердің қай стильге жататынын топтастырып жазыңдар. Достарыңа спорт жарысына қатысатындарың туралы әңгімелеу. Хабар каналы жастардың зияткерлік ойыны туралы репортаж жүргізу. Ғалым микробиолог конференциясында өз зерттеуі нәтижесі бойынша сөз сөйлеу. Өндіріс бөлімі орынбасары директорға тауарды тексергеніне есеп дайындайды. Ақын мерекеге өлең арнайды.	Әңгімелейді. Репортаж жүргізеді. Сөз сөйлейді. Есеп дайындайды. Өлең жазады.
Талдау	4-тапсырма. Сүйікті ертегі бойынша криминальді хроника жазу. Жазғы демалыс қауіпсіздігіне нұсқау хат жазу. 1. Жұмыс барысында қандай әрекет жасау керек екенін анықтау; 2. Оларды кезеңімен орналастыру; 3. Әр кезеңдегі әрекетте қыстырма сөздерді қолдану (біріншіден). Қысқа, нақты жазу.	Хроника жазады.

	5-тапсырма. 1 топ. Мақал-мәтел айтады 2 топ. Мағынасын түсіндіріп дәлелдейді.	Мақал-мәтел айтады, мағынасын түсіндіреді.
Жинақтау	Тест сұрақтары «Бауырсақ» ертегісін 4 стильде (әр топ) жазады.	Тест сұрақтарына жауап береді. Ертегіні әр стильде жазады.
Бағалау	Стиль түрлерін білу керек, себебі ...	Стиль түрлерін үйрену қажеттілігін айтады.
Рефлексия	«Бағдаршам» Қызыл түс – түсінген жоқпын; Сары түс – әлі де практика қажет/ сұрақтар бар; Жасыл түс – барлығы түсінікті.	Оқушылар түсінбеген жерлері мен сұрақтарын стикерге жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 2	Ауызекі сөйлеу стилі	
Мақсаты:	Ауызекі сөйлеу стилі туралы түсінік беріп, түрлі әдістерді пайдаланып, балаларды тапқырлық, жылдамдық, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	
Күтілетін нәтиже	Ауызекі сөйлеу стилі туралы түсінеді, түрлі әдістерді пайдаланып, тапқырлық, жылдамдық, есте сақтау қабілеттерін арттырады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндірмелі, талдау, ойтолғау, сұрақ - жауап, шығармашылық іздену.	
Қолданылатын ресурстар	Интербелсенді тақта, слайдтар көрсетемін, плакат, маркерлер, стикерлер. кеспе қағаздар, қосымша материалдар, т. б	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Адамның сөйлеу мәдениеті – оның ішкі жан-дүниесінің айнасы. (В.А.Сухомлинский) Сөзді дәл, нақты айту – сөйлеу мәдениетінің заңы. (Л.Н.Толстой) Оқушыны жетектейтін карта. Ассоциация (қағазға әр оқушы жазады) Ерекшелігі, дауыс ырғағы, лексика, сөздің жасалуы, морфология, синтаксис.	Оқушылар ойларын ортаға салып талқылайды топта талқылайды. Бірін-бірі толықтырады. Диалект-жаргон сөздерді айтады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, сұраулы сөйлемдер құрастырады. Өзара сөйлеседі. Тақырыпшаларға бөліп, мәтін мазмұнын өз сөйдерімен айтады. (Талдау ерекшелігі, дауыс ырғағы, лексика, сөздің жасалуы, морфология, синтаксис.) Ауызекі сөйлеу стилі Мақсаты: Кеңесу, көзбе-көз тілдесу мен пікірлесу, ой бөлісу	Мәтінді мұқият оқып, сөйлемдер құрастырады. Сөйлеседі. Түсінгендерін айтады. Талдайды.

	Қолданылу аясы: Еркін әңгіме-сұхбат, дауласу, көпшілік алдында сөйлеу кезінде қолданылады. Стильдік сипаты: Сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізілуі. Ым - ишара қолдану Білдім(І), мен үшін жаңа(ІІ), басқаша деп ойладым(ІІІ), түсінбедім, білгім келеді(ІV) Әр топ оқиды, басқалары тыңдайды. Оқушылардың түсінбегенін, білгісі келетінін мұғалім түсіндіреді.	
Түсіну	2-тапсырма. Сұраққа жауап беру. Кесте толтыру. Балалар, сонымен біз не туралы айтып жатырмыз? Ақпараттық, сендіру, шақыру, көңіл көтеру сөйлеу тілдерімен кесте толтырады. Кәртiшкемен жұмыс	Сұраққа жауап береді. Кесте толтырады. Кәртiшкемен жұмыс істейді.
Қолдану	<u>3-тапсырма.</u> Кәртiшкелердегі мәтіннің стилін анықтаңдар. а) Тапсырмадағы сөйлеу өнеріне байланысты пікірлердің авторын табу. ә) Автор жөнінде деректер айту. б) Стиль түрлерін анықтау. Сөйлемдерді ауызекі сөйлеу стилінің түрлеріне қарай талдаңдар. 4-тапсырма. Мәтінді түзету.	Стильді анықтайды. Кәртiшкемен жұмыс істейді. Мәтінді түзетеді.
Талдау	5-тапсырма. Ауызекі сөйлеу стилінде түсіндір. Асты сызылған сөздердің ерекшелігін анықта.	Түсіндіреді. Сөздердің ерекшелігін анықтайды.
Жинақтау	6-тапсырма. Ұнтаспадан ауызекі сөйлеу тілі үлгілерін оқушыларға тыңдата отырып, күнделікті тіршіліктегі ауызекі сөйлеу тілінен гөрі әдеби норманың сақталатындығы, тақырыбы әр түрлі болып келетіндігі талқыланады. Автор орындығы. Күнделікті тіршіліктегі ауызекі сөйлеу стилі туралы, оның маңызы туралы ойларын білу.	Тыңдайды. Талқылайды. Тыңдайды. Ойларын айтады.
Бағалау	Әдеби тіл және оның нормасының мәтінмен байланысын айқындаңдар.	Әдеби тілдің мәтінмен байланысын айқындайды.
Рефлексия	Сабақта не түсіндік? Не білдік? Не үйрендік?	Оқушылар стикерлерге бүгінгі сабаққа қорытынды ойларын жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 3	Ауызекі сөйлеу стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы	
Мақсаты:	Ауызекі сөйлеу стилінде жазылған мәтіндерді ажыратып, талдай білу. Ауызекі сөйлеу стилінің тілдік құралдарын пайдалана отырып, соған байланысты мысалдарды келтіре алу.	
Күтілетін нәтиже	Ауызекі сөйлеу стилінде жазылған мәтіндерді ажыратып, талдай біледі. Ауызекі сөйлеу стилінің тілдік құралдарын пайдалана отырып, соған байланысты мысалдарды келтіре алады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, түрлі тапсырмалар баяндау	
Қолданылатын ресурстар	Тіл туралы нақыл сөздер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ауызекі сөйлеу тілінің мақсаты қандай? Қолданылу аясын айтыңдар. Сөйлеу тілінің бұл сипаттарын жазушылар көркем әдебиетте кейіпкердің бейнесін ашып, мінезін таныту мақсатында әдейі пайдаланады. Ауызекі сөйлеудің өзіндік ерекшелігі – адамдар ойын еркін жеткізеді. Мысалы: ...	Ойланады. Мысал келтіреді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді оқып, диалект және кәсіби сөздерді табыңдар. Сөйлеу тілінің әр түрлілігімен қоса, олардың лексикалық құрамына назар аударайық. Жоғарғы диалогте лексикалық құрам қарапайым сөздерден тұрса, төменгі диалогте тұрпайы сөздерден тұрады. Яғни сөйлеу тілі лексикасына тән сөздерге қарапайым сөздер, тұрпайы сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер жататындығын айтамын. Мысалдарды оқытып, диалект және кәсіби сөздерді табу қажет.	Оқиды. Диалект және кәсіби сөздерді табады.
Түсіну	2-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, көп нүктенің орнына өз ойларын жазады. Күнделікті өмірдің барлық саласында сөйлеу тілі кеңінен қолданылатындықтан, ауызекі сөйлеу стилі бірнеше түрге бөлінеді: ... 3-тапсырма. Мәтіннен теңеу, метонимия, метафора, эпитет, әсірелеу, мақал-мәтел, тұрақты тіркес сөздерді тауып, кестені толтыру. Мәтіндегі сөйлем. Ауызекі баяндау өзгерістері	Оқиды. Көп нүктенің орнына өз ойларын айтады. Кесте толтырады.
Қолдану	4-тапсырма. Мәтінді оқып, стилін анықтап, диалог иелерінің мақсатын айқындап, оқиғаны	Өздерінің білетін мақал-мәтелдер, жазған нақыл

	өздеріңше аяқтаңдар. Өздерінің білетін мақал-мәтелдер, нақыл сөздерін жазады. Оны күнделікті ауызекі стилінде қалай пайдаланатындарын жазады.	сөздерін естеріне түсіреді. Ол сөздерді қалай пайдаланып жүргендері туралы айтады.
Талдау	5-тапсырма. Ойды жалғастырыңдар. Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктері, қолданылуы ... (ассоциация, сипатта, орыс тілімен салыстыр, ерекшелігін айт, тіл мәртебесін асқақтату үшін өз ұсынысыңды айтып, фактілермен дәлелде).	Ойды жалғастырады. Талдайды. Дәлелдейді.
Жинақтау	«Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген тақырыпта ауызекі сөйлеу стилінде әңгіме жазыңдар.	Әңгіме жазып, топта оқиды, ең үздік әңгімені тақтада оқиды.
Бағалау	Мен қазақ тілінде сөйлеп, үнемі қазақша қажетті материалдарды тыңдап үйренемін, себебі ...	Қазақ тілін не үшін үйреніп жүргендерін айтады.
Рефлексия	Смайликтер Барлығы түсінікті; Жартылай түсінікті; Түсінген жоқпын.	Оқушылар жартылай түсінгендерін, түсінбегендерін жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 4	Ауызекі сөйлеу мәдениеті	
Мақсаты:	Оқушылардың сөйлеу мәдениеті туралы алған білімдерін жетілдіру. Оқушыларды жылдам ойлауға, кез келген кедергіден өтіп, пікірін еркін білдіре білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылардың сөйлеу мәдениеті туралы алған білімдері жетіледі. Оқушылар жылдам ойлауға, кез келген кедергіден өтіп, пікірін еркін білдіре білуге дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, түсіндіру	
Қолданылатын ресурстар	Кітаптар , қосымша материалдар интерактивті тақта, слайдтар, кесте,	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	- Балалар, сөйлеу мәдениеті дегеніміз не? - Сөйлеу мәдениеті деп - қазақ тілін дұрыс және орынды қолдану. Әдеби тіл - дұрыс сөйлеудің үлгісі. Мақалдын мағынасын қалай түсінгендерін сұрау. «Әдеп басы – тіл» деп неліктен айтады?	Ойланады. Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы. Сұрақтарға жауап беріңдер.	Оқиды. Ойланады. Сұраққа жауап береді.

	Мәтінге ат қой. Әдептілікке байланысты қандай сөздер білесің? Оларды сөйлеу кезінде пайдаланасың ба?	
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын айтады. Нені басшылыққа алып, дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу керектігін айтады.	Оқиды. Мәтін мазмұнын айтады.
Қолдану	3-тапсырма. Кез келген әдеби шығарма мазмұнын жазады және әңгімелеп береді. Дұрыс сөйлеу, дұрыс жазуды қалай пайдаланғанын айтады. Қандай жағдайда ойларыңды жеткізу (жазбаша немесе ауызша) қиын болғанын айтыңдар.	Әдеби шығарма мазмұнын айтады. Жазады.
Талдау	4-тапсырма. Ойды жалғастырыңдар Дұрыс сөйлеу дегеніміз... Дұрыс жазу дегеніміз... Мен дұрыс сөйлеп, дұрыс жазамын, себебі ... Мен дұрыс сөйлеп, дұрыс жазатынымды.... дәлелдей аламын.	Ойды жалғастырады.
Жинақтау	5-тапсырма. Сұраққа жауап жазу Көркем сөз несімен көркем? деген сұраққа толық жауап жазыңдар. Ойларыңды мақал-мәтелдермен және нақыл сөздермен қорытындылаңдар.	Сұраққа толық жауап жазады. Қорытынды жасайды.
Бағалау	Көркем сөйлеп үйрену өте қиын болса да, көп еңбектеніп үйреніп жүрмін, себебі ...	Не үшін дұрыс сөйлеп, дұрыс жазып үйреніп жүргенін айтады.
Рефлексия	Стикерге жазыңдар. Не оңай болды? Не қиын болды? Не білгіңіз келді?	Не қиын болғанын, нені білгісі келетіндерін стикерге жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 5	Көркем әдебиет стилі
Мақсаты:	Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін танып, оны шығармашылық жұмыстарында қолдану. Көркем тәрбие алуға ұмтылу. Эстетикалық талабын қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже	Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін таниды, оны шығармашылық жұмыстарында қолданады. Көркем тәрбие алуға ұмтылады. Эстетикалық талабын қалыптастырады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап, ой ашу, кубизм, топтастыру, аялдамамен оқу.
Қолданылатын ресурстар	Тірек сызбалар, кестелер, кәртiшкелер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер. Интербелсенді тақта, маркер, қанатты сөздер, оқулық.

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	1-тапсырма. Нақыл сөздердің мағынасын түсіндіреді. Айтпаған сөзіңнің қожасысың, айтылған сөздің құлысың. (Омар Хаям) Қылыш бір адамды өлтірсе, ал жаман сөз барлық адамды өлтіреді. Жақсы сөзден әлем жарқырайды. Қашқан атты қуып жетесің, ал айтылған сөзді қуа алмайсың. Сен үшін сөзіңнің құндылығы неде?	Ойланады. Түсіндіреді. Сұраққа жауап береді.
Білу	2-тапсырма. Сөздік жұмыс. Сәйкестендір. Оқушыға мәтін таратамын Бұл қандай стильдегі мәтін? Дәлелде.Ерекшелігі қандай? Жаңа нені білдіңдер? Ауызекі стиль; кітаптағы сөздер мен сөз тіркестері; бірыңғай мүшелер, құрмалас сөйлемдер; көркемдегіш құралдар(әр түспен бояйды)	Сәйкестендіреді. Мәтін құрастырады. Талдайды.
Түсіну	3-тапсырма. Осы жайлар көркем әдебиеттің ерекше баяндалу мәнерін – стилін қалыптастырады. Көркем әдебиет стиліне тән ерекшелік мыналар: Оқушы көркем әдебиет стилі жайлы аялдама стратегиясы арқылы танысады.	Тапсырма орындайды.
Қолдану	4-тапсырма. Жәй мағыналы және мағынасы терең сөздермен сөйлемдер, диалог құрастыру. Фразаны жалғастыр.	Сөйлемдер құрастырады. Диалог құрастырып, өзара сөйлеседі.
Талдау	5-тапсырма. Кубизм. Интербелсенді тақтада 4 ұяшық беріледі. Әр топ өзіне ұнаған ұяшықты таңдап алады. Оқушылар ұяшықта алдын-ала жасырынған тапсырмалар бойынша жұмыс жасайды. Ауызекі мәтінді, көркем мәтінге ауыстыр Қысқа мәтінді оқып, көркем әдебиетке тән ерекшеліктерін көрсет, негізгі ой қандай? Жағдаят. Жазған мәтіннің ерекшелігі қандай? Оқиғаны баяндау үшін қандай сөздер пайдаландың? Мәтін авторы болып, оқырманның сезімі мен ойына әсер ету оңай болды ма?	Тапсырмалар орындайды. Жазады. Сұрақтарға жауап береді.
Жинақтау	6-тапсырма. Өлең жазу, модель жасау 1 - топ. Образды сөздерді қатыстырып, өлең	Өлең, арнау жазады, модель жасайды.

	жазады. 2 - топ. Экспрессивтік сөздерді қатыстырып шағын мәтін құрастырады. 3 - топ. Тәуелсіздік күніне байланысты арнау жазу. 4 - топ. Стилль әлеміндегі көркем әдебиет стилінің алатын орны (модель). (Әр топ берілген тапсырма бойынша топтық жұмыс жасайды, яғни мәтін, өлең, арнау жазып, модель жасайды.	
Бағалау	Мәтін және сөз мағынасын білген адам түсінген адам. Мен оқушыларға сөз мағынасына терең үңілдім деп ұсыныс айтар едім.	Сөз мағынасын білу қажеттілігін айтып, өз ұсыныстарын жасайды.
Рефлексия	Не жақсы болды? Не қызық болды? Жұмыс істеуге не кедергі болды? Не қиын болды? Не үйрендім?	Сұрақтарға жауап береді.

Тақырыбы 6	Көркем әдебиет стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы. Талдау.	
Мақсаты:	Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін танып, оны шығармашылық жұмыстарында қолдану. Көркем тәрбие алуға ұмтылу. Эстетикалық талабын қалыптастыру.	
Күтілетін нәтиже	Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін таниды, оны шығармашылық жұмыстарында қолданады. Көркем тәрбие алуға ұмтылады. Эстетикалық талабын қалыптастырады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап, ой ашу, аялдамамен оқу.	
Қолданылатын ресурстар	Тірек сызбалар, кестелер, кәртiшкелер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер. тербелсенді тақта, маркер, қанатты сөздер, оқулық.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Көркем әдебиет стилінің мақсаты қандай? Көркем әдебиет стилінің қолданылу аясын айтыңдар. Стильдік сипаты қандай?	Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Жазушылар мен ақындардың шығармаларын тыңдап, тілін салыстыра отырып, өз пікірлерінді ортаға салыңдар.	Тыңдайды. Салыстырады. Пікірлерін айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтіннің маңыздылығы қандай екендігі жөнінде өз ойларыңды көркем әдеби	Ойларын жеткізеді.

	стилінде жеткізіндер.	
Қолдану	3-тапсырма. Тұрақты тіркестердің баламасын тауып, әңгіме құраңдар. Ит арқасы қиянда - өте алыста Жерден жеті қоян тапқандай - қуану Тақырға отырғызып-кетті - алдап кету	Әңгіме құрастырады. Оқиды.
Талдау	4-тапсырма. Көркем шығарманың баяндауыштарының тілдік стиліне назар аударыңдар. Мәтіндегі өздеріңе әсер еткен тұстарды кестедегідей талдаңдар. Жазушының көркем әдебиет стилін өз әлеміңмен түсініп көр.	Баяндауыш стилін анықтайды. Талдайды. Түсіндіреді.
Жинақтау	Көркем әдебиет стилінде бір өзекті тақырыпта әңгіме жазыңдар.	Әңгіме жазады.
Бағалау	Мәтін және сөз мағынасын білген адам -түсінген адам. Мен оқушыларға сөз мағынасына терең үңіліңдер деп ұсыныс айтар едім.	Сөз мағынасын білу қажеттілігін айтып, өз ұсыныстарын жасайды.
Рефлексия	Не жақсы болды? Не қызық болды? Жұмыс істеуге не кедергі болды? Не қиын болды? Не үйрендің?	Сұрақтарға жауап береді.

Тақырыбы 7	Әдеби тіл және оның нормалары. Бейнелеу өнерінің көркем әдебиет мәтіндеріндегі қолданылуы.	
Мақсаты:	Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктерді меңгерту; Мәтіндегі көркем образдар мен бейнелі сөздерді, троп түрлерінің мағынасын ажырату.	
Күтілетін нәтиже	Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктерді меңгереді. мәтіндегі көркем образдар мен бейнелі сөздерді, троп түрлерінің мағынасын ажыратады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау, баяндау, талдау, әңгіме жазу	
Қолданылатын ресурстар	Оқулық, суреттер топтамасы, слайд, аудио, кеспе қағаздар /тапсырмалар/, троп түрлері туралы плакат, түрлі түсті қағаздар, маркерлер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Көркем әдебиет стилінің негізгі белгілері қандай? (образдың эмоциясы, жан-дүниесі) Көркем әдебиет стилі - адам жанының кілті.	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтіннен тұрақты тіркестерді теріп жазу. Мәтінді қысқаша әңгімелеу. Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер	Жазады. Әңгімелейді.

	мынадай: ... Берілген сөздерден синонимдік қатар құру.	
Түсіну	2-тапсырма. Тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер. Берілген өлең шумағынан теңеу сөздерді табу. Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ. Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желке, үңірейген болса сағақ. ... (А.Құнанбайұлы)	Оқиды. Тұрақты тіркестер мағынасын түсіндіреді.
Қолдану	3-тапсырма. Берілген өлең жолдарынан кейіптеуді табу. Қыс <u>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,</u> <u>Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.</u> <u>Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,</u> <u>Басқан жері сықырлап, келіп қалды.</u> ... (А.Құнанбайұлы)	Кейіптеуді табады.
Талдау	4-тапсырма. Ақын қысты қандай образда бейнелейді? Алған әсерлеріңді айтып беріңдер. Әдеби шығармаларда жансыз табиғат құбылысы тірі кісінің қылығымен ауыстырыла суреттелетіні көптеп кездеседі. Құбылтудың мұндай түрі кейіптеу деп аталады. Ұлы Абайдың осы "Қыс" өлеңіндегі: Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,- деп, қыстың кәрі құда бейнесінде бейнеленуі, суреттелуі, сылқ-сылқ күлгені" – кейіптеуге жатады. Қыс мезгілі - мейірімсіз, түсі суық, қатал шал кейпінде бейнеленгендей әсердеміз. 5-тапсырма. Өлеңнен теңеу мен эпитетті тауып жазу. Теңеу: ұшпадай, бұлттай Эпитет: ақ киімді, денелі, ақ сақалды, ақ қырау, түсі суық Өлеңнің құрылысына талдау жасау. Бұл өлең 11 буыннан, 2-3 бунақтан, 10 тармақтан тұратын, қара өлең ұйқасына құрылған өлең.	Айтады. Жазады. Талдайды. Әңгіме жазады.
Жинақтау	Әр топқа жылдың төрт мезгілінің суреті беріледі. Сол сурет бойынша әңгіме құрау қажет. Берілген сұрақтарға мақал-мәтелмен жауап беру.	Әңгіме жазады. Жауап береді.

Бағалау	Тыңдай білген, жауап бере білген, өз ойларын тиянақты жеткізе білген, барлық маман үшін қажет деп білемін, себебі ...	Ойларын түсіндіреді.
Рефлексия	Өздеріңді бас бармақтың көмегімен бағалаңдар.	Бас бармақпен бағалайды.

Тақырыбы 8	Практикалық жұмыс (Ауызекі сөйлеу және көркем әдебиеті стилі тақырыптарына)	
Мақсаты:	Ауызекі сөйлеу және көркем әдебиеті стилі тақырыптарын бекіту. Көркемдегіш құралдарды сөйлеу барысында пайдалануға үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Ауызекі сөйлеу және көркем әдебиеті стилі тақырыптарын қайталайды. Көркемдегіш құралдарды сөйлеу барысында пайдалануға үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Тапсырмалар, дид. материалдар, кестелер, кеспе қағаздары, тірек сызбалар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Әдеби тіл нормалары дегеніміз не?	Ойларын айтады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, сұрақтар құрастырады. Мәтін соңындағы тапсырмалар әр түрлі беріледі. 1.Образды сөздер мол қатысады; 2. <u>Экспрессивті сөздер мол болады</u> ; 3.Мәтінге ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп жұмсалады; 4.Шығарма тартымды болу үшін синоним сөздер, грамматикалық амалдар көп жұмсалады.	Мәтін оқиды. Сұрақтар құрастырады.
Түсіну	2-тапсырма. Жұптарға жаңа тақырыпты бекіту мақсатында тапсырмалар беріледі. М.Әуезовтің шығармасындағы: 1.Образды сөздері тап. 2.Эмоционалдық, бейнелі, экспрессивті сөздердің астын сыз, оқып бер. 3. Сөйлемдерді ырғақ, интонациямен әсерлі оқы. 4. Шығарма тартымды болу үшін жұмсалған синоним сөздер, тұрақты тіркестердің астын сызып оқы.	Тапсырмаларды орындайды.

	5. Осылардың бәрі грамматикалық амал-тәсілдерді ерекше қиюластырып қолдану арқылы беріледі. 3-тапсырма. Ақын сөзінің мағынасын түсіндіреді. Еңбек қылмай тапқан мол дәулет болмас: <u>қырдың суы секілді</u> тез суалар. (Абай)	
Қолдану	4-тапсырма. Мына кестедегі сөйлемдерді оқып, көркемдегіш құралдарды дәптерлеріңе жазып отырыңдар. Бірінші кестені оқып шыққан оқушы теңеулерді тауып, қалған оқушылар дәптерлеріңе жазып алады. Үшінші кестеден метафораны табу, ал төртінші кестеден жігіттің сыртқы портретін дәптерлеріңе жазып алу тапсырылады.	Жазады. Кесте толтырады.
Талдау	5-тапсырма. Төмендегі үзінділер кодоскоптан оқылады. Төмендегі эпитеттерді қатыстыра отырып, портреттеуге арналған сөз тіркестерін пайдаланып, «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқаға мінездеме жазу. Мінездемені бірнеше оқушыға оқытып, эпитет, мінездеме деген сөздерді әрі қарай дәптерлеріңе жазу тапсырылады. Төмендегі сөз тіркестерінен қарапайым фразеологизмдерді бір бөлек, тұрпайы фразеологизмдерді бір бөлек жазыңдар. Оқушылар төмендегі литоталарды қатыстырып сөйлем құрайды. Оқушылар орындаған тапсырмаларындағы көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер мен көркемдегіш құралдың түрлерін оқиды. Әдеби шығармалармен жұмыс істейді. Үзіндіні кестеден оқыған оқушыға стильдік талдау жасату. Оқушы сұрақ-жауап арқылы көркем әдебиет стилінің өзіне тән ерекшеліктерін атайды	Оқиды. Мінездеме жазады. Топтастырады. Сөйлем құрастырады. Талдайды.
Жинақтау	6-тапсырма. Мына теңеулерді қатыстырып, фантастикалық әңгіме жазыңдар: қордың қызындай, шөккен нардай, көзге біткен сүйелдей, атқан оқтай, иненің жасуындай. 7-тапсырма. М.Мақатаевтың «Қара шалғы» өлеңін қарасөзге айналдырып жазып келу.	Әңгіме жазады. Өлеңді қарасөзбен жазады.
Бағалау	Әдеби тілде сөйлеп үйренген болашақ өмірде қажет деп ойлаймын, себебі ...	Ойды жалғастырады.
Рефлексия	Мен тапсырма орындадым	Стикерге ойларын

	Мен түсіндім, ... дегенді. Мен дегенді сездім Мен ... істей алдым. Мен істеп көрейін ... Мен үйрендім Мен ... істегім келді.	жазып, плакатқа жапсырады.
--	---	----------------------------

Тақырыбы 9	Ресми іс қағаздары стилі	
Мақсаты:	Құжаттар тілінің өзіндік ерекшеліктерін ажырата білуге үйретіп, сауаттылықтары мен біліктіліктерін қалыптастыру. Кәсіби сөз саптау шеберліктерін жетілдіру.	
Күтілетін нәтиже	Құжаттар тілінің өзіндік ерекшеліктерін ажырата білуге үйреніп, сауаттылықтары мен біліктіліктері қалыптасады. Кәсіби сөз саптау шеберліктері жетіледі.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, ауызша тіл дамыту, шығармашылық жұмыс, талдау, бейнесюжет түсіндіру, іздену, баяндау, талдау, т.б.	
Қолданылатын ресурстар	АКТ, көрнекіліктер, сызбалар оқулық, заманауи белсенді тақта, іс-қағаз үлгілері т.б.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Іс қағаздар тілі (кластер құрастыру) Іс қағаздар тілі дегеніміз не? Ерекшелігі қандай? Қандай іс қағаздарын жазып көрдіңдер? Оның мазмұны мен құрылысы қандай?	Кластер құрастырады. Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Іс қағаздары сөздерімен диктант жазу. Дұрыс жазылған диктантпен өздерінің жазғандарын тексереді. 2-тапсырма. Ойды жалғастырыңдар. Іс қағаздары стилі мақсаты Қолданылу аясы Стыльдік сипаты Тілдік амал-тәсілдері	Диктант жазады. Тексереді. Ойды жалғастырады.
Түсіну	3-тапсырма. Мәтінді ресми стильмен баяндап көріңдер. Ресми жазба құжаттарының басты 3 ерекшелігі: .. Іс қағаздар тілінде қолданылмайды: 1. Мақал-мәтел, афоризмдер, нақыл сөздер, 2. Өлеңдер,	Баяндайды. Жазады. Айтады.

	3.Одағай және қаратпа сөздер, 4.Тұрақты сөз тіркестері, 5.Әдеби нормаға жатпайтын сөздер Фильм, қойылым, концерт туралы хабарлама жазу.	
Қолдану	4-тапсырма. Өтініш жазу және бұйрық шығару. Бір оқушы – жұмыс сұраушының рөлінде, яғни «Дипломмен - ауылға» мемлекеттік бағдарламамен ауылға келген жас маман. Келесісі – жұмыс беруші, мектеп директоры. Алғашқысы өтініш, екіншісі бұйрық шығару керек.	Өтініш жазады, бұйрық шығарады.
Талдау	5-тапсырма. Берілген әдеби мәтінді және ресми қолданысты салыстырып, айырмашылығын айтындыр (байқалатын айырмашылық - сөйлем тиянақты, нақты, ресми. Мазмұны «тапсырма», «бұйыру» ыңғайында болады).	Салыстырады. Хаттама жазады. Талдайды. Жазады.
Жинақтау	Іс қағаздар түрлері деген тақырыпта кітапша шығару.	Кітапша шығарады.
Бағалау	Өзің әңгіме айтқанда немесе жазғанда көркемдегіш құралдарды қолданар ма едің? Себебін айт.	Өздерінің көркемдегіш құралдарды не себепті қолданатындарын айтады.
Рефлексия	Біз үйрендік..., істей аламыз. Бәрінен ұнағаны ... Істей алмады. ... Біздің мәселеміз ...	Стикерді толтырып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 10	Ресми іс қағаздары стилінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы.	
Мақсаты:	Оқушыларды практикада ресми іс қағаздары стилін пайдалана білуге үйрету; Өз беттерімен жұмыс істеуге, ізденімпаздыққа баулу.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар практикада ресми іс қағаздары стилін пайдалана алады; Өз беттерімен жұмыс істеуге, ізденімпаздыққа үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, талдау, іздену т.б	
Қолданылатын ресурстар	Сызбалар, кестелері, дидактикалық материалдар т.б	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты	Ресми іс қағаздары стилінің белгілері қандай?	Сұраққа жауап береді.

ояту		
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді.	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	2-тапсырма. Ресми стильге тән бір мәтін ойлап жазып және көркем әдебиеттен сөйлеу тілінің стиліне тән бір үзінді алып, олардың ерекшелігіне талдау жасаңыз.	
Қолдану	3-тапсырма. Мектеп директоры атына қай спорт секциясына қатысқыларың келетіні туралы өтініш жазыңдар	Жазады.
Талдау	6-тапсырма. Өмірбаянын жазу 7-тапсырма. Алған анықтамаларыңды еске түсіріп, анықтама жазыңдар. 8-тапсырма. «Семантикалық карта» толтырыңдыр.	Өмірбаян, анықтама жазады. Кесте толтырады.
Жинақтау	Қойылған сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап берілу керек. Әр оқушыға 2 минут уақыт беріледі.	Жазады
Бағалау	Ресми іс қағаздары стилінің белгілерін білгім келеді, себебі ...	Ойларын айтады.
Рефлексия	Мен үшін қиын болды..... Мен түсіндім, үйрендім..... Мені таң қалдырды..... Алдағы уақытта.....	Ұнаған нәрселері мен тілектерін ауызша айтады.

Тақырыбы 11	Публицистикалық стиль	
Мақсаты:	Публицистикалық стиль ерекшеліктері мен қолданылу аясы туралы мәліметтер беру. Күнделікті өмірде публицистикалық стиль мәдениетін пайдаланып, мақала жазумен айналысуға ізденіс жасау.	
Күтілетін нәтиже	Публицистикалық стиль ерекшеліктері мен қолданылу аясы туралы мәліметтер алады. Күнделікті өмірде публицистикалық стиль мәдениетін пайдаланып, мақала жазумен айналысады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Ыстық орындық» әдісі, «Презентация», негізгі идеяны суреттеу стратегиясы, ашық және жабық сұрақтар стратегиясы,	
Қолданылатын ресурстар	Бейне көрсетілім, кеспе қағаздары, оқулық, А3 қағаз, маркер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру	«Сөзі қандай болса, адам сондай», «Сөйле, сенің	Тыңдайды.

кезеңі. Қызығушылықты ояту	қандай екенінді білейін» (Сократ) «Сөзіне қарап, кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма» (Абай) Публицистикалық стиль дегеніміз ...	
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Қоғамдық өмірмен тығыз байланыста болады. Жұртшылықты қоғамдық өмірдегі өзгерістер мен жаңалықтардан хабардар етеді. Өте жинақы, тұжырымды болып құралады. Шешендік сөздер, даналықтар көп қолданылады. Тақырыбы өмірдің әр саласына байланысты болады. Жан-жақтылық пен сауаттылықты талап етеді.	Публицистикалық стиль туралы айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар. Мақала не туралы жазылған ? Мазмұнына тоқталыңдар. Мақала қандай стильде жазылған ? Оның стильдік ерекшелігі неден көрініп тұр?	Арманы туралы жазады.
Қолдану	Оқушы редакцияға келіп түскен мақалаларды сұрыптап, газет бетіне жариялауға тырысады. Газетті редакция алқалары қорытындылайды.	Мақалаларды сұрыптайды. Жариялайды.
Талдау	Сұрыптап жариялаған мақалаларын талдайды.	Талдайды.
Жинақтау	«Суретті кеспелер» әдісін қолдана отырып сабақты қорытындылаймын.	Сурет бойынша көркем әдебиет стильіне тән сөйлемдер құрастырады
Бағалау	Мен көркем шығарманың адам өміріне пайдалылығымен келісемін, себебі ...	Ойларын айтады. Дәлелдейді
Рефлексия	«Сабақ бойынша ойыңды білдір»	Сабақта білгенін және білгісі келетінін стикерге жазып жабыстырады.

Тақырыбы 12	Публицистикалық стильдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы.
Мақсаты:	Оқушыларды публицистикалық стиль ерекшеліктерімен таныстырып, практикада пайдалануға, талдай білуге үйрету; Өз туындыларын жазу.
Күтілетін нәтиже	Оқушылар публицистикалық стиль ерекшеліктерімен танысып, практикада пайдалануға, талдай білуге үйренеді; Өз туындыларын жазады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Жигсо», «Болжау», «РАФТ», «Суретті кеспелер» әдістері. Сын тұрғысынан ойлау.Интерактивті оқыту әдісі.
Қолданылатын	АКТ. Интерактивті тақта. Стикер,маркер, А3 қағазы Нақыл сөздер, суреттер,

ресурстар	сызбалар.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Публицистикалық стильде жазылған шығарманың қоғамдық өмірде қандай маңызы бар? Сен тілші, журналист болсаң бүгінгі күннің қандай өзекті мәселесін көтерер едің? Публицистикалық стиль қай салада қолданылады? Міндеті қандай? (Тыңдармандар мен оқырмандарға әсер ету, идеяға сендіру, әдеби тіл мен ауызекі тілді байланыстырып, шешен тілмен айту. Қоғамдағы өзекті мәселелер көтеріледі).	Сұраққа жауап береді
Білу	1-тапсырма. Газет мақаласынан үзінді оқып шыққан соң, А.Байтұрсынов көтерген мәселелер мен оның қоғам үшін маңыздылығына тоқталыңдар. Публицистикалық стилдегі кездесетін жаңа сөздермен жұмыс. Сөздердің мағынасын жазады. Мәтінді 1 оқушы (эмоциямен) оқиды. Бұл айтылған сөздерді үкіметте қол соғып құптады. Сендер бұл айтылған сөздермен келісесіңдер ме? Айтылған ой тақырыбы – жастар Айтылған ой – жастар жаман, әке жолын қуа алмайды, елді, мәдениетті сақтай алмайды. Ойдың авторы кім деп ойлайсыңдар? 1. Сократтың сөзі (470-399 ж. б.з.д.) 2. Гесиоды сөзі (720 ж. б.з.д.) 3. Египеттік сөз (2000 ж.б.з.д.) 4. Вавилонда табылған құм горшоктағы сөз (3000ж.б.з.д.) Сөйлеуші не мақсатта бұлай сөйледі? Қандай мәселе көтерілді? Сөйлеуші мақсатына жетті ме? Сөйлеуші жетістікке қалай жетті? Дәйексөз келтіру - аудиторияға әсер етудің бірден-бір жолы. Сөйлеуші стилі? Цитатада қандай сөздер қолданылған?	Оқиды. Талқылайды. Жазады. Сұраққа жауап береді. Айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілер мен идеяларды түсінетіндігін көрсету. Түсіндірме (интерпретация)- негізгі идеяларды	Оқиды.

	және олардың өзара байланыстарын анықтауды, мағынасын сақтай отырып, идеяларды таныс жүйеге, формаға ауыстырады, мәліметті өз сөзімен мазмұндайды	
Қолдану	3-тапсырма. Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану. Интерпретациялайды, қолданады, пайдаланады, көрсетіп береді.	Оқиды.
Талдау	4-тапсырма. Мәтінді талдау, баға беру, қарама-қарсы қою, сынау. Мен бұл мәтінді публицистикалық стиль деп санаймын. Автордың міндеті тыңдармандарға әсер ету Бізді сендіру, ... Оқырмандардың мәселеге назарын аударту ... Мәтінді мынандай стилдер бар ... Осы мақсатта мәтінде мынандай лексикалар орын алған ... Мынандай мәнерлі құралдар ... Мынандай синтаксистік ерекшеліктер ... Себептерді айқындауға мүмкіндік жасайды. Талдау жасайды, баға береді, қарама-қарсы қояды,сынайды.	Мәтінді талдайды. Мәтінге баға береді, қарама-қарсы қояды,сынайды.
Жинақтау	4-тапсырма. Болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастырып түйіндейді. Құрастырады, жоспарлайды, ұсынады, ұйымдастырады, дайынды береді.	Модель құрастырады.
Бағалау	Мақала жазып үйрендім. Себебі мақала жазу ...	Ойды жалғастырады.
Рефлексия	Бағдаршам Қызыл түс – түсінген жоқпын; Сары түс – сұрақтар бар; Жасыл түс – барлығы түсінікті.	Оқушылар түсінбеген жерлерін, сұрақтарын қойып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 13	Практикалық жұмыс (ресми іс қағаздары және публицистикалық стилі тақырыптарына)
Мақсаты:	Ресми іс қағаздары және публицистикалық стилі тақырыптарын бекітіп, практикада пайдалана білуге дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже	Ресми іс қағаздары және публицистикалық стилі тақырыптарын бекітіп, оны практикада пайдалана білуге дағдыланады.
Қолданылатын	«Жигсо», «Болжау», «РАФТ», «Суретті кеспелер» әдістері. Сын тұрғысынан

әдіс-тәсілдер	ойлау. Интерактивті оқыту әдісі;	
Қолданылатын ресурстар	АКТ. Интерактивті тақта. Стикер, маркер, А3 қағазы Нақыл сөздер, суреттер, сызбалар, сергітуге арналған ұнтаспа, біріккен сөздерге арналған демонстрациялық материал.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің ара жігін ашу, айырмашылығын көрсету. Көркем әдебиет стилімен публицистикалық стильдің ара жігін ашып, айырмашылықтарын көрсету.	Оқиды. Ойланады. Айырмашылығын көрсетеді.
Білу	1-тапсырма. Сынып жиыны бойынша хаттама жазу, нұсқаларды оқып салыстыру.	Жазады. Оқиды. Салыстырады.
Түсіну	2-тапсырма. І топ ЦОН, ІІ топ ЖОО қабылдау комиссиясы, ІІІ топ өндіріске жұмысқа орналасуға мамандар қабылдаушылар. Оқуға түсе алмай қалған мектеп бітіруші ЦОН-ға келеді. Диалог жазыңдар.	Жазады. Өзара сөйлеседі.
Қолдану	3-тапсырма. Бір жағдаятты мысалға алып, сенімхат жазыңыз. Сыныптас құрбыңызға мінездеме жазыңыз.	Жағдаят жазады. Мінездеме жазады.
Талдау	4-тапсырма. “Арман – адам қанаты” атты мақала авторы туралы ойларыңды жазыңдар. Өзіңіз жайлы шағын мәлімет. “Арман – адам қанаты” дейді, арманыңыз жайлы не айтар едіңіз? Алдыңызға қандай мақсат, жоспар қойып отырсыз? Өзіңізден осы қасиеттер табыла ма? Өзіңіздің алдағы жеңістеріңіз туралы не айтар едіңіз? Құпия сырыңыз бар ма? Оны кіммен бөлісер едіңіз?	Өзі, өзінің арманы туралы жазады. Сұрақтарға жауап жазады. Оқиды
Жинақтау	5-тапсырма. Сізден оқырмандарға әдемі тілек.	
Бағалау	Келешекте жетістіктерге жетуім үшін ...	Ойды жалғастырады.
Рефлексия	Бағдаршам Қызыл түс – түсінген жоқпын; Сары түс – сұрақтар бар; Жасыл түс – барлығы түсінікті.	Оқушылар түсінбеген жерлерін, сұрақтарын қойып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 14	Ғылыми стиль
Мақсаты:	Заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет беру, әңгімелеу арқылы ғылыми стильді ажырату. Жан-жақты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже	Оқушылар заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашады, мәлімет береді, әңгімелеу арқылы ғылыми стильді ажыратады. Жан- жақты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	<i>Түсіндіру, сұрақ-жауап</i>	
Қолданылатын ресурстар	<i>Дид. материалдар, кестелер, кеспе қағаздары, тірек сызбалар.</i>	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ғылыми стиль адамның ең озық интеллектуалдық әрекетіне қызмет етеді. Бұл - адамның ғылыми ізденісінен, зерттеуінен тапқанын ауызша немесе жазбаша жеткізу мақсатында қалыптасқан стиль. Ғылыми стильдің ерекшелігі қандай?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Сөздерді аударып, мағыналарын түсіндіріңдер. Эквивалент – басқаға тең, соның орнына қолдануға болады. Классификация – жүйе Концепция – бір нәрсеге көзқарас жүйесі; негізгі ой. Естествознание – табиғаттағы құбылыс пен заңдылықтар туралы ғылым Фундаментальный – негізделген, терең Монография – бір мәселеге, тақырыпқа арналған біреуге арналған зерттеу 1-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Сұрақтарға жауап беру. Қандай сөздерді ғылыми стильге жатқызуға болады ? Ғылыми стильге жататын сөздерге мысал келтіру. Ғылыми стильге бірнеше мысалдар айтыңдар. Күнделікті өмірде қандай сөздерден тұратын қалалар мен жер атауларын естіп жүрсіндер.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	2-тапсырма. Оқушылар көркем әдебиет стилінде ғылыми зерттеулерін жүргізді. Ғылыми стильді қолданып, қазақ тілі мен әдебиеті пәніне жас ғалым ретінде жаңалық енгізді. Ғылыми еңбектерін тағы ..., ... ғалымдар назарына ұсынып келді. Жас ғалымдарымыздың еңбектерінен үзінділер тыңдап болып, журналист болуды армандаған ... кезек береміз. Ол публистикалық стильді қолдана отырып ,жас ғалымдарға сұрақтар қояды.	Ғалымдар еңбектерін оқиды, тыңдайды, сұрақ қояды.

	Олардың еңбегіне қызыққан оқушылардың да сұрақтар қоюына болады . Сұрақ-жауап кезеңі	
Қолдану	3-тапсырма. Мәтіннің стилін анықтаңдар. Қолданылған ғылыми термин сөздерді көшіріп жазыңдар.	Мәтін стилін анықтайды. Термин сөздерді жазады.
Талдау	4-тапсырма. Мәтінге талдау жасаңдар. Публицистикалық стильді басқа стильдерден айыра аламын.... Ондағы стильдерді, олардың қызметтерін анықтай аламын Ондағы мәнерлі құралдарды және олардың қызметтерін анықтай аламын ... Синтаксистік ерекшелігін, олардың қызметін Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау, бірқатар критерийлердің негізінде идеалды негіздеу және жұмыс сапасын бағалау. Тиянақтау, салмақтау, бағалау, қайта қарастыру, сұрыптау, таңдау жасайды.	Мәтінге талдау жасайды.
Жинақтау	5-тапсырма. «Ең үздік ғылыми жоба» атты мақала жазу.	Мақала жазады. Оқиды.
Бағалау	Мен ... маманы болғым келеді. Сондықтан ... ғылым саласын меңгеруім керек. Себебі ...	Ойын айтады. Түсіндіреді.
Рефлексия	Бас бармақ – бұл керемет,маған ұнады. Балан үйрек – бұл жерде ахуал бар. Ортан терек – мүлдем маған ұнамады. Шылдыр шүмек – бұған көңіл аудару керек. Кішкене бөбек – маған жетпей қалды	Рефлексияны оқып береді немесе мұғалімге тапсырады.

Тақырыбы 15	Ғылыми стильдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері және қолданылуы
Мақсаты:	Оқушыларға ғылыми стильдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін үйрету; Оқушыларға сөздердің жасалу тәсілдері мен сөз таптары жайлы толық мәлімет беру.
Күтілетін нәтиже	Оқушылар ғылыми стильдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін үйренеді; Оқушылар сөздердің жасалу тәсілдері мен сөз таптары жайлы толық мәлімет алады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сөздік, сұрақ -жауап, көрнекілік, талдау.

Қолданылатын ресурстар	Шешендік сөздер жинағы; сюжетті суреттер; сызбалар; кестелер, үлестірімелер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Сұраққа жауап беріңдер. Болашақта қандай кәсіпті таңдар едіңіз?	Ойланады. Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. «Ғылыми стиль» тақырыбының мәтінін түсініп оқиды. Оқып болған соң, әр топ өз арасында талқылауға түсіреді, сосын ең жақсы түсінген, көшбасшылық танытқан бір оқушыны елшілік ретінде келесі топқа жібереді. Осылайша барлық топтар бір-біріне өкілдерін жібереді. Өкілдер барған топтарына оқығандарын түсіндіреді. Өкілдер өз топтарына барып отырады, топ болып бірге тапсырмаларын постерге түсіреді, қорғайды. Ғылыми стильді дұрыс пайдалану.	Оқиды. Талқылайды.
Түсіну	2-тапсырма. Ғылыми еңбек қорғау Өз ғылыми еңбектерімізде ғылыми стильді қаншалықты дұрыс қолданып жүрміз сол туралы әңгіме болсын. Сұрақтан бастайын: -Ғылыми стиль өмірдің қай саласында пайдаланылады? Ғылыми стильді кімдер пайдаланады? Ғылыми стильге ауызша түсінік беріп өту	Оқиды. Әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	3-тапсырма. Ғылыми жоба тақырыбы: Сал серілер туралы Мақсаты: сал-серілік дәстүрмен таныстыру Сал-серілерде өнерпаздық, әншілік, шешендік сыпайылық, күйшілік, атбегілік, құсбегілік, т.б. көп қасиеттер бар екенін білу	Жазады. Оқиды.
Талдау	4-тапсырма. Оқушылар дәлелдемелер келтіреді. Мәтіндерді оқып, көркем әдебиет, ғылыми стиль екенін дәлелдейді. Мәтіндердегі терминдерге қатысты сөздерді тауып мағынасын ажырату. Ол сөздерді қатыстырып сөйлем құрау. Кестені толтырыңдар. Мәтіннен ғылымның әр саласына қатысты терминдерді анықтаңдар. Ғылыми стиль мен публицистикалық стиль айырмашылығын айту	Дәлелдейді. Сөйлем құрастырады. Кесте толтырады. Салыстырады.
Жинақтау	5-тапсырма. Себет ішінде қағаз қиындылары.	Ойды аяқтайды.

	Ойды аяқтай отырып, тәуекелге барып, ойларыңды айтыңдар.	
Бағалау	Зерттеген оқушылар данышпандардың өлшеусіз еңбектері туралы айтып, айтылған сөздердің құндылығын (өмір сүру ережесі) екенін айтады.	Данышпандардың өлшеусіз еңбектеріне баға береді.
Рефлексия	«Жетістіктер мен ұсыныстар» әдісімен оқушылардың пікірі тыңдалады.	Оқушылардың сабақты қалай меңгергендігі анықталады.

Тақырыбы 16	Ғылыми стильдің негізгі жанрлары	
Мақсаты:	Оқушыларды ғылыми стильдің негізгі жанрларымен таныстыру; Сол жанрларды тәжірибе барысында пайдалану.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар ғылыми стильдің негізгі жанрларымен танысады; Сол жанрларды тәжірибе барысында пайдаланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	СТО стратегиялары	
Қолданылатын ресурстар	АКТ, кестелер, сөздіктер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Әр маман иесіне қажетті стиль қандай?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. 1.Ойды дәл және тұжырымды етіп жеткізуді көздейді. 2.Ойды тұжырымды түрде хабарлауға талпынады. 3.Осы талаптарға жету үшін эмоцияға,экспрессияға көп жол берілмейді. Ғылыми стильдің тілдік көріністері. 1.Ғылыми ұғымдарды дәл атайтын ,соған арналған терминдер мол орын алады. 2.Процестерді ,тұжырымды ойларды бір терминге келтіріп ,түйіндеп айту негізгі тәсіл болады. 3.Тұрақты үлгідегі сөздер,сөйлемдер ,сөз тіркестері молынан жұмсалады. 4.Баяндауыштары ауыспалы осы шақ формалы етістіктен жасалады. 5.Ырықсыз етістен жасалған баяндауыштар көп	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді.

	жұмсалады.	
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді. Ғылыми мақала – түсінік берілмеген, арнайы терминдері көп. Құрмалас сөйлемдер. Оқулық – қатаң классификация, жалпыдан жалқыға, арнайы терминдері түсіндірілген. Энциклопедия – терминдері аз (нақты түсіндірілген), түсінуге жеңіл. Ғылыми мақала дегеніміз не? ...	Оқиды. Әңгімелейді.
Қолдану	3-тапсырма. Термин сөздерді жазады. Термин сөздердің жасалу жолдары туралы білімдері еске түседі. Кәртішкедегі теориялық мәліметтер негізіне сұрақ дайындаңдар. Ғылыми стильдің ерекшелігін атаңдар, түрін анықтаңдар. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар, мысал келтіріп дәлелдендер. Мәтін ... жатады. Себебі ерекшеліктері бар. Ғылыми мәтіннің ерекшелігі, тілі, түрі. Адам органикалық әлем жүйесінде өмір сүру керек. Қаптаған бағдарламалар рөлі. Неге ақтық сөзін айтады? (ғылыми стильге жататынын тауып дәлелдендер).	Жазады. Сұрақтар дайындайды.
Талдау	4-тапсырма. Ғылыми мәтін. Мәтін бойынша сұраққа жауап беріндер. Қандай қызық ақпарат алдыңдар? Стилін анықтап дәлелдендер. Мәтінге атау қойыңдар. Мәтінді талдаңдар. 1.«Тағы да» кілті - жаңалық ашылды! Эврика 2.«Салыстыру» кілті - ғылыми стиль мен көркем әдебиет стильдерін салыстыру 3. «Конструктор кілті» -«Болмасаң да, ұқсап бақ» ғылымдағы соңғы жаңалықтар. 4. «Жаңа дизайн» кілті - кітапқа басып шығару үшін берілген мәтіннің иллюстрациясын жасаңдар (сурет салу, таныстыру)	Оқиды. Талдайды.
Жинақтау	5-тапсырма. Жай мәтінді ғылыми стильде жазыңдар.	Жазады.
Бағалау	Сөз байлығы маған болашақта қажет. Сөздік қорымды байыту үшін мен біріншіден ..., екіншіден ... және т.б. жасап еңбектенемін.	Ойларын айтады.
Рефлексия	Смайликтер Барлығы түсінікті;	Оқушылар жартылай түсінгендерін,

	Жартылай түсінікті; Түсінген жоқпын.	түсінбегендерін жазып, плакатқа жапсырады.
--	---	---

Тақырыбы 17	Практикалық жұмыс (ғылыми стилі тақырыбына)		
Мақсаты:	Ғылыми стилі тақырыбын бекітіп, алған білімдерін практикада пайдалану. Ғылыми мақала жазып, сол ғылым саласында ғылыми терминдермен сөйлеп үйрену.		
Күтілетін нәтиже	Ғылыми стилі тақырыбын бекітіп, алған білімдерін практикада пайдаланады. Ғылыми мақала жазып, сол ғылым саласында ғылыми терминдермен сөйлейді.		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	СТО стратегиялары		
Қолданылатын ресурстар	АКТ, кестелер, сөздіктер		
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ғылыми стиль тақырыбына оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді.		Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Сөздік диктант. Монография (ғылыми зерттеу), диссертация (ғылыми жұмыс), баяндама (жұршылыққа хабарлама) реферат (бірнеше ақпараттан алынған тақырыптың қысқаша мазмұны) конспект (мазмұны қысқа жазба), дискуссия (дау, талқылау), аннотация (кітаптың қысқаша мазмұны), мышление (талдау қабілеттілігі), концепция (көзқарас жүйесі), мәселе (шешімін талап ететін сұрақ), зерттеу (ғылыми еңбек), конференция (ұйым өкілдерінің жиналысы), стереотип (көшірме), синтез (қорытынды), анализ(жеке құрамды ғылыми зерттеу әдиси)		Жазады.
Түсіну	2-тапсырма. Әр ғылым саласына жататын термин сөздер топтастырып жазыңдар және есте сақтаңдар. Бірінші топ бір-бірлеріне ғылыми термин сөздер айтады. Екінші топ сол ғылыми терминнің қай салаға жататынын айтып, мағынасын түсіндіреді.		Жазады. Оқиды. Түсіндіреді.
Қолдану	Әр ғылым саласына шағын ғылыми мақала жазыңдар.		Жазады. Оқиды.
Талдау	Өз құқығыңды падалана білесің бе?		Жазады. Оқиды.
	Қатысу	Сөз даярлау	Тыңдармандар Талқылайды.

	шы мамандар	формасы		
	журна лист	мақал	телекөрермен дер	
	заңгер	шағын баяндама	сынып оқушылары	
	оқушы	өзіндік пікір	сыныптастары	
	дәрігер	әңгіме	емделушілер	
	мұғалім	түсіндірме-сұхбат	ата-аналар	
Жинақтау	Ғылыми стиль дегеніміз не? Ғылыми стильдің ерекшеліктерін атап көрсетіңдер. Ғылыми стильдің қолданылу аясы қандай? Ғылыми стильдің тілдік амал-тәсілдерін айтыңдар.			Сұрақтарға жауап береді.
Бағалау	Стиль түрлерін білу керек, себебі ...			Стиль түрлерін үйрену қажеттілігін айтады.
Рефлексия	«Бағдаршам» Қызыл түс – түсінген жоқпын; Сары түс – әлі де практика қажет/ сұрақтар бар; Жасыл түс – барлығы түсінікті.			Оқушылар түсінбеген жерлері мен сұрақтарын стикерге жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 18	Мәтін және сөз мағынасын білу		
Мақсаты:	Оқушыларға мәтін және сөздің мағынасы жайлы толық мәлімет беріп, олардың ой-пікірін қалыптастыру. Ой-өрісін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту.		
Күтілетін нәтиже	Оқушылар мәтін және сөздің мағынасы жайлы толық мәлімет алады, олардың ой-пікірі қалыптасады. Ой-өрісі, сөйлеу шеберлігі, тіл мәдениеті дамиды.		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, «Кубизм» стратегиясы. түсіндіру, сөздікпен жұмыс		
Қолданылатын ресурстар	Интерактивті тақта, дид. материалдар, кестелер, кеспе қағаздары, тірек сызбалар.		
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Мәтін және сөз мағынасын білу туралы не білесіңдер?	Сұраққа жауап береді.	
Білу	1-тапсырма. Мәтіннен жалпылама қолданылатын қарапайым сөздер мен термин сөздерді	Оқиды. Сөздер мен термин сөздерді	

	ажыратындар. Терминдерді теріп жазып, ғылымның қай саласына катысты екенін айтындар. Осы мәтінге ат қойындар. Сол тақырып пен мәтін мазмұнының байланысына назар аударындар. Асыл сөздердің мән-мағынасын ашу.	топтастырады. Мәтінге ат қояды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтіндегі көп нүктенің орнына төменде берілген қажетті терминдердің тиістісін қойып жазындар. Өлең – сөздің патшасы Берілген өлең шумақтарының жалғасын тауып, толық жатқа айту, авторларын анықтау.	Оқиды. Жазады. Өлеңнің жалғасын тауып, авторын анықтайды.
Қолдану	3-тапсырма. Мәтін мазмұнын түсініп оқындар. Оған ат қойындар. Мәтіннен басқа тілден енген сөздерді теріп жазып, тірек сөздерді анықтаңдар. Олардың мәтін мазмұнына қатысын айтындар. 4-тапсырма. Оқушылар мақал-мәтелдің мағынасын танып, жауап беріп, бүгінгі сабақтың тақырыбын негізгі түйінді идеясын айтады. Ата-бабаларымыздың шешендік сөздерінің шешімін тауып, жалғастырыңыздар.	Оқиды. Ат қояды. Жазады. Айтады. Мақал-мәтелдер мағынасын түсіндіреді.
Талдау	5-тапсырма. Орыс тілінен енген кейбір сөздердің қазақ тілі заңдылығына икемделіп өзгергеніне назар аударындар. Өздерің білетін осындай сөздерді естеріңе түсіріп дәптерлеріңе жазындар. Тақырыпты талдау. Оқушылар тақырыпқа қатысты тапсырмалар орындау арқылы топпен жарысады. Оқушылар тапсырманы орындап, алғашқы болғандар оқып түсінік береді, оқушылардың қойған қосымша сұрақтарына жауап береді.	Жазады. Талдайды.
Жинақтау	6-тапсырма. Жаңа тақырып төңірегінде сұрақтар дайындау. Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып сабақты қорытындылайды.	Сұрақтар дайындайды. Қойылған сұрақтарға жауап береді.
Бағалау	Мен мәтін және сөз мағынасын үйренемін. Себебі ...	Ойларын дәлелдеп айтады.
Рефлексия	Б. Нені білдім? Б. Білгім келеді	Өздерінің мәтін және сөз мағынасын туралы тағы нені білгісі келетіндері туралы жазады.

Тақырыбы 19	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі ерекшелігі	
Мақсаты:	Стиль түрлерінің ерекшеліктерін, бір-бірімен байланысын, жүйелілігін түсіндіру. Өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізе білуге үйрету. Халық даналығы арқылы білімділікке баулу.	
Күтілетін нәтиже	Стиль түрлерінің ерекшеліктерін, бір-бірімен байланысын, жүйелілігін түсінеді. Өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізе білуге үйренеді. Халық даналығы арқылы білімдерін жетілдіреді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, семантикалық карта, ойын түрі, ой толғау, шығармашылық жұмыс.	
Қолданылатын ресурстар	АКТ, кәртішкелер, кестелер, сызба	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі ерекшелігі туралы не айта аласыңдар?	Сұраққа жауап береді
Білу	1-тапсырма. Стильдердің ерекшелігі туралы тыңдап, сұрақтарға жауап береді.	Мұқият тыңдайды Сұрақтарға жауап береді
Түсіну	2-тапсырма. Стильдердің тілдік құралдары туралы оқып, бір-біріне айтып береді.	Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, әңгімелеп береді.
Қолдану	3-тапсырма. 1 минут уақыт беріледі. Осы уақыт ішінде таңдаған тақырыпқа мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер айтып шығу керек. 1.Газет бетіне мақала жазады. «Батыр таққа таласпайды, тақты қорғайды»	Мақал-мәтелдер айтады. Мақала жазады.
Талдау	2.Сұхбат алуға сұрақ дайындайды. «Мамандық таңдау - жауапты іс» 4-тапсырма. Берілген құжаттың атауын, қай стильге тән екенін айтыңдар. Екі минуттың ішінде топпен бірлесіп әр стильдің түріне бір мысалдан құрастырып жазу керек.«Көркем айтылған ой - ұлы». Оқушылар құрастырған мысалдарын бір - біріне жасырып оқиды. Яғни қай стильге тән екенін анықтау керек.	Сұхбатқа сұрақ дайындайды Айтады. Мысал жазады. Оқиды. Стилін анықтайды.
Жинақтау	5-тапсырма. Берілген сөйлем қай стильге тән, құрмалас сөйлемнің қай түрі? Сызбасын жазыңдар. Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті. (бағ,бағ,бас,бас) 2.Тұрақты сөз тіркестері қай стильде	Стилін, құрмалас сөйлем түрін анықтайды. Тұрақты тіркестер мағынасын түсіндіреді.

	кездеседі? Берілген тұрақты сөз тіркестерінің мәнін аш? Қорытынды: Тақырыпты семантикалық карта жүйесімен қорытындылау. Бірін-бірі бетпе-бет көріп отырған екі не одан да көп адамдардың өзара пікір алысуы, түсінісуінде қай стиль қолданылады? “Акуыз синтезі” қай стильге жатады? Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы Қиыннан қиыстырар ер данасы..... Құрмалас сөйлем дегеніміз кем дегенде екі жай сөйлемнен тұрып, күрделі ойды білдіреді..... “Хаттама, мінездеме, хабарлама” стильдің қай түріне жатады? “Айтпақшы”, “тәйірі”, “ұят-ай” сияқты сөздер қолданылатын стиль түрін анықтаңыз. Өмірбаян, кепілхат қай стиль түріне жатады?	Семантикалық картаны толтырады. Сұрақтарға жауап жазады.
Бағалау	Көркем сөйлей білу және сауатты жаза білу - мәдениеті адамдарға ең қажетті құндылық.	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің адам өміріне пайдасын бағалайды.
Рефлексия	Не оңай болды? Не қиын болды?	Сабақта ненің оңай, ненің қиын болғаны туралы айтады.

Тақырыбы 20	Ауызша сөйлеу тілі (монолог және диалог)	
Мақсаты:	Сөйлеу әрекеттерін (монолог, диалог) дамыту, эвристикалық сұрақтар қою арқылы ойлау белсенділігін арттыру, шығармашылыққа баулу.	
Күтілетін нәтиже	Сөйлеу әрекеттері (монолог, диалог) дамиды, бір-бірлеріне эвристикалық сұрақтар қою арқылы ойлау белсенділігі артады, шығармашылықпен жұмыс жасайды.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, семантикалық карта, ойын түрі, ой толғау, шығармашылық жұмыс.	
Қолданылатын ресурстар	АКТ, кәртішкелер, кестелер, сызба тапсырмалар, оқулық, <i>ақпараттық ресурстар</i>	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Монолог дегеніміз ... Диалог дегеніміз ...	Ойды жалғастырады.
Білу	1-тапсырма. Оқушылар «Жастар мәдениетінен»	Мұқият тыңдайды

	тінін тыңдайды. 2-тапсырма. Диалогтармен жұмыс жүргізу кезеңі. Оқушыларға сұрақтармен немесе жауаптармен үлестірме парақшалар беріледі. Мұғалім парақшаларды аралас береді, оқушылар не жазылғанын білмейді. Олардың міндеті -ептілік көрсетіп естіген сөйлемге тез жауап беру.	Сұрақтарға жауап береді Өзара сөйлеседі.
Түсіну	3-тапсырма. Монологпен жұмыс жүргізу Оқушыларға өздерінің хоббиі, музыкаға және модаға деген қызығушылықтары туралы сұрақтары бар үлестірме қағаздар беріледі, олардың айсысы мүмкіндігінше дайындалып монологтарын әңгімелейді.	Оқушылар хоббиі туралы монолог айтады.
Қолдану	4-тапсырма. Сұрақтар бойынша диалог құрастырып, өзара сөйлесу. Жастар қандай музыканы тыңдады? Олар қандай киімдер киді? Олардың қызығушылықтары не болды?	Сұрақтарға жауап береді.
Талдау	5-тапсырма.Сұраққа жауап беру. Тұрақты сөз тіркестері қай стильде кездеседі? Берілген тұрақты сөз тіркестерінің мәнін аш? Бірін-бірі бетпе-бет көріп отырған екі не одан да көп адамдардың өзара пікір алысуы, түсінісуінде қай стиль қолданылады? “Ақуыз синтезі” қай стильге жатады? Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы Қиыннан қиыстырар ер данасы..... Құрмалас сөйлем дегеніміз кем дегенде екі жай сөйлемнен тұрып, күрделі ойды білдіреді..... “Хаттама, мінездеме, хабарлама” стильдің қай түріне жатады? “Айтпақшы”, “тәйірі”, “ұят-ай” сияқты сөздер қолданылатын стиль түрін анықтаңыз. Өмірбаян, кепілхат қай стиль түріне жатады?	Сұрақтарға жауап береді.
Жинақтау	6-тапсырма. «Мәдениетті жастар» деген тақырыпта өзара сөйлеседі немесе монолог айтады.	Өзара сөйлеседі. Монолог айтады.
Бағалау	Көркем сөйлей білу және сауатты жаза білу мәдениеті адамдарға ең қажетті құндылық.	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің адам өміріне пайдасын бағалайды.
Рефлексия	Не оңай болды? Не қиын болды?	Сабақта ненің оңай, ненің қиын болғаны туралы айтады.

Тақырыбы 21	Дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу шарттары	
Мақсаты:	Түрлі әдістерді пайдалана отырып, балалардың тапқырлық, жылдамдық, есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөйлеу тілін жетілдіріп, шешендік өнерге баулу.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылардың тапқырлық, жылдамдық, есте сақтау қабілеттері артады, сөйлеу тілдері жетіліп, шешендік өнерге үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	ДЖИГСО, Диалогтық оқыту, РАФТ, «Ыстық орындық» сұрақ-жауап, түсіндіру	
Қолданылатын ресурстар	АКТ, слайдтар, оқулық, стикер, қосымша материалдар.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу шарттары қандай?	Сұраққа жауап береді.
Білу	<i>1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді.</i>	Тыңдайды. <i>Сұрақтарға жауап береді.</i>
Түсіну	2-тапсырма. Слайд-диктант. Слайдта сөз және сурет берілген. Егер суреттің мағынасы дұрыс жазылса, + қоясыңдар. Егер суреттің мағынасы дұрыс жазылмаса, - қоясыңдар. (Бір-бірлерін тексереді). Түзету. Жаңа келген оқушының дәптерін тексеріп талдаңдар. (грамматикадан ... қате жіберді, мына сөздердің ... лексикалық мағыналары дұрыс емес.)	+ , - таңбасын қойып, тексереді. Тексереді. Түзетеді. Талдайды.
Қолдану	3-тапсырма. Жұп болып, өзекті тақырыпты таңдап алып, диалог жазып, өзара сөйлеседі. Басқа оқушылар тыңдап, баға береді.	Жазады. Сөйлеседі
Талдау	4-тапсырма. Жұп болып, өзекті тақырыпты таңдап, жазған диалогтарын монолог түрінде жазады. Мәтіндерін талдайды.	Жазады. Талдайды.
Жинақтау	5-тапсырма. «Дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу шарттары» тақырыбында ойтолғау жазу	Зерттеу жұмысын жүргізеді.
Бағалау	Мен адамдардың дұрыс сөйлеп, дұрыс жазу шарттары сақтағандарын қалаймын, себебі ...	Ойларын ортаға салады. Түсіндіреді.
Рефлексия	-Оқушылар, бүгінгі сабақта не үйрендік? Сабақтың қай тұсы қызықты болды? Постер дайындау «Мағжан өлеңдерінің тәрбиелік мәні»	Оқушылар рефлексия жасайды.

Тақырыбы 22	Сөз қолданудың негізгі принциптері	
Мақсаты:	Сөз қолданудың принциптерін зерттеуде өзіне тән ерекшеліктерін меңгерте отырып, оқушыларды өзіндік ойлауға дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Сөз қолданудың принциптерін зерттеуде өзіне тән ерекшеліктерін меңгереді. Оқушылар өзіндік ойлауға дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	ББҮ кестесі, талдау, пікір сайыс, сұрақ - жауап. талдау	
Қолданылатын ресурстар	интерактивті такта, кітаптар, суреттер. кітаптар , қосымша материалдар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Сөз қолданудың негізгі принциптері дегеніміз не? Оқушыларға АКТ-дан суреттер көрсету , сол суреттерден оқушылар мәтін немесе қызықты диалог құру керек.	Сұраққа жауап береді. Сурет бойынша мәтін, диалог құрастырады.
Білу	1-тапсырма. Сөздерді мағынасына сай дәл қолдану керек. Сөздің мағынасын білмегендіктен қате жіберіледі. Мәтіндегі лексикалық қате жіберілген сөздерді тауып, қатені түзетіп дәлелде.	Оқиды. Түзетеді. Дәлелдейді.
Түсіну	2-тапсырма. Әр топқа арнайы тапсырмалар беріп, сол тапсырмалар төңірегінде оқушылар талдайды, пікір-аласау арқылы тапсырманы орындап түсінгендерін бір-біріне жеткізеді Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырмаларды дұрыс түсіне отырып мағанасын ашу, түсіне білу	Оқиды. Талдайды.
Қолдану	3-тапсырма. Жаңа тақырыпты меңгереді және өз пікірлерін ортаға салады, әр топтан оқушы шеңбер жасап отырған ортаға шығып өз ойын жеткізеді АКТ-дан сөздер көрсетіледі, көрсетілген сөздерді орынды қолдану керек, яғни сөз қолданудың негізгі принциптерін сақтап, сөйлемдері мағыналы жарнамалар жасау керек. Тапсырманың мақсаты: суреттерді қолдана отырып, көрініс дайындау.	Өз ойын айтады. Жарнама жасайды. Көрініс дайындайды.
Талдау	4-тапсырма. Сөздердің мағынасын дұрыс қолданып мәтін жазу үшін әр топқа тапсырма беріледі, әр топ өз тапсырмасын орындаған соң екінші топқа ұсынады Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру керек. Тапсырмаларын бір-біріне көрсету арқылы ой	Талдайды. Ой бөліседі.

	бөліседі, тақырыптың мағанасын аша отырып, өзара топпен талқылайды	Талқылайды.
Жинақтау	5-тапсырма. Мына сөздермен әңгіме жазыңдар.	Әңгіме жазады.
Бағалау	Егер мен автор болсам... жазар едім, себебі ...	Оқушылар ойларын ортаға салады.
Рефлексия	Стикерге жазыңдар. Не оңай болды? Не қиын болды? Не білгіңіз келді?	Не қиын болғанын, нені білгісі келетіндерін стикерге жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 23	Мәтінмен жұмыс (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым)	
Мақсаты:	Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ой еркіндігіне, ізденімпаздыққа баулу, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, өз беттерімен әрекеттенуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылардың есте сақтау қабілеттері артады. Ой еркіндігіне, ізденімпаздыққа үйренеді, сөйлеу мәдениеті жетіледі, өз беттерімен әрекеттенуге дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндіре, талдау, дәптермен жұмыс, ойтолғау	
Қолданылатын ресурстар	Оқушы дәптерлері. интербелсенді тақта /слайдтар көрсетемін/ плакат, маркерлер, стикерлер. кеспе қағаздар, кітап.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Мәтінмен қандай жұмыс түрлерін жасаймыз?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Мәтін қандай стильге жатады? Мәтіннің логикалық негізін табыңдар. Бұл жоба кімді қолдап жатыр? Қол қоямыз ба? Мәтін дегеніміз не?	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс істеу түрлерін оқиды. Әр топ мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерін бөліп алып, әңгімелейді.	Оқиды. Әңгімелейді.
Қолдану	3-тапсырма. Әр топ өздерінің әңгімелеген кезеңдері бойынша мәтінмен жұмыс істейді, қорғайды.	Оқиды. Мағынаны ашады. Қорғайды.
Талдау	4-тапсырма. Суреттер қойып соған қарап мәтін құратқызамын. Мәтіндегі проблема қандай? Автордың проблемаға қатынасы қандай?	Талдайды.

	Мәтінді талқылай отырып, автор қандай шешімге келді? Автор позициясы – бұл мәселе жауабы. Автордың көзқарасымен келісесіңдер ме? Өз ойларыңды дәлелдендер.	
Жинақтау	5-тапсырма. Сұрақтарға жауап береді. Мәтін дегеніміз не? Мәтіндегі ой бөліктері дегенді қалай түсінесің? Мәтін мен мазмұнның байланысы дегенді қалай түсінесің?	Сұрақтарға жауап береді.
Бағалау	Мен мәтінмен ..., ..., жұмыс түрлерін жасай аламын. Мәтінмен жұмыс жасай білу керек, себебі	Ойларын айтады.
Рефлексия	Өздеріңді бас бармақтың көмегімен бағалаңдар.	Бас бармақпен бағалайды.

Тақырыбы 24	Оқылым. Кітаппен және басқа ақпарат құралдарымен жұмыс істеу тәсілдері	
Мақсаты:	Оқушылардың бойына халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі - қасиеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын сіңіру. Оларды мәтінді түсініп, шапшаң оқи білуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі - қасиеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын үйренеді. Оларды мәтінді түсініп, шапшаң оқи біледі.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу	
Қолданылатын ресурстар	Кескіндер, суреттер, аудио-видео сюжеттер, телефондар.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Суреттерді талдай отырып, сабақтың тақырыбын ашыңдар.	Талдайды. Сабақ тақырыбын ашады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.	Мұқият тыңдайды. Жазады. Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіндегі синоним сөздерді теріп жазыңдар. Мәтінде қандай мәселе көтерілді? Себебін жазыңдар.	Оқиды. Тест тапсырмасын орындайды.
Қолдану	3-тапсырма. Мәтінді түсініп, тез оқып жарысу. Оқушылар мәтінді тез және түсініп оқып,	Оқиды. Кестедегі сөздермен толықтырады.

	мазмұнын айтады. Басқа оқушылар тыңдап, сұрақ қояды.	
Талдау	4-тапсырма. Оқыған мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап беру. Мәтін не туралы? Бір сөйлеммен жауап беріңіз. Мәтіннің негізгі идеясы қандай? Негізгі ойды айтыңдар. Кейіпкерлерге мінездеме бер. Кейіпкердің іс әрекетін айтып бер. Автор пікірімен келісесің бе? Ойыңызды дәлелдеңіз.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді.
Жинақтау	5-тапсырма. Мәтіндегі мәліметтерді кесте түрінде ұсыныңыз.	Кестеге жазады. Қорғайды.
Бағалау	Мәтінді тез оқығанда, мазмұнын да тез ұғатынымды білдім, алдағы уақытта үнемі кітап оқитын болдым, себебі...	Пікірлерін айтады.
Рефлексия	- нені білдік, нені үйрендік; - не әлі де түсініксіз; - қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет.	Ненің түсініксіз болғанын жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 25	Тыңдалым. Пікірталас	
Мақсаты:	Оқушыларды мәтінді мұқият тыңдап, автордың көтеріп отырған мәселесін түсіне алуға үйрету; Мәтін мазмұнын көркем, жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар мәтінді мұқият тыңдайды, автордың көтеріп отырған мәселесін түсінеді; Мәтін мазмұнын көркем, жүйелі жеткізе білуге дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, иллюстрациялық түсіндіру, сипаттау, салыстыру, сұрыптау, жинақтау, талдау, интерактивті, тірек белгілері, топтау стратегиясы, ойын элементтерін пайдалану, сұрақ - жауап, қызығушылықты ояту стратегиясы.	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, тақырыпқа сәйкес кітаптар, буклеттер, альбомдар, суреттер, интерактивті тақта.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	«Өзің білме, білгенді тыңдама» деген мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіреді. Мұқият тыңдау арқылы біз ...	Түсіндіреді. Ойды жалғастырады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Мәтіннің мазмұны мен идеясына негізделген тест тапсырмаларын орындап, төрт нұсқаның ішінен 1 жауапты белгілеңіз.	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, мазмұны бойынша бір-бірлеріне сұрақ қояды, жауап береді. Мәтін	Тыңдайды. Өзара сөйлеседі. Мазмұнын әңгімелейді

	мазмұнын әңгімелеңдер.	
Қолдану	3-тапсырма. Оқушылар өздерінің білетін әңгімелерін кезекпен айтады. Басқа оқушылар тыңдайды.	Әңгіме айтады. Тыңдайды.
Талдау	4-тапсырма. Тыңдаған мәтіндері туралы өз пікірлерін айту. Өзгелердің пікірлерін тыңдау. Пікірлерді салыстырады. Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ...» Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіре аламын ...» Үшінші сөйлем « Оны мынандай мысалдар келтіріп, дәлелдей аламын» Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шығарамын ...»	Пікірлерін айтады. Тыңдайды.
Жинақтау	5-тапсырма. Өздерінің тыңдаған сүйікті әндерінің мазмұнын қара сөзбен жазу.	Тыңдаған әндерінің мазмұнын қара сөзбен жазады
Бағалау	Мұқият тыңдау арқылы біз ...	Ойларын айтады.
Рефлексия	Смайликтер Барлығы түсінікті; Жартылай түсінікті; Түсінген жоқпын.	Оқушылар жартылай түсінгендерін, түсінбегендерін жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 26	Риторика. Ойлау және айтылым	
Мақсаты:	Оқушыларға шешендік сөздің мазмұндылығын, сөз дәлдігін, тіл тазалығын, тіл көрнектілігін және қазіргі шешендердің сөйлеу өнерін үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар шешендік сөздің мазмұндылығын, сөз дәлдігін, тіл тазалығын, тіл көрнектілігі және қазіргі шешендердің сөйлеу өнерін үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап саралап деңгейлеп оқыту,іздендіру әдістері.	
Қолданылатын ресурстар	Тірек сызбалар, кестелер, кәртішкелер интерактивті тақта арқылы вбалар,кесте,портрет-суреттер.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Шешендік өнер дегеніміз не? Оның алғашқы негізін салушы кім болған? Қазақ риторикасын сөз еткенде алдымен ауызға кімдерді аламыз?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Әңгіме өзегінің дәлелі (аргументі) болу керек. Шешендік өнердің ел өмірінде орны қандай?	Оқиды. Сұраққа жауап береді.

	Шешендік өнердің бастауы - халық ауыз әдебиеті үлгілері. Мысал келтіріңдер.	
Түсіну	2-тапсырма. «Даналық сөзден дән ізде» Қазыбек би, Әйтеке би, Төле би сөздерін оқып, мағынасын түсіндіреді.	Оқиды. Әңгімелейді. Сұраққа жауап береді.
Қолдану	3-тапсырма. Әр топ Қазыбек би, Әйтеке би, Төле би өмір жолдарын оқып, олардың қоғамдық өмірде алатын орны туралы әңгімелейді.	Ойланады. Естеріне түсіреді. Жазады.
Талдау	4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру. Аңыз әңгімелер мен шешендік сөздердің ерекшеліктері қандай? Венн диаграммасы. Шешендік толғау мен шешендік арнаудың ұқсастық ерекшеліктері.	
Жинақтау	“Шешендік сөздің негізгі белгілері” тақырыбында іздену жұмысы. Шешен – билердің сөздерін есте сақтау. «Шешен тіл шешер сан істі» тақырыбында шағын шығарма жазу.	Қорытынды сұрақтарға жауап береді.
Бағалау	«Бүгінгі күні біз шешендік өнерді қалай дамытып жатырмыз?» - деген сұраққа өз ойларын айту.	Ойларын айтады.
Рефлексия	Бас бармақ – мен түсіндім Балаң үйрек – мен білгім келеді Ортаң терек – маған қиын болды Шылдыр шүмек – мен тапсырманы түсіндім Кішкентай бөбек - мен тырысамын	Оқушылар білгісі келетіндерін, ненің қиын болғанын жазады, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 27	Шығармашылық жазу жұмыстары (хат, күнделік және т.б.) жазба жұмыстары	
Мақсаты:	Оқушылардың қабілетіне әсер ету, шығармашылық жұмыстарға баулу. Оқушылардың таным белсенділігін арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылардың қабілетіне әсер етіп, шығармашылық жұмыстар жасайды. Оқушылардың таным белсенділігі артып, логикалық ойлау қабілеті дамиды.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндіру, талдау, сұрақ-жауап, қос жазба күнделігі, ББҮ (білемін, білгім келеді, үйрендім)	
Қолданылатын ресурстар	Суреттер, газеттер, бүктемелер, ребустар, кеспелер, оқулықтар, слайдтар, интерактивті тақта	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Хат, күнделік жаздыңдар ма? Не үшін жазу керек деп ойлайсыңдар?	Сұрақтарға жауап береді.

Білу	1-тапсырма. Оқушылар хат, күнделік және т.б. жазба жұмыстар үлгісін оқиды. Өздерінің айт мерекесін қалай қарсы алғандары, қалай өткізгендері туралы әңгімелейді. Басқа қалада тұратын достарына айт мерекесін қалай өткізгендері туралы және басқа жаңалықтарды айтып хат жазады. Топта хаттарын оқып, ең үздік хатты сынып алдында оқиды.	Оқиды. Әңгімелейді. Жазады.
Түсіну	2-тапсырма. Ақын-жазушылардың жазған күнделіктері туралы мәтін оқиды. Күнделік жазудың пайдасын түсінеді. Әр оқушы өздерінің естерінде қалған әр күнде не істегендері туралы жазады. Қазіргі уақытқа дейін жасаған істеріне есеп жазып, келер күнге жоспар құрады.	Оқиды. Жазады.
Қолдану	3-тапсырма. Жағдаят жазу. Сынып оқушыларымен бірге театрға барып, қойылым көрдіңдер. Қойылым ұнады ма?(ұнамады ма?) Неліктен? Қандай сезімде болдыңыз?	Жазады.
Талдау	4-тапсырма. Хатты оқып, талдау жасаңдар. Ы.Алтынсариннің Н.И.Ильминскийге жазған хатын оқиды. Жұмыс барысы бойынша жазылған хат пен досына (туыстарына) жазған хатты салыстырады. Әр хаттың ерекшелігін айтады. Хат жазудың пайдасын айтып, мысал келтіріп дәлелдейді.	Талдайды.
Жинақтау	5-тапсырма. Ойды жалғастырыңдар. Хат - Күнделік - ...	Ойды жалғастырады.
Бағалау	Мен хат пен күнделікті үнемі жазатын болдым, себебі ...	Ойларын айтып, дәлелдейді.
Рефлексия	Сұрақ (Бүгінгі сабақ ұнады ма?) Қосымша сұрақ (Бүгін не білдіңдер?) Сенім білдіру (Халықтың салт-дәстүрін жалғастырушы сендерсіңдер деп сенемін).	Сабақтан алған әсерін айтады. Көңіл күй смайликтеріне стикерлерді орналастырады

Тақырыбы 28	Мақал-мәтелдер, нақыл-өсиет сөздердің шындығы
Мақсаты:	Оқушылардың мақал-мәтел туралы білім, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу; Оқушылардың логикалық ойлауын, ой дәлдігін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, түрлі амал-тәсілдер арқылы іздендіру.

Күтілетін нәтиже	Оқушылардың мақал-мәтел туралы білім, білігі тереңдейді, салыстыра алады, ажырата алады. Оқушылардың логикалық ойлайды, ой дәлдігі дамиды, сөйлеу мәдениеті жетіледі, түрлі амал-тәсілдер арқылы ізденеді.										
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, іздендіру, түсіндіру, ой қорғау, ассоциация, салыстыру, талдау.										
Қолданылатын ресурстар	Кесте, тірек сызба, суреттер. «Қазақтың мақал-мәтелдері», «7777 мақал мен мәтелдер» кітаптары, үлестірмелі кеспелер, Абайдың нақыл сөздері										
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті									
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Мақал-мәтел дегеніміз не?	Сұраққа жауап береді.									
Білу	1-тапсырма. Мақал-мәтелдер тыңдайды. Мағынасын түсіндіреді. Мағынасына сәйкес ойларын айтады.	Мақал-мәтелдерді тыңдайды. Түсіндіреді. Сәйкестендіреді.									
Түсіну	2-тапсырма. «Пікіріңді білдірсең» Кесте толтырады <table border="1" data-bbox="450 985 1144 1440"> <tr> <td>Мақал-мәтелдер</td><td>Абайдың сыны</td><td>Менің пікірім</td></tr> <tr> <td>Қалауын тапса, қар жанады</td><td>Адамнан сұрамай, еңбектену керек</td><td></td></tr> <tr> <td>Атың шықпаса, жер өрте</td><td>Жер өртеген не мұрат?</td><td></td></tr> </table>	Мақал-мәтелдер	Абайдың сыны	Менің пікірім	Қалауын тапса, қар жанады	Адамнан сұрамай, еңбектену керек		Атың шықпаса, жер өрте	Жер өртеген не мұрат?		Пікірін білдіреді. Кесте толтырады.
Мақал-мәтелдер	Абайдың сыны	Менің пікірім									
Қалауын тапса, қар жанады	Адамнан сұрамай, еңбектену керек										
Атың шықпаса, жер өрте	Жер өртеген не мұрат?										
Қолдану	3-апысырма. Мәтелдерді теріп жазу ----- Мақалдарды теріп жазу 1) Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады. 2) Отан үшін отқа түс - күймейсің. 3) Еңкейгенге еңкей - Басың жерге жеткенше, Шалқайғанға шалқай - Төбең көкке жеткенше. 4) Отбасы толған жансың, Бір-біріңе мейман жансың. 5) Үлкенді сыйласаң - қадірлі боласың, Кішіні сыйласаң - құрметті боласың. 6) Ағасы бардың - жағасы бар,	Жазады.									

	Інісі бардың - тынысы бар.	
Талдау	4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру. 1.Мақал деген не? 2.Мәтел деген не? 3.Мақал мен мәтелдің айырмашылығы неден байқалады? 4.Мақал мен мәтелдің ой түйіндеу тұрғысынан қарағандағы ерекшеліктерін ата. 5.Мақал мен мәтелдің құрлымы жағынан айырмашылықтарын ата.?	Талдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Жинақтау	5-тапсырма. Мақалдарды оқып, мағынасын түсіндіру. Мақалдар мен мәтелдерді ажыратып, баған түрінде жазу (Кестемен жұмыс). Құрамында сан есім бар 10 мақал жазу.	Түсіндіреді. Кестемен жұмыс жасайды. Жазады.
Бағалау	Мақалдар мен мәтелдердің көркемдігін дәлелдеп анықтама жазыңдар.	Анықтама жазады.
Рефлексия	Не оңай болды? Не қиын болды?	Сабақта ненің оңай, ненің қиын болғаны туралы айтады.

Тақырыбы 29	Көркемдегіш құралдар. Теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме, кейіптеу, сипаттау.	
Мақсаты:	Теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме, кейіптеу тәсілдерін меңгерту, оны көркем туындыда ажырата білуге үйрету; Кез келген көркем шығармадан теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме кейіптеу түрлерін таба білуге бағыттау.	
Күтілетін нәтиже	Теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме, кейіптеу тәсілдерін меңгереді, оны көркем туындыда ажырата білуге үйренеді; Кез келген көркем шығармадан теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме, кейіптеу түрлерін таба адады..	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сөздік, жаттығу, сұрақ-жауап, көрнекілік, талдау, баяндау	
Қолданылатын ресурстар	Билердің портреттері, шешендік сөздер жинағы, сюжетті суреттер, кестелер, сызбалар, үлестірімелер; слайдтар.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	«Шешендік сөздер» тақырыбына 1.Шешендік толғау. 2.Шешендік арнау. 3.Шешендік дау. құрастырылған суреттер артында сабақ тақырыбы анықтайтындай сөйлеммен топтастырыңдар.	Топтастырады.

Білу	1-тапсырма. Әр топ өз тақырыптарын (теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме) ережесін оқып, мысал келтіріп басқа оқушыларға түсіндіреді.	Оқиды. Түсіндіреді.
Түсіну	2-тапсырма. Шешендік сөздердегі теңеу сөздерді тауып, теңелген нәрсе мен теңелуші нәрсені тіркестіріп жазыңдар. Мәтіннен эпитетті тауып, қай сөз табынан екенін анықтаңдар. Мысалдан салыстыруды, метафораны табыңдар.	Жазады. Салыстыруды, метафораны табады.
Қолдану	3-тапсырма. Мәтіннен эпитет, салыстыру, метафораны табыңдар, түсіндіріңдер.	эпитет, салыстыру, метафораны табады, түсіндіреді.
Талдау	4-тапсырма. Көркемдегіш құралдарға анықтама беру, талдау. Көркемдегіш құралдарға ..., ..., ... жатады. Теңеу дегеніміз Мысалы ... Эпитет дегеніміз Мысалы ... Метафора дегеніміз ... Мысалы ... Портрет дегеніміз Мысалы Мінездеме дегеніміз Мысалы ... Кейіптеу дегеніміз Мысалы	Анықтама береді.
Жинақтау	Теңеу, эпитет, метафора, портрет, мінездеме, кейіптеу, сипаттауды қатыстырып, көркем шығарма жазыңдар.	Жазады.
Бағалау	Мен шешендік сөздерді жаттаймын және күнделікті өмірде пайдаланамын, себебі	Пікірлерін, шешендік сөздерді пайдалану себебін айтады.
Рефлексия	Мен.... таныстым...;маған оңай болған жоқ. Ерекше ұнағаны...;рахмет айтамын. Мен болашақта...; ..жазып көремін. Келер күнге тілегім....	Тақырыптан қиын болған жерін айтып жазады, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 30	Өмірбаян. М.Мақатаев «Менің өмірбаяным» өлеңі
Мақсаты:	Іс қағаздарын дұрыс әрі қатесіз толтыруға үйрету; Іс қағаздары стилінің бір түрі – өмірбаян жөнінде толық мағлұмат беру; Тәжірибеде қолдана білуге баулу.
Күтілетін нәтиже	Іс қағаздарын дұрыс әрі қатесіз толтыруға үйренеді; Іс қағаздары стилінің бір түрі – өмірбаян жөнінде толық мағлұмат алады; Тәжірибеде қолдана білуге үйренеді.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, түсіндіру. дәптермен жұмыс, құжаттармен жұмыс.
Қолданылатын ресурстар	Кітаптар , қосымша материалдар, іс қағаздары үлгілері, өмірбаян түрлері.

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	М.Мақатаев туралы не айта аласыңдар?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Өлеңді тыңдап, сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айтады.	Өлеңді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұраулы сөйлемдер құрастырып, өзара сөйлеседі. Өлеңде кім өз өмірбаяны туралы жазған? Өлеңнің мазмұны түсінікті ме?	Оқиды. Өзара сөйлеседі. Сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	3-тапсырма. Өмірбаян стиліне сай өз өмірбаяндарын жазу.	Өз өмірбаянын жазады.
Талдау	4-тапсырма. Қазақ әдебиетінен ақын-жазушылардың автобиографиялық өмірбаяндарынан таңдау бойынша бір өмірбаян дайындау.	Бір ақын-жазушыға өмірбаян дайындайды.
Жинақтау	5-тапсырма. Өмірбаян қандай іс қағаз үлгісіне жатады,оның қандай түрлері бар? Аймақтық компонент бойынша Қайым Мұқаметхановтың саяси-қоғамдық өмірбаянын оқу, танысу, талдау. Саяси-қоғамдық өмірбаянның жай өмірбаяннан айырмашылығы неде?	Талдайды.
Бағалау	Мен өз өмірбаянымды көркем жаза білемін. Өмірбаян ол - ...	Ойын айтады.
Рефлексия	Стикерге жазыңдар. Не оңай болды? Не қиын болды? Не білгіңіз келді?	Не қиын болғанын, нені білгісі келетіндерін стикерге жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 31	Мәтіндегі негізгі ой, жоспар құру	
Мақсаты:	Мәтінді тыңдағанда немесе оқығанда негізгі ойды түсіне білуге, мәтін бойынша жоспар құруға үйрету. Негізгі ойды өз сөзімен, жүйелі айта білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Мәтінді тыңдағанда немесе оқығанда негізгі ойды түсінеді, мәтін бойынша жоспар құра алады. Негізгі ойды өз сөзімен, жүйелі айта білуге дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	<i>Түсіндіру, суреттеу, салыстыру, сұрақ-жауап, сөздікпен жұмыс, бағалау, бекіту</i>	
Қолданылатын ресурстар	<i>Дидактикалық материалдар, кестелер, кеспе қағаздары, тірек сызбалар.</i>	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты	Мәтіндегі негізгі ой	Ойды жалғастырады.

ояту		
Білу	1-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын, негізгі ойды анықтап, ат қойындар, бір-біріңе әңгімелеңдер. Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады деген тақырыпта мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.	Мәтінді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	2-тапсырма. Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады деген тақырыпта мәтінді түсініп оқып, сұраулы сөйлемдер құрастырып, өзара сөйлесіңдер.	Оқиды. Сұраулы сөйлемдер құрастырады. Сөйлеседі.
Қолдану	3-тапсырма. Мәтінді оқып талдандар. Екі топқа тапсырма беріледі, сол бойынша оқушылардың ой-пікірін білемін. I топ – Баспасөз беттері туралы мәлімет II топ – Жаңа техникалық құралдары туралы мәлімет. (компьютер, сайт, интернет, т.б.) Ортақ сұрақ: қай бағытпен оқыған тиімді? Екі топ сұраққа жауап бере отырып, өздеріне берілген тапсырманы қорғап шығулары керек.	Ой-пікірлерін айтады. Сұраққа жауап береді. Тапсырманы қорғайды.
Талдау	4-тапсырма. Сұрақтараға жауап беру. Кітапхана – не? Кітаптың маңызы қандай? Кітапты қалай оқу керек? Қазіргі таңда жастардың кітап оқу үрдісі қандай деңгейде? Сізді кітапханадағы қандай кітап қызықтырады? 5-тапсырма. Ұлы тұлғалар сөзін оқып, мағынасын түсіндіреді. Кітап туралы Шекспир былай деген: «Кітап - маған тақтан да қымбат!». «Кітапсыз өмір сүру қиын » деген А. Байтұсынов. «Артық білім кітапта» деген Абай атамыз. «Үйде кітап жоқ деген сөз – денемде жаным жоқ деген сөзбен бірдей» деген екен Цицерон. Кітап оқитын адам мен кітап оқымайтын адамды салыстырыңдар. Оқушылардың кітапқа қызығушылығын арттыру үшін өз ұсынысыңды айтып дәлелдендер.	Оқиды. Сұраққа жауап береді. Зерттейді Тыңдайды. Мағынасын өз сөздерімен айтып, ой түйіндейді.
Жинақтау	Жақсы кітап оқу - жақсы адаммен сырласқанмен бірдей деп Толстой атамыз айтқандай осы	Өзара пікірлерін айтады.

	тақырыпта пікірталас ұйымдастырындар.	
Бағалау	Кітапты көп оқыған мынадай нәтиже береді: біріншіден ..., екіншіден, ... т.б. Кітап оқығанның пайдасы шексіз, ал зияны жоқ.	Кітап оқығанның нәтижесін санамалап айтады.
Рефлексия	Өздеріңді бас бармақтың көмегімен бағалаңдар.	Бас бармақпен бағалайды.

Тақырыбы 32	Сөз қолдану мәдениеті мен жазу мәдениетінің байланысы	
Мақсаты:	Сөз қолдану мәдениеті туралы түсінік беру; Өзіндік практикалық әрекет ортасын қалыптастыру, сауатты, жазуға бейімдеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	
Күтілетін нәтиже	Сөз қолдану мәдениеті туралы түсінеді; Өзіндік практикалық әрекет ортасына қалыптасып, сауатты жазуға бейімделеді, ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды;	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, лекция	
Қолданылатын ресурстар	Сызбалар, кестелері, дидактикалық материалдар т.б.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Сөз қолдану мәдениеті дегеніміз ... Жазу мәдениеті дегеніміз ...	Ойды жалғастырады.
Білу	1-тапсырма. Сөзді дұрыс қолдану мен жазу мәдениеті Грамматикалық, мағыналық интонациялық принцип тері туралы тыңдайды. Бұл принциптардың неге баулитынын айтады.	Тыңдайды. Айтады.
Түсіну	2-тапсырма. 1. Сөз қолдану мәдениеті мен жазу мәдениетінің бір бірімен байланысы, туыстық қарым-қатынасы қандай, оны қандай мысалдармен дәлелдеп айтуға болады? «Ақылдың көзі - аталы сөз» «Тіл - ақылдың өлшемі» мағынасын түсіндір. Оқыған мәтіндеріндегі басты мәселелерді өмірмен байланыстырып өз ойларыңды еркін айтыңдар.	Сөздердің мағынасын түсіндіреді. Мәселені айтады.
Қолдану	3-тапсырма. «Жақсы сөз - жарым ырыс», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Сөзіне қарап кісіні ал», «Сөз өнері - дертпен тең» деген қанатты сөздерді тақырып етіп, мақала немесе шығарма жазыңдар.	Шығарма жазады.

Талдау	4-тапсырма: Төмендегі сөздердің мағынасын мақал-мәтелдермен жеткізіп, алмастырып көріңдер. Жоқшылық, кедейлік - «Қысқа жіп күрмеуге келмейді», «Жоқшылық жомарт ердің қолын байлайды», «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтып».	Сөздерді мақал-мәтелмен айтады.
Жинақтау	Сөз ... жоспарын құрастырыңдар. Топта талқылаңдар.	Жоспар құрастырады. Талқылайды.
Бағалау	Сөз ... картасын құрастырып, қажетті кездерде пайдаланамын. Менің ойымша ...	Карта құрастырады. Пайдаланып, сөйлемдер құрастырады.
Рефлексия	Стикерге жазыңдар. Не оңай болды? Не қиын болды? Не білгіңіз келді?	Не қиын болғанын, нені білгісі келетіндерін стикерге жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 33	Орфография, орфоэпия. Сөзді дұрыс айту, дұрыс жаза білу жолдары	
Мақсаты:	Орфография, орфоэпия туралы түсінігін кеңейту; Сөзді дұрыс айту, дұрыс жаза білу жолдарын меңгерту.	
Күтілетін нәтиже	Орфография, орфоэпия туралы түсінігі кеңейеді; Сөзді дұрыс айту, дұрыс жаза білу жолдарын меңгереді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, шығармашылық іздену	
Қолданылатын ресурстар	Семантикалық карта, қосымша материалдар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Орфография дегеніміз ... Орфоэпия дегеніміз	Ойды жалғастырып айтады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдайды. Сұрақ қояды, жауап береді. «Орфография» деген сөз «дұрыс жазамын» дегенді білдіреді. «Орфоэпия» - «дұрыс айтамын» деген сөз. Дыбыс үндестігі орфоэпияның негізгі нормаларының бірі болып табылады. Орфоэпиялық норма бойынша сөз бен қосымшаның шегіндегі, сөз бен сөздің аралығындағы дыбыстар бір-біріне үндесіп айтылуы керек.	Тыңдайды. Сұрақ қояды. Жауап береді.

Түсіну	2-тапсырма. сөздердің айтылуы мен жазылуына байланысты оқушылардың өздеріне мысалдар айтқызу және тақтаға жаздыру	Жазады.
Қолдану	3-тапсырма. Мына сөздердің айтылуын жаз. Сөйлемдер құрастыр. Көзқарас, шекара, бейсенбі, білекте, қашса, шашса.	Жазады.
Талдау	4-тапсырма. Төмендегі сөздерден айтылуы бойынша жазылған сөздерді тап және оны дұрыс жаз. Қонысбай, дүйсембі, сенбі, жұмышшы, бірқатар,сүссе, жасса, балмұздақты, Талдығорған, Меңдікүл	Сөздердің айтылуын жазады.
Жинақтау	5-тапсырма. Абайдың «Қыс» деген өлеңін орфоэпиялық нормамен жазып шық.	Өлеңді орфоэпиялық нормамен жазады.
Бағалау	Сөзді дәл қолданған мынадай мәселелерді шешеді: біріншіден ..., екіншіден ... және т.б.	Ойларын айтады.
Рефлексия	2 жұлдыз, бір тілек Екі жұлдыз – екі ұнаған нәрсе; Тілек – жақсартуды қажет ететін нәрсе.	Ұнаған нәрселері мен тілектерін ауызша айтады.

Тақырыбы 34	Практикалық жұмыс. Тест. Қайталау	
Мақсаты:	Оқушылардың сөйлеу мәдениеті туралы алған білімдерін жетілдіру. Оқу-танымдық бағдарлы құзыреттілігін арттыру мақсатында ситуациялық сұрақтарға жауап беру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылардың сөйлеу мәдениеті туралы алған білімдері жетіледі. Оқу - танымдық бағдарлы құзыреттілігін арттыру мақсатында ситуациялық сұрақтарға жауап береді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, ой қозғау, жұппен жұмыс	
Қолданылатын ресурстар	Әдістеме,оқулық, карточка, суреттер топтамасы	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ауызша, жазбаша сөйлеу тілі дегеніміз не?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Сұраққа жауап беру. Сурет бойынша ойларын айту. - Балалар, сөйлеу мәдениеті дегеніміз не? Енді есімізге түсірсек мына суреттерге назар	Сұраққа жауап береді. Суретке қарайды. Ойланады. Сурет бойынша ойларын ортаға

	аударайық.	салады.
Түсіну	2-тапсырма. Суретке қарай отырып, анықтамасымен, негізгі ойларымен, қорытынды жасап, мағынасы терең сөздермен, түсінікті тілде, бірізді мәтін жоспарын құрастырып, әңгімелеп айтыңдар.	Жоспар құрастырады. Әңгімелейді.
Қолдану	3-тапсырма. Ситуациялық жағдаяттар: Түрлі әдіс-тәсілдермен ситуациялық жағдаяттардан қалай шығатындарыңды айтып, дәлелдеме келтіріңдер.	Ситуациялық жағдаяттарды орындайды
Талдау	4-тапсырма. 2 топ өз тақырыптары бойынша тапсырмалар орындайды I топ. Тіл білімі дегеніміз ... Мысалы ... II топ. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз... Мысалы ... Тілді білетін және білмейтін адамды салыстырады, тіл білудегі мүмкіншіліктерді айтыңдар. Сөйлеу мәдениеті жоғары және төмен адамды салыстырып, сөйлеу мәдениеті жоғары адамның мүмкіншілігін айтады. Тіл білу мен сөйлеу мәдениетін меңгеруде қандай әрекеттер (сөз жаттау, мәтін тыңдау, есте сақтау, сөйлеу және т.б.) жасау керектігін айтыңдар, зерттеңдер, дәлелдендер.	Анықтама береді. Тапсырмалар орындайды. Салыстырады. Зерттейді. Дәлелдейді.
Жинақтау	Тақырыпты талқылау үшін жоспар құрастырып, кездесу ұйымдастырыңдар.	Жоспар құрастырады. Кездесу ұйымдастырады.
Бағалау	Тақырып туралы ..., ..., түсіндіре аламын ...	Түсіндіреді
Рефлексия	«Сэндвич» Не ұнады; Не нәрсені жақсарту керек; Маған ұнады, бірақ келесі жолы ...	Стикерді толтырып, плакатқа жапсырады.

11-сыныпқа арналған таңдау курсы бағдарламасының мазмұны

«Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі» атты таңдау курсының мазмұны оқушыға қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту, оқушыны өз ойын түсінікті жеткізуге үйрету, тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау мақсатын көздеді. Мазмұны негізгі VII бөлімге жіктелді.

1.Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі материалдарын жинақтау (5сағат). Кіріспе. Реферат (баяндама) тақырыбын таңдау және негізгі ойды ойластыру. Сөйлеу тілі мазмұнымен жұмыс: материалдарды жинақтау және жүйелеу. Интернет ресурстарын пайдалану арқылы өз бетімен жұмыс түрін ұйымдастыру. Негізгі ойларды іріктеп дәлелдеу. Цитат алу жолы.

2. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілде негізгі ойды дамыту(2сағат). Жоспарды алдын ала құрастыру. Бақылау жұмысы. Өткенді қайталау.

3.Ауызша және жазбаша сөйлеу тілді ойластыру: кіріспені, негізгі бөлімді, қорытындыны(6сағат). Пікір айту құрылымын ойластыру: сөз сөйлеуді, негізгі бөлімді, қорытындыны. Шығарма. Эпистолярлық жанр. Жазбаша сөйлеу тілі. Жазба мәтіні мен абзацтың мағыналы бөлімі. Жазба мәтіні мен абзацтың мағыналы бөлімі. Ауызша сөйлеу тілінің мағыналы бөлімі.

4.Ауызша және жазбаша сөйлеу тілдің нақты және дұрыс орынды қолданылуы(7сағат). Ойдың нақты жеткізілуі. Тілдік норма мен оның сипаттары. Тілдік норма мен оның сипаттары. Тілдік норма мен оның сипаттары. Нормативті сөздіктер мен анықтамалар. Тілдік жағдаяттың ерекшелігіне қарай сөйлеу тілін пайдалану. Лексикалық және грамматикалық синонимдер. Ауызша сөйлеу тілінің қазақ әдебиеті тілі нормасымен сәйкестігі

5.Оқырмандар мен тыңдармандарға эмоциялық әсер ету(6сағат). Сөйлеу тілінің мәнерлілігі. Жазбаша сөйлеу тілінде стильдерді пайдалану. Жұрт алдында сөз сөйлеуде сезімдеріне әсер ету. Ишара, қимыл, дауыс, сөйлеу ырғағымен сөз сөйлеу. Ресми іс жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі. Публицистикалық сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі.

6. Рефератты жұрттың алдында қорғау(7сағат). Сөз сөйлеуге психологиялық-физиологиялық тұрғыдан дайындық. Сөз сөйлеуге жаттығу. Өз-өзіне сенімділігін тудыру. Көркем сөйлеуді ойластыру. Жұрттың алдында сөз сөйлеуге психологиялық дайындық. Рефератты қорғап сөз сөйлеуді бағалау критерийі: мазмұндылығы. Тілдік нормаға сәйкес критерий. Сөйлеу тілінің мәнерлілігі. Сөйлеу тілінің әрекеттестік жетістігін қатысқандармен рефератты талқылау.

7. Қорытынды сабақ(1сағат). Бақылау жұмысы. Тест. Қайталау.

Оқу-тақырыптық жоспары. 11-сынып

№	Мо дуль	Тақырыбы	Сағат саны	Сабак тың өткізілу түрі	Шығарма шылық жұмыс	Мерзі мі
1	Ауызша және жазбаша сөй леу тілі мате риал дарын жинақтау	Кіріспе. Реферат (баяндама) тақырыбын таңдау және негізгі ойды ойластыру	1	Семинар	Материал дарды зерделеу, іріктеу	
		Сөйлеу тілі мазмұнымен жұмыс: материалдарды жинақтау және жүйелеу	1	Практика сабағы	Сұрақ- жауап, өз бетімен жұмыс, әңгімелеу	
		Интернет ресурстарын пайдалану арқылы өз бетімен жұмыс түрін ұйымдастыру	1	Практика сабағы	Топпен талқылау, тапсырма лар орындау	
		Негізгі ойларды іріктеп дәлелдеу	1	Әңгімеле су	Түсіндіру, жеке және топпен жұмыс	
		Цитат алу жолы	1	Практика сабағы, әңгімеле су	Сұрақ- жауап, Кәртiшке мен жұмыс	
2	Ауызша және жазбаша сөй леу тілде негіз гі ойды дамы ту	Жоспарды алдын ала құрастыру	1	Лекция, көркем әдебиет туралы мәлімет тер	Әңгімеле су, сұрақ- жауап	
		Бақылау жұмысы. Өткенді қайталау	1	Ауызша, жазбаша пікір білдіру	Сұрақ- жауап, тест	
	Ауызша және жазбаша сөй	Пікір айту құрылымын ойластыру: сөз сөйлеуді, негізгі бөлімді, қорытындыны	1	Лекция, сұхбат, салысты ру	Түсіндіру, сұрақ – жауап, топпен жұмыс	

3	леу тілді ойластыру : кіріс пені, негізгі бөлімді, қорытындыны	Шығарма. Эпистолярлық жанр. Жазбаша сөйлеу тілі	1	Мәтінмен жұмыс	Жарыс, топпен жұмыс	
		Жазба мәтіні мен абзацтың мағыналы бөлімі	1	Практикалық сабақ/презентация	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
		Ауызша сөйлеу тілінің мағыналы бөлімі	1	Практикалық сабақ/сайыс	Талдау, сұрақ-жауап	
		Жазба жұмыстарында ойды нақты жеткізу үшін қолданылатын тыныс белгілері	1	Практикалық сабақ	Пікір алмасу	
		Ойды дәл жеткізу үшін сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер	1	Практикалық сабақ/Мәтінмен жұмыс	Түсіндіру, мәтінді түзету	
4	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілдің нақты және дұрыс орынды қолданылуы	Ойдың нақты жеткізілуі	1	Лекция сабағы, сұхбат	Тақырып бойынша тапсырмалар орындау	
		Тілдік норма мен оның сипаттары	1	Практика сабағы	Сұрақ-жауап, ұжымдық талқылау	
		Нормативті сөздіктер мен анықтамалар	1	Практика сабағы	Мәтінді түзету, жеке жұмыс	
		Тілдік жағдаяттың ерекшелігіне қарай сөйлеу тілін пайдалану	1	Практика сабағы	Баяндама рецензисы	

		Лексикалық және грамматикалық синонимдер	1	Аралас сабақ	Мәтінді талдау, жазба жұмыстар	
		Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер	1	Практика сабағы	Сұрақ-жауап, сөйлемдерді талдау	
		Ауызша сөйлеу тілінің қазақ әдебиеті тілі нормасымен сәйкестігі	1	Практика сабағы	Сұрақ-жауап, әңгімелесу, топпен жұмыс	
5	Оқырмандар мен тыңдармандарға эмоциялық әсер ету	Сөйлеу тілінің мәнерлілігі	1	Лекция, сұхбат, презентация	Түсіндіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс	
		Жазбаша сөйлеу тілінде стильдерді пайдалану	1	Салыстыру	Рефератты дұрыс жазу	
		Жұрт алдында сөз сөйлеуде сезімдеріне әсер ету	1	Мәтінмен жұмыс	Жұппен жұмыс, аударма	
		Ишара, қимыл, дауыс, сөйлеу ырғағымен сөз сөйлеу тыңдармандар сезімдеріне әсер ету жолы	1	Әңгімелесу	Жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу	
		Ресми іс жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі	1	Практика сабағы	Жеке, жұппен жұмыс	
		Публицистикалық сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі	1	Практика сабағы	Сұрақ-жауап, көртішке мен жұмыс	
6	Рефератты жұрттың алдында	Сөз сөйлеуге психологиялық-физиологиялық тұрғыдан дайындық	1	Лекция, сұхбат	Ұжыммен, топпен жұмыс	

	қорғау	Сөз сөйлеуге жаттығу. Өз-өзіне сенімділігін тудыру	1	Презентация	Жұппен, топ пен жұмыс, әңгімелесу	
		Көркем сөйлеуді ойластыру	1	Сұхбат, презентация	Шығармашылық жұмыс/эссе жазу	
		Жұрттың алдында сөз сөйлеуге психологиялық дайындық	1	Мәтінмен жұмыс	Жұппен, топ пен жұмыс, әңгімелесу	
		Рефератты қорғап сөз сөйлеуді бағалау критерийі: мазмұндылығы	1	Мақал-мәтелмен жұмыс	Сұрақ-жауап	
		Тілдік нормаға сәйкес критерий. Сөйлеу тілінің мәнерлілігі.	1	Практика сабағы	Мәтінді талдау	
		Сөйлеу тілінің әрекеттестік жетістігін қатысқандармен рефератты талқылау	1	Практика сабағы	Сұрақ-жауап	
7	Қорытынды сабақ	Бақылау жұмысы. Тест			Өз бетімен жұмыс. Тест	
		Қайталау	1			

Қысқа мерзімді жоспар
11-сынып

Тақырыбы 1	Кіріспе. Реферат (баяндама) тақырыбын таңдау және негізгі ойды ойластыру	
Мақсаты:	Оқушыларды ғылыми стильде өзекті тақырып бойынша реферат ерекшелігімен таныстыру. Негізгі ойды бірізді, логикалық байланыспен жазуға үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар реферат тақырыбын таңдай алады. Рефератқа материалдар жинап, оны зерделеп, жүйелі негізгі ойды жаза алады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, баяндау	
Қолданылатын ресурстар	АКТ, көрнекіліктер, кестелер, слайд, оқу құралы	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Реферат тақырыбын қалай таңдауға болады? Рефератты қалай жазып жүрсіңдер?	Сұрақтарға жауап береді
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Мәтін бойынша тест тапсырмасын орындайды.	Мүқият тыңдайды Сұрақтарға жауап береді Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер, мазмұнын әңгімелеңдер. Реферат тақырыбын қалай таңдайды? Реферат дегеніміз не? Рефератты қалай жазады? Реферат құрылымы неше бөлімнен тұрады? Кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыны қалай жазу керек?	Мәтінді оқиды, сұрақтарға жауап береді, негізгі ойды түсініп, әңгімелеп береді.
Қолдану	3-тапсырма. Сұраққа жауап беру. Реферат жазу. Қазіргі өзекті мәселелер қандай деп ойлайсыңдар? Бір өзекті мәселені тақырып етіп, сол тақырыпта реферат жазыңдар.	Сұраққа жауап береді. Реферат жазады.
Талдау	4-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, келісетін, келіспейтін тұжырымдарды таңдау. Неге келіспейтінін айтып, ойыңды дәлелде. 1. Мамандық бір-ақ рет, біржола таңдалады. 2. Мамандық таңдау қалтаның қалың болуына байланысты. 3. Отбасы және достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады. 4. Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.	Тұжырымдарды оқиды, таңдайды. Ойын дәлелдейді.

	5. Жақсы білім алу үшін қымбат оқу орнына түсу керек. 6. Ақша болса, мамандық қажет емес. 7. Таңдайтын мамандығымды - болашақ табысым анықтайды. 8. Мамандық таңдау – күнкөріс қамы.	
Жинақтау	5-тапсырма. «Мамандық» деген тақырыпта шығарма жазу. Жоспар: Мамандық дегеніміз ... Мамандықтар классификациясы. Маған ұнайтын мамандық. Ол мамандықты қалау себебім. Ол мамандықтың ерекшелігі Сол мамандық бойынша еңбек етіп жүрген ардагерлер. Олардың ел құрметіне бөленуі. Өз мақсатыма жету үшін алға қойған жоспарым мен ойларым.	Жоспарды негізге ала отырып, шығарма жазады.
Бағалау	Өзекті тақырыптарды көтеріп, зерделеп сол тақырып төңірегінде еңбектенсек, дұрыс шешім табылады, ол оң бағасын береді.	Тақырып таңдау, ойды жазу, бұл да үлкен ғылыми еңбек екенін айтады.
Рефлексия	Не оңай болды? Не қиын болды?	Сабакта ненің оңай, ненің қиын болғаны туралы айтады.

Тақырыбы 2	Сөйлеу тілі мазмұнымен жұмыс: материалдарды жинақтау және жүйелеу	
Мақсаты:	Оқушыларды тақырып бойынша негізгіні ала білуге, жұртшылық алдында көркем сөйлеуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Сауатты сөйлеуге, жазуға дағдыланып, шығармашылық ізденісте болады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру	
Қолданылатын ресурстар	Кесте, қанатты сөздер, үлестірме материалдар, теориялық лото кестесі	
Сабак кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Риторика деген не? Публицистикалық стиль деген не? Жазба жанры: очерк (портреттік, мәселелік), мақала, репортаж; Ауызша жанр: баяндама, сөз сөйлеу, дискуссия Әйтеке би, Қазыбек би, Төле би негізгі (терең	Сұрақтарға жауап береді.

	мағыналы) сөздермен сөйледі.				
Білу	1-тапсырма. Риторика (үлестірме қағазбен) жұмыс. «Ү» - білемін; «+» - бұл мен үшін жаңа; «-» - басқаша деп ойладым; «?» - түсінбедім, білгім келеді. «Өнерге де, даналыққа та оқумен келеді» (ДЕМОКРИТА)				Үлестірме қағаздармен жұмыс жасайды. Даналық сөздің мағынасын түсіндіреді.
Түсіну	2-тапсырма. Топтарыңда тақырып бойынша белгілеген жұмыстарыңды талқылап, кестені толтырыңдар.				Оқиды. Талқылайды. Кесте толтырады.
	«Ү» - білемін	«+» - бұл мен үшін жаңа	«-» - бұны басқаша деп ойладым	«?» - түсінбедім, білгім келеді	
Қолдану	3-тапсырма. Жаңадан үйренгендеріңді оқыңдар (әр топтан 1 оқушы жаңадан білгендерін оқиды, басқа топтар тыңдап, қайталамай өздерінің жазған жаңадан үйренгендерін оқиды).				Оқиды.
Талдау	4-тапсырма. Енді білгілерің келетіндеріңді оқыңдар.Білгілері келетіндерін түсіндіремін. Ақпараттық, шақыру, көңіл көтеру, жігерлендіру, иландыру. Әр сөйлеу тіліне мақсат қойыңдар. Теориялық лото ойыны: Кестені кәртішкемен толтыру.				Оқиды. Мақсат қояды. Кесте толтырады.
	Сөйлеу тілінің түрі		Сөйлеу тілінің мақсаты		
	Ақпараттық Шақыру Көңіл көтеру Жігерлендіру Иландыру				
	Кәртішкелер: Бір мәселеге қызығушығын туғызып, жаңаны көрсету; Көңіл-күйлерін көтеріп, сезімдерін ояту; Өзінің дұрыстығына сендіру; Қандай да бір әрекетті бастауға немесе тоқтатуға шақыру; Тыңдармандарын жақсы сезімге бөлеп, көңілдерін көтеру.				
	5-тапсырма. Мәтінді оқып, жұртшылық алдында сөз сөйлеген адамды бағаландар. Қандай сөйлеу тіліне жатады? Неге? Дәлелде.				
					Оқиды. Бағалайды. Дәлелдейді.

Жинақтау	6-тапсырма. Осы мәтінге ұқсас (ақпараттық, шақыру, көңіл көтеру, жігерлендіру, иландыру) мәтін құрастырыңдар. Өздеріңнің сөйлеу тілдеріңді жетілдірулерің керек пе? Неге?	Мәтін құрастырады. Сұраққа жауап береді.
Бағалау	«Тілге құрмет - елге құрмет» деген сөз тұрып жатқан еліңді құрметтесең, тілді шын ниетпен үйренуің керек деген мағынаны білдіреді.	Тілді үйрену қажеттілігін айтады.
Рефлексия	Сөйлемді аяқтаңдар «Бүгін мен сабақта ...	Сабақта не үйренгендері туралы ойды аяқтап жазады.

Тақырыбы 3	Интернет ресурстарын пайдалану арқылы өз бетімен жұмыс түрін ұйымдастыру	
Мақсаты:	Оқушыларды интернет ресурстарын пайдалана отырып, көркем сөйлеуге, жан-жақтылық құзырлылыққа, тілді қадірлеуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Интернет ресурстарын пайдалануға үйренеді. Көркем сөйлейді. Өз беттерімен жұмыс істейді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау	
Қолданылатын ресурстар	Интербелсенді тақта, слайд, плакат, маркерлер, стикерлер.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	АКТ оқу барысында пайдаланасындар ма? Өз беттерімен жұмыс істеген не үшін қажет деп ойлайсындар?	Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. «Табиғат» туралы мәтінді тындап, сұрақтарға жауап береді. Мәтін бойынша тест тапсырмасын орындайды.	Мәтінді мұқият оқып, сұрақтарға жауап береді. Тест тапсырмаларын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. «Қазақстан табиғаты» тақырыбы бойынша өз бетімен жасаңдар. 1. Оқушы оқулықтағы мәтіннен басқа қосымша материал іздейді. 2. Табиғат көріністеріне сурет салады. 3. Табиғат сырын түсіндіруге байланысты әр түрлі баяндамалар, рефераттар жасау. 4. Табиғат туралы көркем әдебиеттер оқу.	Өз беттерімен жұмыс жасайды.

	5. Табиғат туралы мақал-мәтелдер тауып жаттау.	
Қолдану	3-тапсырма. Өз беттерімен «Табиғат» тақырыбына ғылыми оқулар мен конференциялар өткізуге материал жазу	Материал жазады.
Талдау	4-тапсырма. Мектеп кітапхансында «Табиғат байлығымыз» т.б. тақырыптарда көрме ұйымдастыру. Мектепте қабырға газетін шығару. Сыныптастарына, басқа да оқушыларға сынып сағатын өткізу (сценарий жазу, бейнетаспа материалдарын қолдану) 5-тапсырма. Мәтіндегі қате жазылған сөздердің қатесін түзеп дәлелдеу.	Газет шығарады. Сценарий жазады. Тапсырма жазады.
Жинақтау	Мектепте өтетін мерекелік іс-шараға сценарий жазу. Тақырыбы: «Алтын күз», «Қыс табиғаты» т.б.	Сценарий жазады.
Бағалау	Өз бетіммен жұмыс жасап, көп нәрсе үйрендім, себебі...	Өз бетімен жұмыс жасағанда жоғары нәтижеге қол жеткізгендерін айтады.
Рефлексия	Көркем сөйлеу, сауатты жазу дегенді түсінемін	Оқушылар стикерлерге бүгінгі сабаққа түсінгендерін қорытынды ойларын жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 4	Негізгі ойларды іріктеп дәлелдеу	
Мақсаты:	Оқушының ой-пікірін ашық айта білуге, пікірталас мәдениеті сырларын меңгеруге ықпал жасау. Білімді, шығармашыл, сөйлеу мәдениеті жоғары тұлға қалыптастыру. Алған білімдерін қолдана алуға жағдай жасау.	
Күтілетін нәтиже	Сындарлы ойлай алады. Бір-бірімен ой талқы жасай алады. Бір-бірін құрметпен тыңдай алады. Пікірталас мәдениетінің тақырыбын, негізгі талаптарын біледі.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, түрлі тапсырмалар	
Қолданылатын ресурстар	Тіл туралы нақыл сөздер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықт	Негізгі ой дегеніміз ...	Ойланады. Анықтама береді.

ы ояту		
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұраулы сөйлемдер құрастырып, өзара сөйлеседі. Мәтін бойынша тапсырмалар орындайды.	Оқиды. Сұраққа қисынды жауап береді. Сөйлеседі. Тапсырмалар орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Сөйлеуші міндеті - дәлелдеу мен сендіру. Сөйлеуші шешендігі, сенімді дауыс, айбынды түр үлкен рөл атқарады. Пікірді бекерге шығару үш түрлі тәсіл арқылы жүзеге асады: Ой бекерге шығарылады Айғақтар сыналады Дәлелдеу тәсілдері қанағатсыз етіледі Қайта бағыттау сұрақтарын қою	Пікірлеседі
Қолдану	Постер жасау, қорғау дәлелдеу - ой қорытындысы - аргументтер - дәлелдеу тәсілі сендіру - шешендік тәсілдер - көтеріңкі көңіл-күй - сенімді дауыс - айбынды түр Бекерге шығару - ойды бекерге шығару - айғақтарды сынау - дәлелдеу тәсілдерін бекерлеу - юмор, ирония, сарказм Сұрақпен төпелеу -сұрақты үсті-үстіне қою	Постер жасайды. Қорғайды.
Талдау	Топтарға пікірталас ұйымдастыру үшін тақырыптар беру. Грамматикалық тапсырмалар орындату.	Пікірлеседі. Тапсырмалар орындайды.
Жинақтау	Теориялық білімдерінің деңгейін анықтау үшін қысқа тест жұмысы	Тест тапсырмасын орындайды.
Бағалау	Мен қазақ тілінде сөйлегенде ойымды нақты айтып үйренемін, себебі ...	Ойын айтады.
Рефлексия	Сабақ мазмұны бойынша мен мынаны түйдім... (ауызша)	Түйген ойларын айтады

Тақырыбы 5	Цитат алу жолы
Мақсаты:	Оқушылардың цитата бойынша алған білімдерін жүйелеу, рәсімдей білу, ақын-жазушылар цитатын келтіріп, әңгіме айта алу.
Күтілетін нәтиже	Цитат алу жолын біледі, мағынасын анықтай алады, рәсімдей алады, ақын-жазушылар цитатын келтіріп, әңгіме айта алады.
Қолданылатын әдіс-	Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу

тәсілдер															
Қолданылатын ресурстар	Интерактивті тақта, кітаптар , кәртiшкелер, стикерлер, моделді әдіс (рөлдік ойындар), ереже құрастыру, қатесін шығару, зерттеу әдістері														
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушылардың іс-әрекеті												
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Цитата дегеніміз ... Баяндаманы неге цитата келтіріп оқиды?		Анықтама береді. Сұраққа жауап береді.												
Білу	Мұғалім ұлы адам ойынан цитат алып, әңгіме айтады. Әңгіме бойынша сұрақтар қояды? 1-тапсырма. Ұлы адам сөздерінің мағынасын түсіндіріп, Осы сөздерді кірістіріп, әңгіме айту. «Өзімшілдік – адамды бұзатын пиғыл». (А.Құнанбайұлы) «Ешқашан құламаған адам - ұлы емес, құлағаннан кейін қайта тұра білген адам - ұлы» (Конфуций)		Тыңдайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылар цитата келтіріп, сөйлемдер құрастырады (ойларын айтады).												
Түсіну	2-таптырма: Цитата тақырыбына постер жасайды. Цитатаның алу жолын түсіндіру. Мағынасын анықтау. Цитатаны келтіріп, әңгіме айту.		Постер құрастырады. Цитата келтіріп, әңгіме айтады.												
Қолдану	3-тапсырма. Көркем шығармалардан цитаталар теріп жазып, мазмұнын әңгімелейді.		Цитата жазады. Әдеби шығарма мазмұнын айтады.												
Талдау	4-тапсырма.Мәтіндегі цитатаны жазып талдау. <table><tr><td>Цитата</td><td colspan="2">Оқушылардың талдауы</td></tr><tr><td> </td><td colspan="2"> </td></tr></table> <table><tr><td>Цитата</td><td>Оқушылардың талдауы</td><td>Дұрыс нұсқа</td></tr><tr><td> </td><td> </td><td> </td></tr></table>		Цитата	Оқушылардың талдауы					Цитата	Оқушылардың талдауы	Дұрыс нұсқа				Цитатаны жазады, талдайды.
Цитата	Оқушылардың талдауы														
Цитата	Оқушылардың талдауы	Дұрыс нұсқа													
Жинақтау	5-тапсырма. Цитаттардың тыныс белгілерін қойыңдар.		Тыныс белгілер қояды. Қорытынды жасайды.												
Бағалау	Көркем сөйлеп үйрену өте қиын болса да, көп еңбектеніп үйреніп жүрмін, себебі ...		Не үшін дұрыс сөйлеп,дұрыс жазып үйреніп жүргенін айтады.												
Рефлексия	Стикерге жазыңдар.Бүгінгі сабақта не үйрендіңдер? Сабақ ұнады ма? Сабақта не ұнаған жоқ? Келесі сабақтың қалай өткенін қалайсыңдар?		Сұрақтарға жауапты, нені білгісі келетіндерін стикерге жазып, плакатқа жапсырады.												

Тақырыбы 6	Жоспарды алдын ала құрастыру
Мақсаты:	Болатын пікірталасты алдын ала жоспарлауды үйрену. Алған білім, білік дағдыларын іс- жүзінде шығармашылықпен сауатты қолдана білуге

	дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Болатын пікірталасты жоспарлай алады. Алған білім, білік дағдыларын іс-жүзінде шығармашылықпен сауатты қолдана біледі.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, түсіндіру, пікірталас	
Қолданылатын ресурстар	Тірек сызбалар, кестелер, көртішкелер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер. аптар, газет-журналдар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Оқушыларға «Күз» тақырыбын айтып, жоспар құруын сұраймын. Тақырыпқа байланысты тірек сөздерді беріп, жоспар құруларын сұраймын.	Ойланады. Жоспар құрастырады.
Білу	Мәтінге жоспар құру туралы мұғалімнің кіріспе сөзі. 1-тапсырма. «Күз» туралы мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру. Мәтіндегі негізгі ойларды айту. Мәтіндегі негізгі ойлар немесе тірек сөздер мәтін жоспары бола алады.	Мұқият тыңдайды. Мазмұнын айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар. Жоспар құрыңдар. Неге жоспар құрастыра білу керек?(мәтін мазмұнын түсініп, айта білу үшін және т.б.) Жоспарды қалай дұрыс құрастыруға болады. 3-тапсырма. Тірек сөздерге қарап, мәтін не туралы екенін айтыңдар. (Бұлт, жерді, ...)	Оқиды. Тапсырма орындады.
Қолдану	4-тапсырма. Абайдың «Күз» өлеңіне жоспар құрастыру Өлеңді бөліктерге бөліңдер, ат қойыңдар. Неше бөлікке бөліңдер? (бұл бөлікке қандай сурет салар едіңдер?) Негізгі ой қай бөлікте берілген? Негізгі ой қандай? Өлеңге неге жоспар құрастырыңдар? Өлең мазмұнына сурет салыңдар. Жоспар мен суретті өлең мазмұнын айтқанда қолдануға болады.	Жоспар құрастырады. Өлең мазмұнын айтады.
Талдау	5-тапсырма. Абайдың өмір жолына, оның «Күз» өлеңіне, сол кездегі қоғам сипатына талдау жасаңдар. Сипатта, салыстыр, ерекшелігі қандай, ассоциацияны жаз, ойыңды мысал келтіріп дәлелде, Қоғамдағы адамдар адамгершілігі жоғары болу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар? Өз ұсыныстарыңды айтыңдар.	Талдайды
Жинақтау	6-тапсырма. Төмендегі өлең негізінде мәтін	Мәтін құрастырады.

	құраңдар. Қанша білсең, ізден тағы, тағы да Білікті адам жетер тілек бағына. Біле бер, қанша білсең де тағы да біл, Жетерсің біле, біле мақсатыңа! Ж.Баласағұн.	
Бағалау	Мен оқушыларға сөз мағынасына терең үңіліңдер деп ұсыныс айтар едім.	Сөз мағынасын білу қажеттілігін айтып, өз ұсыныстарын жасайды.
Рефлексия	«Бас бармақ» арқылы кері байланыс жасаңдар.	«Бас бармақ» арқылы кері байланыс жасайды.

Тақырыбы 7	Бақылау жұмысы. Өткенді қайталау	
Мақсаты:	Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну	
Күтілетін нәтиже	Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, «Пікірлер» парағы әдісі	
Қолданылатын ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және стикер, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Мәтін жоспары дегеніміз не? Жоспарды неге құрастыру керек? Жоспарды қалай құрастыру керек? Сөйлемдегі сөздер қалай байланысып тұрады? Олардың байланысын қалай білеміз?	Ойланады. Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Берілген мәтіндерді балалар оқиды. (Топ мүшелері сұрақтардың жауабын стикерлерге жазып, қабырғадағы сұрақтар жазылған қағаздарға іледі. кейін пікірлерін қорғайды.)	Оқиды. Жазады. Қорғайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұраққа жауап береді. Адамдар арасындағы қарым-қатынас дегеніміз не? Мәдениетті адам қандай адам? Тіл мәдениеті, оның адам бойындағы мәдениеттілікті қалыптастырудағы орны қалай деп түсінесіз?	Мәтінді оқып алады. Сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	3-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазу	Жазады.

	Ауызекі сөйлеу тілі және жазба тіл дегенді қалай түсінесің? Ауызекі сөйлеудің өзіндік стильдік ерекшеліктерін айтыңыз. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдаудың ерекшелігі неде? Сөйлеушінің сөзіне араласып, өзара ой алмаса тыңдау, оның өзіндік мәні туралы айтыңыз?	
Талдау	4-тапсырма. ВЕН ДИАГРАММАСЫ. Ауызекі және жазбаша сөйлеуді салыстырыңдар. «Ауызша тіл» деген сөзді қалай түсіненсіңдер? Жазбашы тіл мен ауызша тілдің өзіндік ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар? Әр түрлі оқулықтардағы мәтіндерді әдеби тілдің қай түріне жатқызамыз? 5-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тапсырмалар орындайды.	Салыстырады. Сұрақтарға жауап береді. Мәтінді тыңдайды. Тапсырмалар орындайды.
Жинақтау	6-тапсырма: Сыныпты аралап жүріп, осы терминді өзге топтардағы оқушыларға түсіндіріп береді. Көп нүктенің орнына керекті сөздер мен сөз тіркестерін тауып қойыңдар. Берілген мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің «Сөйлеу әдебі» тақырыбымен қандай байланысы бар? Өз түсініктеріңді ауызша баяндаңдар. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді оқып, бір қанатты сөзді тақырып етіп шығарма жазыңдар.	Тапсырмалар орындайды.
Бағалау	Сөз мағынасын білген адам - түсінген адам. Мен оқушыларға сөз мағынасына терең үңіліңдер деп ұсыныс айтар едім.	Сөз мағынасын білу қажеттілігін айтып, өз ұсыныстарын жасайды.
Рефлексия	«Бас бармақ» арқылы кері байланыс жасаңдар.	«Бас бармақ» арқылы кері байланыс жасайды.

Тақырыбы 8	Пікір айту құрылымын ойластыру: сөз сөйлеуді, негізгі бөлімді, қорытындыны
Мақсаты:	Ауызша және жазбаша сөйлеудің маңызын білу, түсіну; Оқушыларды өз ой-пікірін дәйекті, жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру; Еркін сөйлеу дағдыларын дамыту.
Күтілетін	Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктерін ұғынып, оны

нәтиже	тәжірибеде қолдана біледі. Өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу,	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, сызба, үлестірме кеспе қағаздар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Біз пікірімізді қалай айтамыз?	Жауаптарын тыңдаймын, тақырыпты меңгеруге бағыттаймын. Тақырыпқа шығады, мақсат қояды
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдайды. Мәтінге тақырып қойыңдар. Мәтін не туралы? Негізгі мәселе қандай? Мәселені автор неге көтерді? Мәселе шешілді ме? Дәлелде. Осы мәселе туралы сен пікіріңді қалай айтар едің? Қорытынды шығар.	Жауаптарын тыңдап, сауалдар қойды. Ойларын дәлелдеді
Түсіну	2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Мәселе дегеніміз не? (Шешімін табуды қажет ететін сұрақ) Мәтіндегі негізгі мәселе айтылса, автор бұл мәселеге қата-қайта оралады. Мәтіндегі мәселені анықтау- негізгі ойды табу. Негізгі сөздер синоним түрінде қайталанып, лейтмотив құрады. 3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтін мазмұнын әңгімелеңдер.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Әңгімелейді.
Қолдану	4-тапсырма. Берілген сөйлемдерді оқып, қандай стильге жататынын анықтаңдар.	Оқиды. Стилін анықтайды.
Талдау	5-тапсырма. Үзінділерді мәнерлеп оқыңдар. Рөлдерге бөліп оқыңдар. Кейіпкерлерін атаңдар. Қай шығармадан үзінді екенін анықтаңдар. Кез-келген тақырыпта жұптаса отырып, диалог құрастырыңдар.	Оқиды. Диалог құрастырады.
Жинақтау	6-тапсырма. «Сөйлеу мәдениеті» тақырыбында эссе жазыңдар.	Эссе жазады.
Бағалау	Тыңдай білген, жауап бере білген, өз ойларын тиянақты жеткізе білген, барлық маман үшін қажет деп білемін, себебі ...	Ойларын түсіндіреді.
Рефлексия	Нені меңгердім? Нені білдім? Нені түсіну қиын болды?	Өз ойларын, сабақтан не түйгендерін айтады.

Тақырыбы 9	Шығарма. Эпистолярлық жанр. Жазбаша сөйлеу тілі	
Мақсаты:	Оқушылардың эпистолярлық жанр туралы білімін кеңейту. Мәтінді кешенді талдай білуге үйрету. Тілді сүйеге, құрметтеуге баулу.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар эпистолярлық жанр туралы үйренеді. Мәтінді кешенді талдай алады. Тілді сүйеді, құрметтейді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Тапсырмалар, дид. материалдар, кестелер, кеспе қағаздары, тірек сызбалар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Адамдар жазуды неге ойлап шығарды? Жаза білу керек пе? Неге? Жазба жұмысы сендерге ұнайды ма?	Ойларын айтады.
Білу	Мұғалім:Эпиграфпен жұмыс. Л.Толстойдың: «Жазу оңай емес ... Жазу қиын: қиын болған сайын, жақсара түседі». Ойды жазу – еңбек, ұлы еңбек. Эпистолярлық жанрды, зияткерлік еңбекті, әр сөзді ойлана отырып жазуда саналы тұлға қалыптасады» 1-тапсырма. Мәтінді тыңдап,.мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді: Бұл қандай құжат? Қандай іс-жүргізу қағаздарын білесіңдер? Бұл құжат қандай жанрға жатады? Өтініш дегеніміз не? Дәлелде.Құжаттың ерекшелігін айт.Қазір бұл құжат не үшін жазылады? Өздерің өтініш жазыңдар.	Мәтін тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өтініш жазады.
Түсіну	Мұғалім: Ақын-жазушылардың шығармалары эпистолярлық түрде сақталды.Тағы нелер жазба түрде сақталады? (Іс қағаздар, ресми, жеке қағаздар) Енді сол жазылымдарға қарап, дұрыс жаза білуге үйренейік. 2-тапсырма. Қазіргі хатты оқып, түзету енгізіңдер. Хатта эпистолярлық жанр талабы сақталған ба? Құрылымына не жетіспейді? Эпистолярлық жанрдың міндеттері орындалған ба? Хатты талапқа сай түзетіп жазыңдар.	Проблемалық тапсырмаларды орындайды.
Қолдану	3-тапсырма. 2 хатты оқиды, сұрақтарға жауап береді. Хаттар мазмұны ұнады ма? Талапқа сай жазылған ба? Қай хат жеке адамға, ал қай хат іс-	Мәтінге орфографиялық, орфоэпиялық нормалар бойынша талдау жасайды.

	қағаз және достық ретінде жазылған? Неге? Әдептілік рөлі қандай?	Тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап береді.
Талдау	Жеке адамға жазылған хат пен іс-қағаз хатын салыстырыңдар. Жан-жақтылық қай хатта ерекше жазылған. Хаттағы фактілермен дәлелдендер. Хатты талдандар. Осы хаттардың қайсысына шын көңілмен жауап берер едіңдер? Неге? Хатқа жауаптарыңда жазыңдар.	Салыстырады. Ұсыныс айтады. Дәлелдейді. Хатқа жауап жазады.
Жинақтау	«Менің туған өлкем» деген тақырыпта шетелдегі досына хат жазу Хатты талдай отырып, хаттан адамның ішкі жан-дүниесін (әлемін), көзқарасын, мәдени деңгейін, қызығушылығын тануға болады. Хаттың басы мен аяғын, өтінішін оқыдық. Хат толық мазмұнды, сауатты, өтініш сыпайы болуы керек. Себебі өтініш білдіріп отырған адамың алыста. Хатты бірнеше мәрте оқуға, мазмұнына ой жүгіртуге болдады. «Керемет ой, келеңсіз жазылса бағасыз» (Вольтер). Жазба тіл мәдени көрсеткіш	Хат жазады.
Бағалау	Ойды көркем жаза білу қажет деп ойлайсың ба? Неге?	Сұраққа жауап береді.
Рефлексия	Мен тапсырма орындадым Мен түсіндім, ... дегенді. Мен дегенді сездім Мен ... істей алдым. Мен істеп көрейін ... Мен үйрендім Мен ... істегім келді.	Стикерге ойларын жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 10	Жазба мәтіні мен абзацтың мазмұнды бөлімі
Мақсаты:	Оқушыларды мәтінге талдау жасап, негізгі құрылыммен жазба жұмыс түрлерін жазға үйрету.
Күтілетін нәтиже	Оқушылар өз ойларын жазба жұмыстарының талаптарына сай орындай алады. Шығармашылықпен жұмыс жасай алады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, талдау, бейнесюжет
Қолданыла	АКТ, кәртiшкелер, сызбалар

тын ресурстар		
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Жазбаша сөйлеу тілі дегеніміз не? Жазбаша сөйлеу тілінің құрылымы, талабы қандай болады?	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түрін, стилін ажыратады. Мәтін бойынша сұраулы сөйлемдер құрастырады. Өзара сөйлеседі. Тест тапсырмасын орындайды.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Түсіндіреді
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіннің әр абзацына сурет салады және сол абзацтағы тірек ойды жазады.	Оқиды. Жазады.
Қолдану	3-тапсырма. Өзекті мәселе бойынша бір тақырыпқа әңгіме құрастыр. Мысал келтіріп, ойыңды дәлелдеп отыр. Бір жазылған ойды қайталай берм. Құрмалас сөйлемдер мен жай сөйлемдерді аралас жаз. Абзацтардың көлемі шағын, логикалық бірізді болсын.	Әңгіме жазады.
Талдау	4-тапсырма. Анықтама жаз. Көркемдегіш құралдар дегеніміз ... Көркемдегіш құралдарды ақын-жазушылар өз шығармаларында пайдаланады, себебі ... 4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті көркемдегіш құралдарын қойып жазыңдар.	Көркемдегіш құралдарға анықтама береді. Көркем шығармаларда ақын-жазушылардың көркемдегіш құралдарды пайдаланатынын айтады. Тапсырманы жазады, оқиды.
Жинақтау	5-тапсырма. Шешендік сөздің көріктеуіш құралдарын қолдана отырып, бір өзекті тақырыпты таңдап, ойтолғау жазыңдар.	Ойтолғауды топта оқып, Өте жақсы жазылған ойтолғауды сыныпта оқиды. Оқушылар тыңдап, өз пікірлерін айтады.
Бағалау	Өзің әңгіме айтқанда немесе жазғанда көркемдегіш құралдарды қолданар ма едің? Неге? Себебін айт.	Өздерінің көркемдегіш құралдарды не себепті қолданатындарын айтады.
Рефлексия	«Сэндвич» Не ұнады; Не нәрсені жақсарту керек; Маған ұнады, бірақ келесі жолы ...	Стикерді толтырып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 11	Ауызша сөйлеу тілінің мағыналы бөлімі	
Мақсаты:	Оқушыларды мәтіндегі сөздердің мағынасын, сөйлемдердің мағыналы бөлімін түсіне білуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар мәтіндегі сөздердің мағынасын, сөйлемдердің мағыналы бөлімін түсінеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, талдау, іздену т.б	
Қолданылатын ресурстар	Сызбалар, кестелері, дидактикалық материалдар т.б	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	1-тапсырма. Адамның сөйлемдер. Оқушылар сөйлемдермен мәтін құрастырып, дұрыстығын дәлелдейді. «Сенемін, сенбеймін» Мәтін – бұл жазбаша сөйлеу тілі Мәтін – тақырыбы бір, бірнеше сөйлем. Мәтін – бұл ауызша және жазбаша сөйлеу тілі Мәтін - бұл монолог, диалог Мәтіннің тақырыбы болу керек Мәтін мазмұны тақырыбымен байланысты Мәтін бейнелеу, хабарлау, әңгімелеу. Мәтін сөздердің орын тәртібіне сай орналасуы. Жауаптарын слайдтан тексереді.	Мәтін құрастырады. Сөйлемдердің дұрыстығына сенетінін, сенбейтінін айтады. Тексереді.
Білу	2-тапсырма. Сөздердің анықтамасын жазады. Мәтін – ... Тақырып - ... Тақырыпша - ... Абзац - ... Мағына құрылымы - ... 3-тапсырма. Жазады: Басқа біреудің айтқанымен жүрмеймін, өзімнің ойлағанымен жүремін деген жастардың сөзін жие естіміз. Ойлап шығарылғанды неге жастар тағы ойлаулары керек? Дайынды алып, оны одан әрі дамыту керек. Адамдардың мықтылығы осында. Сұрақтарға жауап беріңдер. Бұл мәтін бе? Тақырыбын қойыңдар. Мәтіннің мағыналық құрылымын анықтаңдар. Мәтінді абзацқа бөліңдер. Мәтінді не байланыстырып тұр? 4-тапсырма. Араласқан сөйлемдерден мәтін құрастыр (дұрыс жауабы слайдта). Сөйлемдердің бірізді болу керектігіне көзімізді	Анықтама жазады. Жазады. Сұрақтарға жауап береді. Адамның сөйлемдерден мәтін құрастырады. Тексереді.

	жеткіздік. 1-сөйлемдегі мағынаны 2- сөйлем жалғастырады.	
Түсіну	5-тапсырма. Мәтіндегі мағыналы бөлім қалай жазылған? Негізгі сөздердің қайталануы Негізгі сөздердің орнына синонимдерінің жазылуы Негізгі сөздердің орнына есімдіктердің жазылуы Семантикалық, ассоциациялық байланыс Орын тәртібі бірдей сөйлемдер салыстырылады Синтаксистік конструкциялары бірдей	Сұраққа жауап береді.
Қолдану	6-тапсырма. «Мәтін – мозайка» Оқушылар 1 сөйлемнен алады. Оқушылар өз сөйлемдерін оқи отырып, жүйелілікті сақтап, мәтін құрастыру керек. Мәтінде өз орныңды табу үшін не қиын болды? Мәтінді слайдтағы жауаппен тексереді.	Мәтін құрастырады.
Талдау	«Мәтін – мозайканың» жалпы тақырыбын атаңдар. Тақырыпшаларды атаңдар. Мәтіндегі сөйлемдердің мағыналық байланысын, жүйелілігін талдап түсіндіріңдер.	Тақырыпты атайды. Талдайды.
Жинақтау	Әр топ оқушылары мәтінімен кәртішке алып, өз беттерімен талдап, жұмыстарын қорғайды.	Оқиды. Талдайды. Қорғайды.
Бағалау	Сөзімді көркем, ойымды орамды жеткіземін, себебі ...	Ойды жалғастырып айтады.
Рефлексия	Не оңай болды? Не қиын болды?	Сабақта ненің оңай, ненің қиын болғаны туралы айтады.

Тақырыбы 12	Жазба жұмыстарында ойды нақты жеткізу үшін қолданылатын тыныс белгілері
Мақсаты:	Тыныс белгілері туралы оқушылардың білімдерін тексеру, тапсырмалар арқылы білімдерін бекіту; Сауатты жазуын дамыту, шығармашылыққа баулу.
Күтілетін нәтиже	Тыныс белгілері туралы оқушылардың білімдері кеңейеді, тапсырмалар арқылы білімдерін бекітеді; Сауатты жазуып, шығармашылықпен жұмыс істейді.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Мен сияқты жаса» жаттығуы (сергіту); «Мен таңдаған стиль», «Ыстық орындық» әдісі

Қолданылатын ресурстар	Бейне көрсетілім, кеспе қағаздары, оқулық, А3 қағаз, маркер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Тыныс белгілерін атаңдар: .,?!...;-«»(), бұлар қандай қызмет атқарады. Тыныс белгілері не үшін қажет? Тыныс белгілері дегеніміз не? 1-тапсырма. Француз жазушысы В.Гюго «Шеттетілгендер» романын жазып, баспаға сөзсіз (?) хат жолдады. Баспа қызметкері (!) деп жауап берді. Осы тыныс белгілерін басшылыққа ала отырып, диалог құрастырыңдар.	Сұрақтарға жауап береді. Диалог құрастырады.
Білу	1-тапсырма. Мысалдарды оқып, осы тыныс белгілері қойылғаннан кейін сөздер қалай айтылады? Қандай мағынаны білдіріп тұр? Бар. Жақсы – (нүкте қойылғанда, жайбарақат дауыспен айтылады, бірақ шешімді естіледі). Тоғжан! Япырмай, жақсы айттыңыз - ау!- (көтеріңкі көңілді білдіреді). Бар? Жақсы?- екі ұшты мағына береді. Бар?! Жақсы?!- түк те түсінбеген, сенбеген күйді көрсетеді. Бар... Жақсы...- аяқталмаған, іште кеткен ой, сенімсіздік, реніш, кекесін сарынды мағынаны көруге болады.	Оқиды. Сөйлемдердің қандай мағына беріп тұрғанын айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Сөйлемдерді мәнерлеп оқып, мағынасын түсіндіріңдер. Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. (Абай). Адам баласының тамаша қасиеттері, атап айтқанда: табандылық, ерлік, қайсарлық - қазақ жауынгерінің бойынан табылады. Содан соң қырмандағыларды тегіс жинап (балаларды да қосып), жиналыс өткізеді. (С. Мұратбеков).	Оқиды. Сөйлемдердің мағынасын түсіндіреді.
Қолдану	3-тапсырма. Тиісті тыныс белгілерін қойыңдар, оқыңдар, түсіндіріңдер. Қар жауды көп жауды Онан соң ышқына ұлып долданып жер көкті астын үстіне сапырып жұлып жеп жын қаққандай құтырынып еліріп боран соқты Қарды жалап жайпап сыпырып қуыс қуысқа үсті үстіне тықпалап нығарлады кеп нығарлады кеп	Тыныс белгісін қояды. Оқиды. Түсіндіреді.

Талдау	4-тапсырма. Әр топ мәтін жазып, басқа топ оқушыларына тыныс белгілерін қоюға береді. Оқушылар сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып дәлелдейді.	Талдайды. Дәлелдейді.
Жинақтау	5-тапсырма. Әр топ бір-бірлеріне тыныс белгісін қойып, хат жолдайды, жауап береді. Кейін осы тыныс белгілерін қарай отырып, өзара сөйлеседі.	Хат жазады. Өзара сөйлеседі.
Бағалау	Тыныс белгісі айтылған ойды түсіну үшін керек, себебі ...	Ойларын айтады. Дәлелдейді
Рефлексия	Бүгін сабақ барысында үйрендім...	Сабақта білгенін және білгісі келетінін стикерге жазып жабыстырады.

Тақырыбы 13	Ойды дәл жеткізу үшін сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер	
Мақсаты:	Көркем әдебиет стилінің ауызекі стильден айырмашылығын білу. Өзіндік жұмыс арқылы өзара талқылау жүргізу. Өз пікірлерін ашық айта алу.	
Күтілетін нәтиже	Көркем әдебиет стилінің ауызекі стильден айырмашылығын біледі. Өзіндік жұмыс арқылы өзара талқылау жүргізеді. Өз пікірлерін ашық айта алады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Ыстық орындық» әдісісұрақ-жауап,шығармашылық іздену	
Қолданылатын ресурстар	Бейне көрсетілім, кеспе қағаздары, оқулық, А3 қағаз, маркер тірек сызбалар ,суреттер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ойды дәл жеткізу дегеніміз ...	Ойды жалғастырады.
Білу	1-тапсырма. Тыңдалым. Мәтінді тыңдап, сұраққа жауап беріңдер. Тест тапсырмасын орындаңдар.	Тыңдайды. Сұраққа жауап береді. Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Әңгімені оқып, сұраулы сөйлемдер құрастырып, өзара сөйлесіңдер. Әңгіме бойынша жоспар құрып, мазмұнын әңгімелеңдер. Мыс: - Ананы қара, аузы аңқайып кетіпті. «Жоғарғы ерні көк тіреп, төменгі ерні жер тіреп» деген осыған айтылған сияқты.	Оқиды. Жоспар құрастырады. Әңгімелейді.
Қолдану	3-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, ауызекі сөйлеу	Оқиды. Талдайды.

	стилінің түрлеріне қарай талдаңдар. Ол кезде біз Сұлтөрдің Қосарық деген жерінде тұратынбыз. Бұлай деп кім, қашан қойып жүргені бізге беймәлім. Бірақ әр жерде бір тапал тамдардың арасымен ирелеңдеп ағып жататын арық бар болатын. Неше жылдар бойына су шайып, мүжіле-мүжіле арнасының екі жиегі биіктеп, жарқабақтанып кеткен.	Әңгімелейді.
Талдау	4-тапсырма. Көркем әдебиет стилінің ауызекі стильден айырмашылығын, ұқсастығын мысал келтіріп, талдаңдар, дәлелдендер.	Талдайды. Түсіндіреді.
Жинақтау	Бақыт тақырыбында диалог құрастырып, өзара пікірлесу.	Сөйлеседі.
Бағалау	Ойды дәл жеткізу маңызды, себебі ...	Ойларын айтады. Дәлелдейді
Рефлексия	Бүгін сабақ барысында үйрендім...	Сабақта білгенін және білгісі келетінін стикерге жазып жабыстырады.

Тақырыбы 14	Ойдың нақты жеткізілуі	
Мақсаты:	Оқушыларды нақты сөйлеуге теориялық білімді өмірде қолдана білуге үйрету; Өз көзқарастарын ашық та жүйелі жеткізе білуге, өз пікірін қорғай білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар нақты сөйлеуге теориялық білімді өмірде қолдана білуге үйренеді; Өз көзқарастарын ашық та жүйелі жеткізе білуге, өз пікірін қорғай білуге дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Ыстық орындық» әдісі, сұрақ-жауап, шығармашылық іздену.	
Қолданылатын ресурстар	Бейне көрсетілім, кеспе қағаздары, оқулық, А3 қағаз, маркер, тірек сызбалар, суреттер, слайдтар, сызбалар.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ойдың нақты жеткізу дегеніміз ...	Ойын айтады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Тест тапсырмаларын орындайды.	Тындайды. Сұрақтарға жауап береді. Тест

		тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұраулы сөйлемдер құрастырып, өзара сөйлесіндер. Мәтін бойынша тапсырмалар орындаңдар.	Оқиды. Сұраулы сөйлемдер құрастырады. Сөйлеседі. Тапсырмалар орындайды.
Қолдану	3-тапсырма. 1 тақырыпты таңдап алып, жоба құрастырып қорғаңдар. 1. Компьютер заманында шешендік өнер қажет пе? 2. ҰБТ-ның жақсы жақтары, маған әкелер көмегі. 3. Асылым, ардағым – ана тілім! 4. Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны 5. «Соңғы қоңырау» жиынында сөйленетін сөзің.	Жоба құрастырады. Қорғайды.
Талдау	4-тапсырма. Ойлан тап: 2 топқа тапсырма беріледі. Оқушылар көп нүктенің орына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтел мағынасын түсіндіреді.	Жазады. Түсіндіреді.
Жинақтау	Талдау – табыс кепілі Семантикалық карта Жым болып тіл тұрмайды кесілмесе, Білім – тұл, тілден шығып есілмесе. Ж. Баласағұн	Талдайды. Карта толтырады. Түсіндіреді.
Бағалау	Ойымды нақты жеткізе білемін ,	Ойларын айтады. Дәлелдейді
Рефлексия	Бүгін сабақ барысында үйрендім...	Сабақта білгенін және білгісі келетінін стикерге жазып жабыстырады.

Тақырыбы 15	Тілдік норма мен оның сипаттары
Мақсаты:	Тілдік норма және сөзді қолдану ережелері туралы оқушылардың түсініктерін қалыптастыру. Өз бетімен жұмыс жасауға, ізденімпаздыққа дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже	Тілдік норма және сөзді қолдану ережелері туралы оқушылардың түсініктері қалыптасады. Өз бетімен жұмыс жасауға, ізденімпаздыққа дағдыланады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, пікірталас; көркем шығарма талдау, әңгіме жүргізу т.б.

Қолданылатын ресурстар	оқулық, тапсырмалармен жұмыс.		
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Қоғам дамыған сайын тіл де дами береді. Бірақ ескіні бірден алыстата алмайсың. Ескі мен жаңа бірлесе ілесіп жүреді.		Тыңдайды.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдайды. Мазмұнын әңгімелейді. Тест тапсырмасын орындайды.		Тыңдайды. Түсінгендірін айтады. Тест тапсырмасын орындайды..
Түсіну	1. Фразеологиялық тіркестерді оқып, синонимін табу. 2. «Құр» сөзінің омонимдік қатарын құрып, кестені толтыру.		Оқиды. Фразеологиялық тіркестердің синонимін табады. Кесте толтырады.
Қолдану	3. «Той» сөзін қатыстырып, мақал-мәтел жазып кестені толтыру: Батыл жігіт қол бастар, Ақын жігіт той бастар; Тойдың болғанынан боладысы қызық; Шақырусыз тойға барғанша, Таяқ ал да қойға бар. 4. Кесте ішіндегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып фразеологиялық тізбек құраңыз.		Жазады. Кесте толтырады. Фразеологиялық тізбек құрады.
	Қас	ашып	Арқасы пен
	Жұмғанша	Қас	Арасында қағымда
	Қабактың		Қас көзді
	көздің	қаққанша	Қиянда ит
Талдау	Төменде берілген тіркестерге мағыналық талдау жасаңыздар, тілдік нормаға сәйкес келетінін, келмейтінін ажыратыңыз.		Талдайды.
Жинақтау	Тіркестердің баламасын табу.		Тіркестердің баламасын табады.
Бағалау	Мен тілдік норманы дұрыс қолданатынымды дәлелдегім келеді.		Дәлелдейді.
Рефлексия	Бағдаршам Қызыл түс – түсінген жоқпын; Сары түс – сұрақтар бар; Жасыл түс – барлығы түсінікті.		Оқушылар түсінбеген жерлерін, сұрақтарын қойып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 16	Нормативті сөздіктер мен анықтамалар	
Мақсаты:	Оқушыларды түрлі сөздіктер мен анықтамалармен таныстыру. Оқу барысында сөздікпен жұмыс істеп, анықтамалар жазуға үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар түрлі сөздіктер мен анықтамалармен танысады. Оқу барысында сөздікпен жұмыс істеп, анықтамалар жазуға үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі, талдау, ой қозғау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, маркерлер, интерактивті тақта, стикерлер, смайликтер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Қандай сөздік түрлерін білесіңдер? Сөздіктер неге керек? Анықтамалар не үшін керек?	Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тест тапсырмасын орындаңдар. Түсіндірме сөздік, синоним, антоним, омоним, фразеологиялық сөздіктер, диалект, этимологиялық, орфографиялық, орфоэпиялық, қос тілді (орысша-қазақша және т.б.) сөздіктер. Сөздіктер жан-жақты болуға, сөздік қорды байытуға және қате жібермеуге көмектеседі.	Тыңдайды. Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Сөздерді алфавиттік ретпен орналастырып, мағынасын түсіндіріңдер. 3-тапсырма. Мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздерді теріп жазып, сөздіктен қарап мағынасын түсіндіріңдер, сол сөзбен әңгіме айтыңдар. 4-тапсырма. Мәтінді оқып, қате жазылған сөздерді табыңдар. Қате сөздің дұрыс жазылуын қай сөздіктен қарайсыңдар? Сөздің дұрыстығын дәлелдеңдер. 5-тапсырма. Синоним сөздермен әңгіме құрастырыңдар.	Сөздерді ретімен орналастырады. Мағынасын түсіндіреді. Әңгіме құрастырады.
Қолдану	6-тапсырма. Фразеологизм сөздердің мағынасын сөздіктен қарап түсіндіріңдер. Сол сөздермен мәтін құрастырыңдар.	Оқиды.
Талдау	7-тапсырма. Кәртiшкемен жұмыс. Сөздік түрлеріне анықтама беріңдер. Мына сөздердің лексикалық мағынасын түсіндіріңдер. Түсіндірме сөздіктен бірнеше омоним сөздерді жазып, мағынасын түсіндіріңдер. Мына сөздердің синонимін жазыңдар. Екі түрлі сөздікті салыстырыңдар.	Сөздер мен сөйлемдерді талдайды. Сұрақтарға жауап береді.

Жинақтау	Сөздік дегеніміз ... Анықтама дегеніміз ...	Анықтама жазады. Оқиды.
Бағалау	Ортада құрметті болу үшін мәдениетті, мақал-мәтелмен сөйлеп, сауатты жазып үйреніп жүрмін. Себебі ...	Ойын айтады. Түсіндіреді.
Рефлексия	Оқушылардан бүгінгі сабақ бойынша пікірлері сұралады.	Пікірлерін айтады.

Тақырыбы 17	Тілдік жағдаяттың ерекшелігіне қарай сөйлеу тілін пайдалану	
Мақсаты:	Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас туралы жан-жақты мәлімет бере отырып, тілдің жағдаяты сипаты туралы баяндау, әдептілік ерекшелігіне қарай «сен» мен «сіз» деген ұғымды түсіндіру.	
Күтілетін нәтиже	Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас туралы жан-жақты мәлімет алып, тілдің жағдаяты сипаттайды, әдептілік ерекшелігіне қарай «сен» мен «сіз» деген ұғымды түсінеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Білімді жүйелеу; сұрақ-жауап; жинақтау; қорыту; талдау;	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, маркерлер, интерактивті тақта, стикерлер, смайликтер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Өзара қалай сөйлесесіңдер?	Айтады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, таст тапсырмасын орындау. Мысалы қоғамдық көлікке мінсе – жолаушы, дүкенге кірсе сатып алушы, үйге келгенде – ата – ана, жұмыста – маман, қызметкер(жас ерекшелігі, мекені, кәсібі, отбасындағы орны) Сөздің ортаға байланысты қолдану жағдаяты, мәні деген ұғымға: сөйлеушінің тұрақты әлеуеттік белгілері сараланады..	Оқиды. Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмалар орындау, мазмұнын әңгімелеу.	Оқиды. Әңгімелейді.
Қолдану	3-тапсырма. Әр топ ойларын айтады, дәлелдейді. 1-топ. Тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік сипаты мен жағдаяты туралы не білеміз? 2-топ Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас туралы не білеміз? 3-топ. Сөз әдебіндегі жастар ережесін құру	Ойланады. Айтады. Дәлелдейді. Сұрақтарға жауап береді. Ереже құрастырады.
Талдау	4-тапсырма. Сөйлемдерді оқу, талдау, дәлелдеу.	Сөздер мен сөйлемдерді

	Сөйлеу тілін әлеуметтік белгілеріне қарай табу, ресми тілдің астын сызу. Есімдік қандай сөз табы ? Есімдік мағынасы мен қызметіне қарай нешеге бөлінеді? Әр сөзге сөйлем құрап түсінік беріңіз. Оқушылардың тиісті тапсырмаларды орындаудағы қателерін келесі топ оқушылары табады, жөндейді, дәлелдейді,толықтырады.	талдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Жинақтау	5-тапсырма Мәтіндегі аяу, мүсіркеу сөздерін бір бөлек, кешірім мәнін білдіретін сөздерді бір бөлек жазу. Өздеріңнің бастарыңнан өткен бір жағдаятты жазу.	Жазады. Оқиды.
Бағалау	Басымыздан өткен жағдаяттарды айтып,	Ойын айтады. Түсіндіреді.
Рефлексия	Оқушылардан бүгінгі сабақ бойынша пікірлері сұралады.	Пікірлерін айтады.

Тақырыбы 18	Лексикалық және грамматикалық синонимдер	
Мақсаты:	Оқушылардың шешендік сөздер жайлы білімдерін толықтыру. Синонимдер туралы түсінік беру. Шешен кемеңгерлердің сөздерінен тәрбие алуға баулу.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар шешендік сөздер жайлы білімдерін толықтырады; Синонимдер туралы түсінік алады. Шешен кемеңгерлердің сөздерінен тәрбие алады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндіру, талдау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, маркерлер, тірек сызбалар, компьютер.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Оқушылар синоним сөздер айтып жарысады.	Айтады.
Білу	1-тапсырма. «Жәнібек пен бала» мәтінін тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Мәтіндегі түсініксіз сөздерді түсіндіру: Көз жазып қап – жоғалтып, тұсап қою – байлап қою (аяғын); жетектеп келеді – алып келеді; қайран қалады – таңғалады; мана – бағана. Мәтіндегі Жиренше шешен туралы қысқаша	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.

	мағлұмат беру.	
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмалар орындайды, сұрақтарға жауап береді.	Оқиды. Тапсырмалар орындайды. Сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	3-тапсырма. Мәтіннен төменде берілген сөздердің антонимдік сыңарын тауып жазыңдар: елді жер – ..., көп – ..., тірі – ..., сараң – Тапсырма: Синоним сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар. Кез болады, кездеседі, жолығады; Таңданады; қайран қалады; Бағана, мана, бұрын; Шырағым, қарағым, қалқам; Іздеп жүр едім; қарап жүр едім; Қону, түнеу, демалу; Үлгі: Бала түйесін іздеп жүр еді.	Жазады. Сөйлем құрастырады.
Талдау	4-тапсырма. Мәтіндегі ойды, сөйлемдер мен сөздерді талдайды. Сол кездегі қоғам қарым-қатынасын талдайды. Мәтінге (ассоциация жасап сөйлеседі, шығарманы салыстыра талдайды, сипаттама береді, ойларын дәлелдейді)	Сөздер мен сөйлемдерді талдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Жинақтау	Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып әңгіменің қысқаша мазмұнын жазыңдар: Жәнібек, бала, түйе қарау, тұсап қою, тұсауы өлген, бір қой жеу, екі қой жеу, бойдақ қой, қайран қалады, Жиренше еді.	Жазады. Оқиды.
Бағалау	Ортада құрметті болу үшін мәдениетті, мақал-мәтелмен сөйлеп, сауатты жазып үйреніп жүрмін. Себебі ...	Ойын айтады. Түсіндіреді.
Рефлексия	Оқушылардан бүгінгі сабақ бойынша пікірлері сұралады.	Пікірлерін айтады.

Тақырыбы 19	Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер
Мақсаты:	Сөйлем мүшелерінен алған білімдерін пысықтау. Өз беттерімен жұмыс істеуге үйрету және логикалық ойлау қабілетін дамыту. Ана тіліне деген қызығушылығын арттыру.
Күтілетін нәтиже	Сөйлем мүшелерінен алған білімдерін пысықтайды. Өз беттерімен жұмыс істеуге үйренеді және логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Ана тіліне деген қызығушылықтары артады.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, талдау, ой қорыту, іздендіру.

Қолданылатын ресурстар	Слайдтар , тест тапсырмалары, семантикалық карта.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	«Иә, жоқ». Сынақ өткізу. (Сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру және дәлелдеу)	Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді, мазмұнын әңгімелейді.	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Әңгімелейді.
Түсіну	2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындайды. Табиғат-ғажап әлем	Оқиды. Тапсырмалар орындайды.
Қолдану	3-тапсырма. Өз бетімен жұмыс. Өзінің туған өлкесінің табиғаты туралы жазу. 4-тапсырма. Сөйлем мүшелерінің айтысы (рөлдік ойын) 5-тапсырма. Сызба бойынша сөйлем құрастыру. Анықтауыш - бастауыш – пысықтауыш – баяндауыш. 6-тапсырма. «Мықты болсаң тауып көр» Өлең жолдарындағы мәтінді дұрыс құрастырып, мәнерлеп оқы	Жазады. Оқиды. Сызбамен сөйлем құрастырады.
Талдау	7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. Семантикалық кестені толтыру. Біз бүгінгі жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында жеттік. Мен тәуелсіз елдің азаматы болғанымға мақтанамын. Тәуелсіздікті аңсамайтын халық ешқашан болмайды.	Жазады. Кесте толтырады.
Жинақтау	Тест тапсырмаларын орындау	Тапсырма орындайды.
Бағалау	Мәдениетті, мақал-мәтелмен сөйлеп, сауатты жазып үйреніп жүрмін.	Ойын айтады. Түсіндіреді.
Рефлексия	Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Қандай әсер алдыңдар? Қандай тапсырма сендерге қиындық туғызды?	Пікірлерін айтады.

Тақырыбы 20	Ауызша сөйлеу тілінің қазақ әдебиеті тілі нормасымен сәйкестігі
--------------------	---

Мақсаты:	Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Әдеби тілдің көріктеу, құбылту құралдары мен айшықтау тәсілдерін меңгерту, оны көркем туындыда ажырата білуге үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін түсінеді. Әдеби тілдің көріктеу, құбылту құралдары мен айшықтау тәсілдерін меңгереді, оны көркем туындыда ажырата біледі.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі, талдау, ой қозғау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, маркерлер, интерактивті тақта, стикерлер, смайликтер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ауызша сөйлеу тілі мен әдеби тіл нормасы сәйкес пе?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді, мазмұнын әңгімелейді.	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Әңгімелейді.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді, мазмұнын айтады. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындайды.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Мазмұнын айтады. Тапсырмалар орындайды.
Қолдану	3-тапсырма. Билер сөзіндегі метафораларды табыңыздар. Метафораларды метафораланған сөздерімен сызықша арқылы теріп жазыңдар, сөздерді тұлғасына қарай талдаңыздар. Қайрат – қыран, қайғы – жылан, жылау - азап, ел - халық, әйел - ырысың, келін - қылышың, қыз - өрісің, көңіл - гүл, тіл - бұлбұл, сезім - сері, нәпсі бөрі, сабыр – алтын, ақыл – алмас, дәулет – қолдың кірі, бақ – сел-көшкін, өнер – ризық, несібе, тіл – байлық, несібе.	Оқиды. Жазады. Талдайды.
Талдау	4-тапсырма. Ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тіл ерекшеліктерін айтыңдар және сәйкестігін табыңдар. Сұрақтарға мақал-мәтелдермен жауап беріңдер.	Айтады. Сәйкестендіреді. Сұрақтарға мақал-мәтелдермен жауап береді.
Жинақтау	Тест тапсырмасын орындау Сабақты қорытындылау	Тапсырма орындайды. Оқиды.
Бағалау	Мәдениетті, мақал-мәтелмен сөйлеп, сауатты жазып үйреніп жүрмін. Себебі ...	Ойын айтады. Түсіндіреді.
Рефлексия	Оқушылардан бүгінгі сабақ бойынша пікірлері сұралады.	Пікірлерін айтады.
Тақырыбы 21	Сөйлеу тілінің мәнерлілігі	

Мақсаты:	Оқушыларды көркем, мәнерлі сөйлеуге дағдыландыру. Жұрт алдында сөйлеуге дайындалу. Өз ойын еркін жеткізу.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар көркем, мәнерлі сөйлеуге дағдыланады. Жұрт алдында сөйлеуге дайындалады. Өз ойын еркін жеткізеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Диалогтік оқыту - «Сұрақ-жауап» СТО - «Топтастыру» стратегиясы ОүБ - топ жұмысын бағалау	
Қолданылатын ресурстар	Оқулық, постер, стикер, маркер, интербелсенді тақта	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	- Көпшілік алдында өзіңізді толғандырған мәселе жөнінде сөйлеп көрдіңіз бе? - Қандай сезімдерді бастан кешірдіңіздер?	Ойланады. Пікірлеседі. Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. 6 қалпақ таратылады. Тақырыбы: «ҰБТ: Бап па, бақ па?»	Ойланады. Айтады. Талдайды. Дәлелдейді.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын әңгімелеңдер. Даналық сөздерді айтқан, жазған данышпандар туралы әңгімелеңдер.	Оқиды. Әңгімелейді.
Қолдану	3-тапсырма. Өздеріңнің білетін даналық сөздеріңмен әңгіме жазыңдар. Мәтіннен даналық сөздерді теріп жазып, мағынасын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.	Жазады. Оқиды. Түсіндіреді.
Талдау	4-тапсырма. 2 түрлі дәріс тыңдап, кесте толтыру. Дәріс немесе жұрт алдында сөйлейтін сөздер қандай себептерге байланысты тартымсыз болуы мүмкін немесе тыңдаушыларды еліктіріп, ойына қозғау салады деп ойлайсыздар? Екі бағанға олардың себептерін бөліп жазыңдар.	Тыңдайды. Кесте толтырады.
Жинақтау	Сахналау «Жаман болады» Қ. Жәркенов Әдемі себет ішінде қағаз қиындылары. Ойды аяқтай отырып, тәуекелге барып, ойларыңды айтыңдар.	Сахналайды. Қағаз қиындыларындағы ойды аяқтап, мағынасын түсіндіреді.
Бағалау	Зерттеген оқушылар данышпандардың өлшеусіз еңбектері туралы айтып, айтылған сөздердің құндылығын (өмір сүру ережесі) екенін айтады.	Данышпандардың өлшеусіз еңбектеріне баға береді.
Рефлексия	«Өрмек тоқу» оқушылар берілген түйдек жіпті бір-біріне ұсыну арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөлісе отыра, алған білімдерін бекіте түседі. Өзіндік пікірлері мен ұсыныстарын айта алады. Оқушылардың айтылған ұсыныстарынан міндетті түрде алдағы уақытта ескеріледі	Өздерінің алған білімдерін айтады.
Тақырыбы 22	Жазбаша сөйлеу тілінде стильдерді пайдалану	

Мақсаты:	Оқушыларға шешендік сөздің мазмұндылығы, сөз дәлдігі, тіл тазалығы, тіл көрнектілігі жөнінде білім беру. Тіл тазалығын сақтауды насихаттау.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар шешендік сөздің мазмұндылығы, сөз дәлдігі, тіл тазалығы, тіл көрнектілігі жөнінде білім алады. Тіл тазалығын сақтауды насихаттайды.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Саралап деңгейлеп оқыту, іздендіру әдістері.	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, маркерлер, интерактивті тақта, стикерлер, смайликтер сызбалар, кесте, портрет-суреттер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Жазбаша сөйлеу тілі стилі (кластер жасау)	Кластер жасайды.
Білу	1-тапсырма. Мәтін тындап, ойын, алған әсерін дәл, мазмұнды жазу. Дәлелдеу. Сөз айшықтарын, дайын тілдік амалды пайдалану.	Тындайды. Жазады. Дәлелдейді.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді. Балалар, Қаныш Сәтбаев кім? Метафора, эпитет, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері дегеніміз не? .. Мұғалім тарапынан мәтіннің авторы Қажым Жұмалиев туралы мағлұмат беріледі. Мәтіннен фразеологизмді, мақал-мәтелдерді, эпитет, теңеулерді табулары керек. Қаныш Сәтбаевтың сөзінің мазмұндылығын анықтау.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	2-тапсырма. Мақал-мәтелдегі сұрақтың орнына тиісті сөздерді қойыңыз, мағынасын түсіндіріңдер.	Жазады. Түсіндіреді.
Талдау	3-тапсырма. Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер, тапсырмаларды орында. 1. Шешендік сөздің авторларын тап. 2. Қазіргі шешендік сөздерді түрлеріне ажырат. 3. Кестені толтыру. 4-тапсырма. Шешендік сөздермен танысып, кімнің сөздері екенін тап. II тапсырма Мәтіндермен танысып, қазіргі шешендіктің қандай түрлеріне жататындығын анықтаңыз.	Оқиды. Кесте толтырады.
Жинақтау	Бәсекеге төтеп беретін 30 елдің қатарына кірудің жоспарын құру. Сұраққа жауап беру.	Жоспар құрастырады. Оқиды. Сұрақтарға жауап береді.
Бағалау	Мәдениетті, мақал-мәтелмен сөйлеп, сауатты жазып үйреніп жүрмін. Себебі ...	Ойын айтады. Түсіндіреді.

Рефлексия	Оқушылардан бүгінгі сабақ бойынша пікірлері сұралады.	Пікірлерін айтады.
-----------	---	--------------------

Тақырыбы 23	Жұрт алдында сөз сөйлеуде сезімдеріне әсер ету	
Мақсаты:	Оқушыларға сөйлеу мәдениеті, тіл өнерінің биік шыңы – шешендік өнердің мәні мен адам өміріндегі маңызын таныстыру. Жұрт алдында сөйлеуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар сөйлеу мәдениеті, тіл өнерінің биік шыңы – шешендік өнердің мәні мен адам өміріндегі маңызымен танысады. Жұрт алдында сөйлеуге дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	СТО стратегиялары, сұрақ-жауап, әңгімелеу	
Қолданылатын ресурстар	АКТ, кестелер, сөздіктер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ағылшын ғалымы Бернард Шоу: «Егер қолында бір-бір алмасы бар екі адам сол алмаларын алмасса, онда бәрібір екеуін де бір-бірден алма қалар еді. Ал бір-бірден жаңа ойы бар екі адам бір-бірімен пікір алмасса, онда олардың әрқайсысында екі-екіден ой қалыптасады».	Тыңдайды.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тест тапсырмаларын орындайды.	Тыңдайды. Тапсырма орындайды.
Түсіну	1-тапсырма. Мәтінді оқып, басты мәселені анықтаңыз. Өз көзқарасыңызды тұжырымдап, дәлелдеңіз. Өз жұбыңызды мұқият тыңдаңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды екі сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға қатысып, пікіріңізді білдіріңіз.	Оқиды. Ойын дәлелдейді. Сұрақ қояды.
Қолдану	2-тапсырма. Мәтінді төмендегі шартты белгілерді қойып, оқып шығыңыз. Не себепті қандай белгі қойғаныңыз туралы айтыңыз, яғни пікіріңізді жазыңыз.	Оқиды. Жазады.
Талдау	3-тапсырма. Мәтінді «Ойлаудың алты қалпағымен» талдау	Талдайды.
Жинақтау	««Ғылыми-техникалық өркениет пен экологиялық мәдениет» деген тақырыпта эссе жазыңдар.	Эссе жазады.
Бағалау	Сөз байлығы маған болашақта қажет. Сөздік қорымды байыту үшін мен біріншіден ..., екіншіден ... және т.б. жасап еңбектенемін.	Ойларын айтады.
Рефлексия	Бүгінгі сабақтағы жұмыс бағыттары туралы «Көргендерім мен түйгендерім»	Оқушылар жартылай түсінгендерін,

	тақырыбында жеке стикерлер толтырып тақтаға жабыстыру	түсінбегендерін жазып, плакатқа жапсырады.
--	--	---

Тақырыбы 24	Ишара, қимыл, дауыс, сөйлеу ырғағымен сөз сөйлеу тыңдармандар сезімдеріне әсер ету жолы	
Мақсаты:	Сөйлеу мәнері, ырғақ, тыныстау, дикция арқылы мәнерлі сөйлеуге үйрену. Топта, рөлге еніп, сөйлеу әдебін сақтап сөйлеу. Балалардың санасына, мотивіне, сезіміне әсер етіп оны қалыптастыру.	
Күтілетін нәтиже	Сөйлеу мәнері, ырғақ, тыныстау, дикция арқылы мәнерлі сөйлеуге үйренеді. Топта, рөлге еніп, сөйлеу әдебін сақтап сөйлейді. Балалардың санасына, мотивіне, сезіміне әсер етіп оны қалыптастырады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Интерактивті тақта, кестелер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ишара, қимыл, дауыс, сөйлеу ырғағымен сөз сөйлеу не үшін керек деп ойлайсыңдар?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Сөйлеушінің ым-ишара, қимыл-қозғалысын, ойды дәл, нақты жеткізудің көмекші құралы болса, екіншіден, орынсыз, артық, жөнсіз қолданылса, тыңдаушыларына кері әсер етеді. Қорыта келгенде жұрт алдында сөйлеуде: - дауыс ырғағына, интонациясына, дауысты сан түрлі құбылтуға; - сөйлемнің эмоционалды бояуына; - сөйлеу темпіне; - дауыс күшіне; - сөздерді орфоэпия нормасына сай қоюға; - қимыл-қозғалыс, ым-ишараны орнымен қоя білуге назар аударылуы керек. Қай уақытта қатты сөйлейміз? Қай уақытта ақырын, сыбырлап сөйлейміз? Мысал келтіріңдер	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	Негізгі сөзді дауысты төмендете, көтеріп, тыныс алу, мағыналық, логикалық ой белгісі арқылы оқымаса, басқа адам сені түсінбейді. 2-тапсырма. Сөздердің айтылуы мен жазылуын	Оқиды.

	салыстырып оқыңдар. Мақал-мәтелдерді тез және ақырын оқыңдар. Сұрақтарға логикалық екпінді қойып, бірнеше нұсқада жауап бер. Сен ертең апанды күтіп аласың ба? Сұрақтарға жауапты дұрыс беру үшін сөйлемді дұрыс оқыңдар. Ертең циркке кім барады? Балалар циркке қашан барады? Ертең балалар циркке барады ма? Балалар ертең қайда барады? «Ертең балалар циркке барады».	Сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	3-тапсырма. Төмендегі сөздерді тұрақты тіркестермен ауыстырып сөйлем құрастырып жазыңдар және ишара, қимыл, дауыс, сөйлеу ырғағымен оқыңдар. Белгілі, үндемеу, ұйықтамау, тез, ұялу, балағаттау, әдемі, ойламау, қорқу, алыс, жақын, сөзшең, таза, жас, өтірік, шын, мейірімді.	Сөйлем құрастырып жазады. Оқиды.
Талдау	4-тапсырма. 6 түрлі интонациямен (қайғыру, қуану, таң қалу, көңілсіз, ренжумен) оқыңдар. 1) - Бала, әжеге орын берші! -Отырыңыз (көңілсіз түрде) (бұл сөз құлаққа жағымды естілді ме? Неге? 2) -Алия, не істеймін?! Менің телефонымды ешкім істей алмайтын шығар? -Сенде енді керемет телефон болмайтын болды.(күлкілі кейіппен) Қыздың досы үшін көңілі түсіп тұр ма? Неге олай ойлайсыңдар? Сценаны мағыналы түрде оқы.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Оқиды.
Жинақтау	Қорытынды сұрақтарға жауап береді.	Сұрақтарға жауап береді.
Бағалау	Ишара, қимыл, дауыс, сөйлеу ырғағымен сөз сөйлеуді түсіндім, енді	Ойларын дәлелдеп айтады.
Рефлексия	Б. Нені білдім Б. Білгім келеді Нені білдім	Өздерінің тағы нені білгісі келетіндері туралы жазады.

Тақырыбы 25	Ресми іс-жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі
--------------------	---

Мақсаты:	Іс-жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі туралы түсінік беру, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру. Ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру.	
Күтілетін нәтиже	Іс-жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі туралы түсініп, теориялық білімдерін практикамен ұштастырады. Ізденімпаздық қасиеттері қалыптасады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, шығармашылық іздену	
Қолданылатын ресурстар	Кеспе қағаздар, тірек сызбалар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Ресми іс-жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі дегенді қалай түсінесіңдер?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріп, мазмұнын айту.	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап беріп, мазмұнын айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұраулы сөйлемдер құрастыру, өзара сөйлесу, мазмұнын айту, мәтін бойынша түрлі тапсырмаларды орындау. Мәтіндегі ресми іс жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігін табу.	Оқиды. Сөйлеседі. Тапсырмалар орындайды.
Қолдану	3-тапсырма. Ресми іс-жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу тақырыбында мәтіндер жазу.	Жазады. Оқиды.
Талдау	4-тапсырма. Мәтіндер стилін анықтап, ерекшелігін талдау. Ресми іс-жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасына ассоциация жасап әңгімелеу немесе диалог құрастырып, өзара сөйлесу. Салыстыру, сипаттама беру. Осы стильдерде әдепті сөйлеу үшін өз ұсыныстарын айтады және дәлелдеп мысал келтіреді.	Талдайды.
Жинақтау	Қорытынды сұрақтарға жауап беру	Сұрақтарға жауап береді.
Бағалау	Ресми іс-жүргізуде және ғылыми сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігін үйреніп жүрмін, себебі ...	Ойларын ортаға салады. Түсіндіреді.
Рефлексия	-Оқушылар, бүгінгі сабақта не үйрендік? Сабақтың қай тұсы қызықты болды?	Оқушылар рефлексия жасайды.

Тақырыбы 26	Публицистикалық сала қарым-қатынасындағы сөйлеу этикеті ерекшелігі
Мақсаты:	Публицистикалық стиль туралы алған білімдерін байқау. Оқушыларды

	шығармашылыққа баулу, топ алдында еркін сөйлеу , пікір қорғау дағдысын дамыту.	
Күтілетін нәтиже	Публицистикалық стиль саласында алған білімдерін бекітеді. Оқушылар Шығармашылықпен жұмыс істеп, топ алдында еркін сөйлейді, пікірлерін қорғайды.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, түсіндірмелі,баяндау	
Қолданылатын ресурстар	Интерактивті тақта, кітаптар, суреттер.сызба	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Поэма тыңдайды. Ақынның поэмасындағы негізгі арқау болған тақырып не?	Тақырып:Сұлулық, Махаббат,,Зұлымдық
Білу	1-тапсырма. Публицистикалық стильде жазылған шығарманы тыңдап, сұрақтарға жауап береді, тест тапсырмасын орындайды.	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып шығу мақала не туралы жазылған ? «Мазмұнына тоқталып кету» мақала қандай стильде жазылған ? Оның стильдік ерекшелігі неден көрініп тұр ? Мақала авторы туралы ойларыңды жазыңдар.	Оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Жазады.
Қолдану	3-тапсырма “Арман – адам қанаты” деген тақырыпта шығарма жазыңыз.Алдыңызға қандай мақсат, жоспар қойып отырысыз?	Жазады.
Талдау	4-тапсырма. Мәтінді талдау. Жақсы адамға берер мінездемеңіз (Бес сын есім) Өзіңізден осы қасиеттер табыла ма? Өзіңіздің алдағы жеңістеріңіз туралы не айтар едіңіз? Құпия сырыңыз бар ма? Оны кіммен бөлісер едіңіз? Ережені іштерінен оқып шығып, өз түсінгендерін ортаға салғызу; Ережені талдату және . Сізден оқырмандарға әдемі тілек.	Талдайды. Сұрақтарға жауап жазады.
Жинақтау	“Аталы сөзді айта біл!” немесе “Мақал – сөздің мәйегі”тақырыбына өз таңдауларыңмен мақала жазыңдар.	Жазады.
Бағалау	Егер мен автор болсам... анаға өтірікші көріпкелге сенбе дер едім, себебі ...	Оқушылар ойларын ортаға салады.
Рефлексия	Стикерге жазыңдар.	Не қиын болғанын, нені

	Не оңай болды? Не қиын болды? Не білгіңіз келді?	білгісі келетіндерін стикерге жазып, плакатқа жапсырады.
--	--	--

Тақырыбы 27	Сөз сөйлеуге психологиялық-физиологиялық тұрғыдан дайындық	
Мақсаты:	Жұрт алдында сөйленетін сөздің құрылымы туралы білім бере отырып, тілдерін, сөздік қорларын, сыни көзқарастарын дамыту, адамгершілік қасиеттердің құндылығы туралы біліктерін шыңдау.	
Күтілетін нәтиже	Жұрт алдында сөйленетін сөздің құрылымын білудің маңыздылығын түсінеді, тілдері, сөздік қорлары, сыни көзқарастары дамиды, рефлексия жасайды, адамгершілік қасиеттердің құндылығын сезеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	АКТ, СТО, Жеке жұмыс, іздену, талдау.	
Қолданылатын ресурстар	Үлестірмелі материалдар, интерактивті тақта, слайд, өлең мәтіні.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Жұрт алдында сөз сөйлеуге психологиялық дайындық дегеніміз не? Нақты сөзге, күнделікті сөзге дайындық дегеніміз не? Қол бастау қиын емес, Шабатын жерден ел табылады, Ел бастау қиын емес, Қонатын жерден көл табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ,- деген екен Бұқар жырау.	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді, мазмұнын айтады, тест тапсырмасын орындайды.	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Мазмұнын айтады. Тапсырма орындайды.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, жоспар құрыңыздар: Жоспар бойынша мәтін мазмұнын әңгімелеңдер. Мәтінге қатысты тапсырмалар орындаңдар.	Оқиды. Жоспар құрады. Әңгімелейді. Тапсырмалар орындайды.
Қолдану	3-тапсырма. Өзекті тақырыпта мақал-мәтелдерді қатыстырып, мәтін құрастырып, сынып алдында сөз сөйлеп қорғау. Мақал-мәтелдердің сыңарын тауып, тақырыптарын атаңыз, сәйкестендіріңіздер.	Мәтін құрастырады. Қорғайды. Мақал-мәтелдерді сәйкестендіреді.
Талдау	4-тапсырма. Мәтінге талдау жасау. Сөйлемдерге синтаксистік талдаулар жасау: Сен өзіңнің жағымды, жағымсыз	Талдайды.

	қасиеттеріңді тани біл. Өзіңнің кемшіліктеріңді жеке басыңның туа біткен қасиеттері деп санама, оны жоюға тырыс. Өз әрекеттерің туралы сыннан қорытынды шығар, бірақ өз басыңды сынауға жол берме.	
Жинақтау	Тақырыпқа байланысты пікірталас	Сөйлеседі.
Бағалау	Көпшілік алдында сөз сөйлей беру керек, ...	Ойларын айтады.
Рефлексия	Сабақта қандай жұмыстар жасадық? Не құрдық, не білдік, не үйрендік?	Сұрақтың жауабын жазады. Тапсырады.

Тақырыбы 28	Сөз сөйлеуге жаттығу. Өз-өзіне сенімділігін тудыру	
Мақсаты:	Оқушыларға сөз сөйлеу талаптарын меңгерту. Теориялық білімді практикада қолдану. Сөз сөйлеп дағдылану.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар сөз сөйлеу талаптарын меңгереді. Теориялық білімді практикада қолданады. Сөз сөйлеп дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, баяндау	
Қолданылатын ресурстар	Кескіндер, суреттер, аудио-видео сюжеттер, телефондар.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	«Құнды сөз құнарлы ойдан туады» (Л.Н.Толстой)	Талдайды. Сабақ тақырыбын ашады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, мазмұнын әңгімелеу. Сөз сөйлеуге қойылатын талаптар: сөйлеуге дайындық, білімін көтеру, шыншылдық, мәселені анық білу, жинақылық, аңғарымпаздық, тіл мәдениетін жан-жақты меңгеру керек.	Мұқият тыңдайды. Әңгімелейді. Талаптарды айтады.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырып, өзара сөйлесу, мазмұнын айту, тапсырмалар орындау.	Оқиды. Сұрақтар құрастырып, өзара сөйлеседі.
Қолдану	3-тапсырма. Сөзжарыс. Әр топ мақал-мәтелдің басын айтады, басқа топ жалғасын айтып, мағынасын түсіндіреді.	Мақал-мәтел айтады, мағынасын түсіндіреді.
Талдау	4-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, бұл мақал-мәтелдердің авторы кім екенін айтады. Мағынасын түсіндіреді. Талдайды. Әр топ мақал-мәтел мағынасына ұқсас ойларын	Мақал-мәтел авторын айтады, мағынасын түсіндіреді. Талдайды.

	бірнеше сөйлеммен жазады. 1 топ сөйлемдерін оқығанда, басқа топ сол мақал-мәтелді айтулары керек.	
Жинақтау	5-тапсырма. Пікірталас. Тақырыптарға өз ойларыңды білдіріңдер. Өмірде не қымбат? Байлық пен мансап Денсаулықты сақтау Интернет жүйесі	Ойларын айтып, дәлелдейді.
Бағалау	Әр адамда мәдениетті, көркем сөйлеу үшін	Пікірлерін айтады.
Рефлексия	- нені білдік, нені үйрендік; - не әлі де түсініксіз; - қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет.	Ненің түсініксіз болғанын жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 29	Көркем сөйлеуді ойластыру	
Мақсаты:	Оқушыларды көркем, бедерлі сөйлеуге, ойларын дәл, нақты, жүйелі жеткізе білуге үйрету. Көркем сөздің өмірде қажет екенін ұғындыру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушыларды көркем, бедерлі сөйлеуге, ойларын дәл, нақты, жүйелі жеткізе білуге үйренеді. Көркем сөздің өмірде қажет екенін ұғынады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі, талдау, ой қозғау, сұрақ - жауап	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, маркерлер, интерактивті тақта, стикерлер, смайликтер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Адамдар қалай көркем сөйлеп үйренеді? Көркем сөз (кластер толтырады)	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Образды сөздері тап. долданып құтырған Қоқыштар, Сәрсендер жуан-жуан жақсы киімді, боқтығы күшті үлкендер жиылған. 2. Сөйлемдерде қандай сөздер мол қатысқан? Қызылды-жасылды қылып сәнмен жиылған жақсы үйлерде қалың көрпе, құс жастықтарға көмілген жуан билер, күндіз-түні семізді кертіп жеп, кекірігі азғанша майға бөгіп жатқан. Бұлар, малына індет келген ауылдың иттері сияқты, жоны шығып, құйрығын сыртқа салып, көзі қызарып құтырғандай қанталап, қауып түсетін сияқты түр көрсетеді.	Образды сөздері табады. Жазады. Сұраққа жауап береді.
Түсіну	3. Мәтінге әсерлілік беру үшін не айрықша құрылған?	Жазады. Сұраққа жауап береді.

	- Қарағым, біздің хал-жағдайымыздың шет-жағасын көріп-біліп отырсың ғой, - деп, тағдырдың барлық суығына, зардабына, азабына шыдаған, шыныққан, қайратты, сабырлы синонимдік қатар пішінмен күрсініп алды. - Біз жетім-жесір қалған бейшарамыз. Барлық дүниенің тауқыметін арқалап қалған жас балам - анау. Мен болсам - сарнаған тілімнен басқа түгім қалмаған, қайратым қайтқан, бір аяғым көрде, бір аяғым жерде тұрған қураған бір кемпірмін. Екі көзін алып, құдайым мүгедек қылып қойған келінім - анау. Өзіне күтуші керек қылып отырған ол - бір сорлы. (М. Әуезов) 4. Шығарма тартымды болу үшін нелер барынша көп жұмсалған? Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтығып тыңдайтын. (М.Әуезов) 5. Осылардың бәрі қандай амал-тәсілдерді ерекше қиыластырып қолдану арқылы берілген?	
Қолдану	«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қырдың суы секілді тез суалар» деген Абай сөзінің мағынасын түсіндіріп, еңбек тақырыбына көркем сөздерді пайдаланып, шағын әңгіме жаз.	Абайдың сөзінің мағынасын түсіндіреді. Әңгіме жазады, оқиды.
Талдау	Досына көркем сөзбен портреттік сипаттама беру. «Менің қалам – Астана» тақырыбына постер жасау.	Портреттік сипаттама береді. Постерді қорғайды.
Жинақтау	«Елордасы – Астана» тақырыбына эссе жазу.	Эссе жазады. Оқиды.
Бағалау	Ортада құрметті болу үшін мәдениетті, мақал-мәтелмен сөйлеп, сауатты жазып үйреніп жүрмін. Себебі ...	Ойын айтады. Түсіндіреді.
Рефлексия	Оқушылардан бүгінгі сабақ бойынша пікірлері сұралады.	Пікірлерін айтады.

Тақырыбы 30	Жұрттың алдында сөз сөйлеуге психологиялық дайындық
Мақсаты:	Оқушыларды жұрт алдында сенімді түрде сөз сөйлеуге дайындау. Өз бетімен дайындалып, талапқа сай баяндама жасауға үйрету.
Күтілетін нәтиже	Оқушылар жұрт алдында сенімді түрде сөз сөйлей алады. Өз бетімен дайындалып, талапқа сай баяндама жасайды.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі, талдау, ой қозғау, сұрақ-жауап
Қолданылатын ресурстар	Слайд, маркерлер, интерактивті тақта, стикерлер, смайликтер

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Жұрттың алдында сөз сөйлеуге қандай дайындық керек?	Сұраққа жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Сөз сөйлегенде қобалжымау үшін не істеу керек екенін айтады. Қатты ойланбау керек Өзіне-өзі сену керек Психологиялық дайындық керек Көңіл-күйі мен сезімін билей алу керек	Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, көтерілген басты мәселені анықтаңыз. Өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дамытып, дәлелдеңіз. Өз жұбыңызды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын екі сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз	Мәселені анықтайды. Көзқарасын тұжырымдайды, дәлелдейді.
Қолдану	3-тапсырма. Берілген мәтінді сынып алдына шығып сенімді түрде және жақсы көңіл-күйде оқиды және мағынасын өз сөзімен көркем түрде жеткізеді.	Оқиды.
Талдау	4-тапсырма. Жұрттың алдында сөйлеген сөздің тартымды, тартымсыз болуының және оның себептерін жазу. Жұрттың алдында сөйлеген сөз тартымсыз болады, егер ... Жұрттың алдында сөйлеген сөз тыңдаушыларды еліктіріп, ойына қозғау салады, тартымды болады, егер ...	Жазады. Оқиды.
Жинақтау	5-тапсырма. Сабақты «Ойлаудың алты қалпағы» бойынша талдайды. Ақ - сабақ мазмұны бойынша фактілерге тоқталады. Қызыл - сабақ барысындағы өз көңіл-күйін жеткізеді. Сары - позитивті пікір не жақсы өтті, неге? Көк - қорытынды пікір айтады. Қара - негативті пікір, ұнамсыз тұстарына, тапсырмаларға тоқталады. Жасыл - сабақта алған ақпаратты қайда қолдануға болады деген сұраққа жауап іздейді.	Талдайды.
Бағалау	Ортада құрметті болу үшін мәдениетті, мақал-	Ойын айтады.

	мәтелмен сөйлеп, сауатты жазып үйреніп жүрмін. Себебі ...	Түсіндіреді.
Рефлексия	Бүгінгі сабақтағы жұмыс бағыттары туралы «Көргендерім мен түйгендерім» тақырыбында жеке стикерлер толтырады.	Жазған ойларын тақтаға жабыстырады.

Тақырыбы 31	Рефератты қорғап сөз сөйлеуді бағалау критерийі: мазмұндылығы	
Мақсаты:	Рефератты қорғап сөз сөйлеуді бағалау критерийін жасай алу. Мазмұндылығын түсіндіру. Бағалау критерийі бойынша бірін-бірі бағалауға үйрету.	
Күтілетін нәтиже	Рефератты қорғап сөз сөйлеуді бағалау критерийін жасай алады. Мазмұндылығын түсіндіреді. Бағалау критерийі бойынша бірін-бірі бағалауға үйренеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, иллюстрациялық түсіндіру	
Қолданылатын ресурстар	Слайд, тақырыпқа сәйкес кітаптар, буклеттер, альбомдар, суреттер, интерактивті тақта.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Реферат дегеніміз не? Реферат талабы қандай болу керек? Рефератты қалай рәсімдеу керек? Неге? Реферат мазмұны қалай боуы керек? Рефератты қалай талдауға болады? Рефераттың бағалау критерийін жасаңдар.	Сұрақтарға жауап береді.
Білу	1-тапсырма. Қазіргі кездегі өзекті мәселе қандай? Сол өзекті мәселені тақырып қылып алып, сол тақырыпқа қатысты материалдар жинаңдар, зерделендер.	Тақырып таңдайды. Материалдар жинайды. Оқиды.
Түсіну	2-тапсырма. Рефератты жүйелендер, іріктендер, талапқа сай жазыңдар.	Жүйелейді. Іріктейді. Жазады.
Қолдану	3-тапсырма. Әр оқушы жазған рефераттарын оқиды. Басқа оқушылар тыңдап, жазып алып отырады.	Оқиды. Тыңдайды. Жазады.
Талдау	4-тапсырма. Әр оқушының оқыған рефераттарын талдап, сұрақтар қойыңдар, ұсыныстарыңды айтыңдар, ойларыңды дәлелдендер.	Талдайды. Ұсыныстарын айтады. Дәлелдейді.
Жинақтау	5-тапсырма. Әр оқушының рефератының жақсы	Бағалайды. Дәлелдейді.

	жағы мен кемшіліктерін айта отырып, бағалаңдар.	
Бағалау	Реферат, баяндама жаза білу қажет, себебі	Ойларын айтады.
Рефлексия	Смайликтер Барлығы түсінікті; Жартылай түсінікті; Түсінген жоқпын.	Оқушылар жартылай түсінгендерін, түсінбегендерін жазып, плакатқа жапсырады.

Тақырыбы 32	Тілдік нормаға сәйкес критерий	
Мақсаты:	Оқушылардың танымдық қасиетін дамыту, ауызекі тілде еркін сөйлеуге мүмкіндік жасау, ой-өрініс кеңейтуге бағыт-бағдар беру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылардың танымдық қасиеттері дамиды, ауызекі тілде еркін сөйлеуге мүмкіндік алады, ой-өрістері кеңейеді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Баяндау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Тірек сызбалар, кестелер, кәртішкелер	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Тілдік нормаға сәйкес критерий (кластер жасау)	Кластер жасайды
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тест тапсырмасын орындау. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Ол тәртіпті орнататын да, оның иінін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтар бар. Тілдік норма әдеби тілдің нормасы арқылы реттеліп отырады.	Тыңдайды. Тест тапсырмасын орындайды.
Түсіну	1-тапсырма. Тілде белгілі бір ұғымның бірнеше сөзбен аталатын сөздерді табу. Жазушы-...; Екінші- ...; Мұғалім- <u>Жазушы, мұғалім, оқытушы</u> әдеби тілдің барлық	Жазады. Түсіндіреді.

	тармақтарына тән қандай сөздер? <u>Қаламгер, суреткер, ұстаз</u> – қандай стильге тән? Баспасөз беттерінде қандай сөздер айту күшейді: Астық - алтын дән, көмір - қара алтын, Конституция - Ата Заң, теледидар-көгілдір экран, президент-елбасы, т.б.	Сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	2-тапсырма. Төменде берілген тіркестерге мағыналық талдау жасаңыздар, тілдік нормаға сәйкес келетінін, келмейтінін ажыратыңыз. Сөйлемдер құрастырыңдар. Тілдік нормаға критерий жасап, сөйлемдердің тілдік нормаға сәйкестігін бағаландар. Пышағы өткір Тура мағына, өткір пышақ + Сөзі өткір Тіл шешен адам, ауыспалы мағына Көзі өткір Ауыспалы мағына, көреген адамдар. Қолы өткір Ауыспалы мағынада Мінезі ауыр	Талдайды. Сөйлемдер құрастырады. Критерий жасайды.
Талдау	3-тапсырма. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбында мәтінді оқып, талдандар. Тілдік нормаға сәйкес критерий: «Қазіргі жаһандану заманында үш тілді білу - міндет» деген пікірмен келісесіз бе? Келісу, келіспеу себептерін көрсет. Қазақ тілінде көркем сөйлеу үшін не істеу керек? Өз ұсыныстарыңды айтыңдар, мысал келтіріп дәлелдеңдер.	Оқиды. Талдайды. Келісу, келіспеу себептерін көрсетеді.
Жинақтау	«Мен үш тілді үйреніп жүрмін» деген тақырыпта эссе жазу.	Эссе жазады.
Бағалау	Тілдік нормаға сәйкес критерий бойынша сөйлеймін, жазамын, себебі ...	Ойларын жазады.
Рефлексия	Бас бармақ – мен түсіндім Балаң үйрек – мен білгім келеді Ортаң терек – маған қиын болды Шылдыр шүмек – мен тапсырманы түсіндім Кішкентай бөбек - мен тырысамын	Оқушылар білгісі келетіндерін, ненің қиын болғанын жазады, плакатқа жапсырады.
Тақырыбы 33	Сөйлеу тілінің әрекеттестік жетістігін қатысқандармен рефератты талқылау	
Мақсаты:	Оқушыларға рефератты талқылай білуге үйрету. Оларды ойларын түсінікті,	

	дәл, нақты, жүйелі, көркем жеткізе білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар рефератты талқылай білуге үйренеді. Олар ойларын түсінікті, дәл, нақты, жүйелі, көркем жеткізе білуге дағдыланады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндіру, талдау, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Суреттер, газеттер, бүктемелер, ребустар	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылықты ояту	Шығармаға отырар алдында тәуекелге бел байлаған әрбір кісіге таланттан басқа тағы да екі нәрсе керек еді: бірі - білім, екіншісі — тәжірибе. (Ө. Нұрпейісов).	Оқиды. Түсінгендерін айтады.
Білу	1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұраққа жауап береді. Әлиза — бұдан бұрын да тоғыз баласы өлген әйел; алты ұл, үш қызы үй сыртындағы кара молада. Андрей — бауырмал, балықшыларды көрсе үйіріле кететін кішіпейіл жан. Жайраңдап күліп жүреді. Қазақтар оның ибалылығын ұнатып, оны өздерінің адамындай көріп: «Біздің сары бала» деп іш тартып тұрады. Қағаз тапса, сурет салатын өнері бар жігіт. Федоров — бай, мінезіне қарай ел арасына «Тентек Шодыр» атанған, түсі суық, еңгезердей ірі кісі. Қол - аяғы ұзын, үнемі ашулы жүреді. Еламан — балық аулайтын кедей кісі. Бетін үсік шалған, қап - кара. өзін Федоров қанша ұрса да былқ етпейтін қайсар жігіт.	Тыңдайды. Сұраққа жауап береді.
Түсіну	2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Репеті — түрі, ыңғайы. Қаратаз - болыстың есімі. Сұрақтарға жауап беріңдер. Федоровты Еламан өлтіргенде қандай ойда қалдыңдар? ә) Бұл әңгімені қалай атар едіңдер? Кейіпкерлерге мінездеме жазып, мазмұнын әңгімелеңдер.	Жазады. Сұрақтарға жауап береді. Мінездеме жазады. Әңгімелейді.
Қолдану	Сұрақ - жауап. I топ.1) Кемедегінің жаны бір. 2) Әлиза әйелдің қайғысы. 3) Қадақ, гірдегі асымдық балықтар. 4) "Біздің сары бала". 5) Еламан өтініші. II топ.1) Жалмұраттың көмегі. 2) Дауыл кезіндегі қарбалас.	Сұрақтарға жауап береді.

	3) Ұйқысыз өткен түн. 4) Федоровқа тиген сүймен. 5) Өмір мен өлім. 6) Райдың қорқынышы.	
Талдау	Арал туралы рефератты оқу. 2. Салыстыру кестесі: Федоров ----- Еламан Орыс ----- Қазақ Өркөкірек -- Көпшіл Өзімшіл ----- Мейірімді Қатал ----- Бауырмал Жанашыр емес ----- Әділетті	Оқиды. Салыстырады.
Жинақтау	"Бес жолды өлең" 1. Балықшылар. 2. Еңбекқор, момын. 3. Аулайды, өткізеді, еңбектенеді. 4. Балықшылар өмірінің ауыр кезі. 5. Қазақтар	Өлең құрастырады.
Бағалау	Рефераттың жазылуын талдай білген, жинаған туындылардан негізгіні ала білуге үйретеді, себебі....	Ойларын айтып, дәлелдейді.
Рефлексия	Сұрақ (Бүгінгі сабақ ұнады ма?) Қосымша сұрақ (Бүгін не білдіңдер?) Сенім білдіру (Өздеріңе сендерсіңдер деп сенемін).	Сабақтан алған әсерін айтады. Көңіл күй смайликтеріне стикерлерді орналастырады

Тақырыбы 34	Бақылау жұмысы. Тест	
Мақсаты:	Реферат туралы алған білімдерін бекіту. Рефератқа материалды іріктей білуге, рәсімдеуге үйрену. Тақырыпқа қатысты тест тапсырмасын орындай алу.	
Күтілетін нәтиже	Реферат туралы алған білімдері бекиді. Рефератқа материалды іріктей алады, рәсімдеуге үйренеді. Тақырыпқа қатысты тест тапсырмасын орындай алады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Әңгімелеу, сұрақ-жауап	
Қолданылатын ресурстар	Суреттер, газеттер, бүктемелер, кесте	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. Қызығушылық	Реферат туралы (кластер жасау)	Кластер жасайды

ты ояту		
Білу	1-тапсырма. Ойды жалғастырыңдар. Реферат дегеніміз Рефератты дайындау кезеңдері .. Реферат жоспары Рефератты рәсімдеу ...	Ойды жалғастырады.
Түсіну	2-тапсырма. Рефератты дайындай білу 1.Оқушылардың дайындаған рефераттарын талдау. Рефераттың құрылымы мен мазмұнына ерекше көңіл бөлу.	Рефератты дайындайды. Талдайды.
Қолдану	3-тапсырма. Лингвистика тақырыбына реферат жазу. Лингвистика туралы материалды кітаптан, мақалалардың іздеп жазады. Рефератты рәсімдейді.	Жазады. Рәсімдейді.
Талдау	4-тапсырма. Рефератты оқып талдайды. Рефератты сипаттайды. Жақсы және нашар жазылған рефератты салыстырады. Ерекшелігін айтады. Рефератты жетілдіруге өз ұсынысын айтады. Мысалдар келтіріп дәлелдейді.	Оқиды. Талдайды.
Жинақтау	5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Рефераттың мазмұны тақырыпқа сай ма? Тақырып толық ашылды ма? Мәліметке толық қорытынды жасалды ма? Негізгі талапқа толық сәйкес келе ме? 6-тапсырма. Тест тапсырмасын орындайды.	Сұрақтарға жауап береді
Бағалау	Рефератты талапқа сай жаза білу керек, себебі ...	Ойды аяқтайды.
Рефлексия	Не оңай болды? Не қиын болды?	Сабақта ненің оңай, ненің қиын болғаны туралы айтады.

Тақырыбы 34	Қайталау	
Мақсаты:	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі материалдарын жүйелеу, қорытынды шығару; Көркем сөйлеулерін, сауатты жазуларын жетілдіру.	
Күтілетін нәтиже	Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі материалдарын жүйелеп, қорытынды шығарады; Көркем сөйлеп, сауатты жазуларын жетілдіреді.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сөздік, жаттығу, сұрақ - жауап, көрнекілік, талдау.	
Қолданылатын ресурстар	Билердің портреттері; Шешендік сөздер жинағы; Сюжетті суреттер; Кестелер, сызбалар, үлестірмелер.	
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі.	Он сұрақ ойыны. Өткен тақырыптарға қатысты әр топ бір-бірлеріне сұрақтар қойып, жауап береді.	Сұрақтар қояды. Жауап береді.

Қызығушылықты ояту		
Білу	1-тапсырма. «Қазақ тілі» туралы мәтін тыңдап, тест тапсырмасын орындайды. Ойды аяқтандар. Дұрыс сөйлеу дегеніміз ... Дәл сөйлеу дегеніміз ... Логикалық байланыспен сөйлеу дегеніміз Анық сөйлеу дегеніміз ... Қарапайым тілмен сөйлеу дегеніміз ... Мәнерлі сөйлеу дегеніміз ...	Тыңдайды. Тест тапсырмасын орындайды. Ойды аяқтайды.
Түсіну	2-тапсырма. «Қазақ тілі» мәтініне ашық және жабық сұрақтар дайындау. Өзара сөйлесу. 3-тапсырма. Төмендегі әдеби тілге жалпайтын сөздердің астын сызып, сөйлем құрастырыңдар. Қайың, бейқұт, асық, жасық, жала, бышырлату, кәрлен кесе, қазы, әдемі, саң, мұра, шақалақ, шақат, ада қылу. Оқушылар тапсырманы орындайды, топ ішінде талқылайды.	Ашық, жабық сұрақтар дайындайды. Жазады. Сөйлем құрастырады. Талқылайды.
Қолдану	4-тапсырма. Есеп беру жазу. Мен ана тілінде көркем сөйлеуге қалай машықтанып жүрмін? деген тақырыпта есеп беру жазыңдар. 5-тапсырма. Мәтін құрастыру. Әр айтылған сөз – ол мәтін. «Мәтінді жетілдіру керек пе?» деген тақырыпта мәтін құрастырады.	Жазады. Мәтін құрастырады.
Талдау	6-тапсырма. «Мәтінді жетілдіру керек пе?» деген тақырыпта құрастырған мәтінді оқиды, талдайды. Мәтінге анықтама береді. Ерекшелігін айтады. Мәтінді жетілдіру үшін өз ұсыныстарын айтады. Мысал келтіріп дәлелдейді. 7-тапсырма. Тіл туралы мақал-мәтелдер айтып жарысады.	Оқиды. Талдайды. Мақал-мәтелдер айтады.
Жинақтау	«Қазақ тілі - Отанымның тілі» атты тақырыпта эссе жазу.	Эссе жазады.
Бағалау	Мен өз ойымда жетілдіріп, шешен сөздерді пайдаланып, ойымды көркем жазуға үйренуім керек, себебі ...	Пікірлерін, шешендік сөздерді пайдалану себебін айтады.
Рефлексия	Мен.... таныстым...;маған оңай болған жоқ. Ерекше ұнағаны...;рахмет айтамын. Мен болашақта...; ..жазып көремін. Келер күнге тілегім....	Тақырыптан қиын болған жерін айтып жазады, плакатқа жапсырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазіргі қазақ тілі». Ғ. Қалиев, Н. Оралбаева, Б.Қасымов, Б.Шалабаев, О. Төлегенов, Алматы «Ана тілі». 1997ж.
2. «Практикалық қазақ тілі». Н. Оралбаева, Т.Әбдіғалиева, Б.Шалабаев, Алматы «Ана тілі». 1993ж.
3. «Тіл мәдениеті». Г.Сүлейменова. Астана «Фолиант» баспасы. 2007 ж.
4. «Қазақ тілі». С.Исаев, Г. Қасымова, Алматы «Атамұра». 2003ж.
5. «Қазақ тілі» С.Аманжолов, А.Аманжолов, Г. Қасымова, Алматы «Мектеп». 2000ж.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті журналдары – 2018-2020жж.;
7. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. М. Айтбекова. №3, 2005 ж.
8. «Нәтижеге бағдарланған білім беру мазмұнын дамытудың тұжырымдамалық негізі».